

АЛАШ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛДАСПАНЫ



ПАВЛОДАР

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Торайғыров университеті» КеАҚ

А. Ф. Зейнулина

АЛАШ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛДАСПАНЫ

Монография

Павлодар
Torayghyrov University
2025

ӘОЖ 821.512.122/0
ҚБЖ 83.3(5Қаз.)
3-41

«Торайғыров университеті» КеАҚ
Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды
(2015 жылдың 26 маусымнан №13 хаттама)

Пікірсарапшылар:

Б. С. Рахимов – Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Б. Сағындықұлы – Павлодар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы;

Н. Қ. Жүсіпов – Торайғыров университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

А. Ж. Анесова – PhD, Торайғыров университетінің қауымдастырылған профессоры.

Зейнулина А. Ф.

3-41 Алаш әдебиетінің алдаспаны: монография / А. Ф. Зейнулина,
– Павлодар : Toraighyrov University, 2025. – 125 б.

ISBN978-601-345-673-7

Аталмыш монографияда өз оқырманына Алаштың бір туар қайраткері, көркем сөз зергері, аудармашы, ғалым – педагог, драматург, публицист Жүсіпбек Аймауытовтың қаламгерлік шеберлігін таныту мақсатында жазылған зерттеу материалдары ұсынылып отыр.

Ж. Аймауытов шығармашылығының көркемдік тегеуріннің қуаттылығы, идеялық ұстанымдарының сонылығы, сөз қолданудағы шеберлігі Жүсіпбек шығармаларының өміршеңдігіне кепілі ретінде көпшілік оқырмандар мен зерттеушілер танымдық және тағылымдық еңбек ретінде пайдалануға болады.

ӘОЖ 821.512.122/0
ҚБЖ 83.3(5Қаз.)

ISBN 9789-601-345-673-7
© Зейнулина А. Ф.? 2025
© Toraighyrov University, 2025

Материалдың дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық қателерге
авторлар мен құрастырушылар жауапты



КІРІСПЕ

Уақыт шындығын, халқының қилы тағдыры мен толғанысын, таланты мен талғамын, заңдылығы мен қажеттілігін түрлі көркемдік үлгіде бейнелеген әдебиетіміздің салмақты да сара жолы, жауапты жолы проза үлесінде, ал, ақиқатында роман жанры атқаратыны белгілі.

Прозаның бүгінгі толысқан жағалауы кеңейген шағына жетуі үлкен бір тарихты, алып асуды, зор ізденісті қажет етеді. Көркем әдебиетімізде, оның ішінде қазақ романының өсу, даму, беку жолына, жүріп өткен тарихына, беталысы мен басты бағытына, ондағы дүниеге келген дәстүр мен жаңашылдыққа, кейіпкер сипаттарының болмысына, реализм, халықтығы сияқты түбегейлі мәселелер қаралды.

Қазақ романы туралы ерекше құнды пікірлерді, қажетті ескертпе – нұсқаруларды, терең ой, болжамдарды Ә. Бөкейханұлы, С. Сейфуллиннің, І. Жансүгіровтың, М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтың әр кезеңдегі мақалаларынан, ғылыми-әдеби еңбектерінен оқимыз.

Қазақ әдебиетінің тағдыры мен келешегін ойлап, оның даму, жетілу үрдісіне өлшеусіз үлес қосқан, оның ішінде проза, драматургия, поэзия дамуының сыр-сипатына үлкен көрегендікпен, жауапкершілікпен назар аударған ғалым-жазушы М. Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» (1959 ж.), «Уақыт және әдебиет» (1962ж), С. Мұқановтың «Өсу жолдарымыз» (1960 ж.), «Жарқын жұлдыздар» (1964 ж.), Қ. Жұмалиев «Әдебиет теориясы» (1964 ж.), Е. Ысмайылов «Абай» романы жайында тұңғыш талдауы», «Сын және шығарма» (1960 ж.), «Жаңа белесте» (1962 ж.), М. Қаратаев «Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы» (1957 Ж.), Т. Нұртазин «Жазушы және өмір» (1960 ж.), «Б.Майлиннің творчествосы» (1966 ж.), С. Қирабаев «С. Сейфуллин» (1965 ж.), «Ғ. Мұстафин» (1958ж.), «Ж. Аймауытов» (1993ж.), З.Кедрина «Из живого источника» (1960 ж.), Ы. Дүйсенбаев «М. Әуезов шығармашылығы» (мақалалар мен естеліктер), (1974 ж.), М. Дүйсенов «Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі» (1967 ж.), Б. Шалабаев «История казахской прозы» (1968.), «Қазақ романының тууы мен қалыптасуы (1990 ж.), А. Нұрқатов «Идея және образ» (1962 ж.), М. Хасенов «Ұнамды образ және типтендіру» (1966 ж.), З.Қабдолов «Сөз өнері» II том (1983ж.), Р. Бердібаев «Әдебиет және өмір» (1964 ж.), «Роман және заман» (1967 ж.), Н. Ғабдуллин «Замандас келбеті» (1972 ж.), Ш. Елеуенов «Казахский роман и современность» (1968 ж.), З. Ахметов «Современное развитие и традиции казахской литературы» (1978 ж.), Р. Нұрғалиев «Айдын» (1985 ж.), Алаштанушы ғалымдар Т. Жұртбай

«Ұраным – Алаш!..» атты 3 томдық (2008-2011) іргелі зерттеу еңбегі мен «Алаш ақиықтары» атты сирек деректер жинағының мен А.Ісмақова «Алаш әдебиеттануы» (2017 ж.) атты ғылыми сын-мақалаларының жинақтары мен монографиялары әдебиет танудың заңды табыстары ретінде қабыл алынды.

Әдебиеттің даму үрдісінде әр жанрдың өзіне лайықты айналымы, икемі, талап-талғам өлшемі, қалыпты мүмкіншілігі, өз ішкі табиғатынан туындайтын ерекшелігі болатыны мәлім. Соның ішінде әдебиет орбитасындағы роман жанры да күрделі тұғырымен дараланады.

Романдағы суреттелетін оқиғалардың, ондағы шиеленістердің қызықтылығын, әдемі тартымдылығын айқындайтын – өмір шындығы, тартыс үстінде өскен образдардың іс-амалдарын, сол өмір шындығына сай көрсете білумен байланысты.

Шын мәніндегі роман жанры – көркем сөздің биік шыңы. Романның өзіне тән ерекшеліктерінің бірі – қатысушы адамдарының саны көп болуымен қатар, олардың әр алуан қарым-қатынастарда болуы және сол қатысушылардың өсу жолдарын, мінездерінің қалыптасуын, оның себебін мол қамтып, терең ашуда болып табылады.

Романның өмір шындығын кең суреттеудегі ролі айрықша. Роман эпостық жанрдың басқалармен салыстырғанда, өмірді, оның әр алуан құбылыстарын, адамдардың аралығындағы қарым-қатыстарды кең қамтып, терең суреттейді.

Романда оқиғаны баяндау тәсілінің әр алуан түрлерін қолдануға, сюжет желісін еркін өрістетіп, тақырыпты әр қырынан ашуға мол мүмкіндік бар. Шығарма құрылымында, композициясында жарасымды сәйкестіктер, әсерлі, мағыналы шендестірулер, бірде ойшыл, бірде сыршыл сарындар өзара жымдасып, сабақтастығын тауып отырады. Осының бәрі кейіпкердің қарым-қатынастарын, мінез-құлқын, дәуір шындығын, халық тағдырын кең ауқымда алып, жан-жақты толық бейнелеу мақсатымен астасып жатады.

Роман жанрын зерттеу лабораториясы жыл өткен сайын кеңейіп, салмақты ғылыми айналымға айналды. Мәселен, академик С. Қирабаев С. Көбеевтің, С. Сейфуллиннің, Ғ. Мұстафиннің, М. Дүйсенов І. Жансүгіровтің А. Нұрқатов, М. Әуезовтің шығармашылығын нақты арқау етіп алып, төл әдебиетіміздің өркендеу сатысына жете зер салды. Қазақ әдебиеті мәселелерімен айналысқан ғалым Е. В. Лизунова «Қазіргі қазақ романы» (1964ж.) деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаса, ғалым Б. Шалабаев «Казахская литература» (1965 ж.) деген оқулық құралы, Р. Бердібаевтың «Роман және заман» (1967 ж.) деген кітап прозаның

осы көлемді жанрына арналды. Танымы күрделі, зерттелуі қызық роман тегі әдебиет зерттеушілерін жайсыз, бейтарап қалдыра алмады. Ғ. Мүсірепов «Суреткер парызы» (1970 ж.), М. Қаратаев «Дүниетаным мен шеберлік» (1965 ж.), Ш. Сәтпаева «Өрнекті өріс» (1977 ж.), М. Атымұмов «Қазақ романдарының поэтикасы», М. Базарбаев «Әдебиет және дәуір» (1966 ж.), Р. Бердібаев «Қазіргі қазақ романындағы сюжет проблемасы» (1961 ж.), З.Қабдолов «Қазақ әдебиеттануының теориялық проблемалары» (1970 ж.), Ш. Р. Елеукеновтың «Қазахский роман и современность» (1968 ж.), Б. Шалабаев «Қазақ романының тууы мен қалыптасуы» (1990 ж.), Т. Рақымжанов «Қазіргі қазақ романының поэтикасы» (1992 ж.), атты еңбектер роман жанрын танылуына баспалдақтар болды.

Әдебиет – қоғам айнасы, жазушы – оның тілі. Уақыт тылсымын рухани өлшеммен бере білетін суреткер шындық шымылдығын тайсалмай ашып, қоғамдық ой-пікірдің нысанасы бола алады. Десек те, қазақ әдебиеттану ғылымы кеңестік билік тұсында өз нысанасын саяси идеология өлшемімен қарап, тұспалдады. Маркстік-Лениндік методологияға сүйеніп ұлт әдебиетін, оның біртуар сөз зергерлерін алалап, бөліп-жарып, рухани көзсіздіке апарды. Ұлттың рухани жемісі тарыдай шашылып, берекесі қашты, халқына бұрмаланып жетті. Бұл әрекет – қазақ ғылымының өркендеуіне бөгет жасаса, ал, біртумаларының қабілетінің «қоғам тынысына» қарай қызмет етуі керек болды.

Осылайша әдебиетімізде «ақтаңдақтар тобы» көбейіп, жарасы ұлғая берді. Ширек ғасырдан аса бір бүтін ұрпақ саналы ақ пен қара жігін ажырата алмай, айтуға бата алмай, тіл күрмелді. Қазақ зиялыларының қаймағы сылынып, нағыз оқыған, зерделі, білімпаз қайраткерлер шындық тұманына тұншығып кете барды. Әйтсе де шындық әлемінің шыңы Қазақ Елі тәуелсіздігіне қол жеткізгенде көрінді.

1956 жылы XX съезде жеке басқа табынушылық жайы туралы шындық ашылғаннан кейін С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіровтердің азаматтық құқы қорғалып, әдеби – қоғамдық мұралары жиналып, халық игілігіне ұсынылды. Бұлардың қатарына өнер тарландары мен зар заман ақын-жыраулары да бар еді. Халық үні «Қазақ әдебиеті» газеті осы бастаңғыға орай 1957 жылы 25-қаңтарда көрнекті әдебиеттанушы Б. Кенжебаевтың «Өтелмеген парыз» атты мақаласын жариялады. Ғалым өз мақаласында 1920-30 жылдары қоғам, әдебиет, өнер әлемінде өз қолтаңбаларын қалдырған бір топ қаламгер-қайраткерлерді ақтап, «мұраларын жинастырып, зерттеу жөнінде комиссия құру мәселесін» күні парағына қойды. Ал, екінші оралым

1980 жылдары бой көрсетті. 1988 жылы 14 сәуір мен 28 желтоқсан аралығында нағыз ұлтжанды, зерделі төрт арысын ақтағаны туралы қаулыға куә болдық. Өткенге қайта қарап, сараптау жасады, санаға жаңа бір серпіліс толқыны келді. Ғылым, әдебиет, мәдениет әлемінен қуылып, атын өшірген Шәкерім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы есімдері қайта жаңғырды, шығармалары қолымызға тиді, ойлау, зерттеу объектісіне күш берді. Рух шөлін қандырап туындылары бірінен соң бірі жарыққа шықты.

Роман жанрының пайда болу, даму желісі Еуропа орыс әдебиетінің зерттеуінде ертерек зерттелді. Ендеше романның дүниеге келу жолдары да бұл елдерде біршама жоғары дәрежеде еді және қазақ романының алғашқы ірге тасын қалануына да үлгі, мектеп болған осы елдердің әдебиеті еді. Алғашқы Еуропалық үлгідегі, профессионалды роман жанрының сәулесін түсірген, романның бастапқы туу, жанрлық сатыға көтеріп, қалыптасу, өрлеу сүрлеуін салған сөз зергері Жүсіпбек Аймауытұлы екенін мойындауымыз керек. Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларында көркемдік икемі, әр тарихы кезең сайын көтерген әлеуметтік-қоғамдық мәселелері, идеялық-көркемдік өрісі, оның ішінде тартыс, оқиға өрімі, бейне жасау, кейіпкер мінезін ашу жолындағы жетістігі, тіл - өрім кестелері, бейнелеу, суреттеу амалдары, психологиялық түрлі құрал - тәсілдерінің ерекшеліктері ешкімге ұқсамайтын еді.

Жүсіпбек Аймауытұлы – қоғамның қайталанбас ірі тұлғасы болды. Сегіз қырлы, бір сырлы, дарынды талант – ол ақын, драмашы, ол – прозашы, сыншы, ол – публицист, аудармашы, ол-әнші, режиссер, ол – ағаштан түйін түйген қолөнер шебері. Ірі шығармаларымен жаңа жанрларға өзіндік қырымен келіп, қолтаңбасын қалдырды.

Жүсіпбек Аймауытұлының ақталуымен байланысты әдебиет тарихына тың толықтырулар кірді. Қазіргі кезде әдеби процесті, бүгінгі әдеби құбылыстарды жан-жақты зерттеуге, әдебиеттегі жалпы адамзаттық, ұлттық мүдде-мақсаттарды толық ескеріп, көркем шығарманың қоғамдық, тәрбиелік, көркемдік мәнін терең ашып беруге мүмкіндік туды.

I ТАРАУ

ҚАЗАҚ РОМАНЫНЫҢ ТУУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ РОЛІ

Көркем әдебиет өмір сабағын танытудың, ұлттық қазынаның көзін ашудың, адамшылықтың ұлы мұрат-мақсаттары рухында баулудың бірден бір күшті құралы. Қоғам мен Адам ғұмырының терең, жұмбақ сырларын жүйелі оқиғалар, мінез бедерлері арқылы неғұрлым жан-жақты кең танытатын, сан ғасыр тарихтар мен тағдыр сырын қарайтын, қаһарманның өсу, қалыптасу жолын толық ашатын, басқа жанр мүмкіншіліктерін өз бойына ұстай алатын, сыртқы, ішкі жайын келістіріп баяндай білетін күш – тек қана роман жанрына ғана сыйымды. Романның көтерер ауыр жүгі туралы Денс былай түсіндіреді: «Өмір қатынастары мен ықыластарын қопара қамту, шындықтың түп-тереңіне дейін бару, небір ауыр ақиқаттың сыртындағы пердесін ашып, анығын аңғарту – романның нақтылы ерекшелігі. Реалистік роман қашан да өмірді түсіну мен танудың құралы болып келген»¹.

Әдебиеттің ұлттық танымға қызмет етуі үшін оның берер жемісі де айтарлықтай болу керек. Көркем әдебиет – арнасы кең, көп салалы өнер.

Орыс әдебиетінің классиктері А. С. Пушкин, Н. В. Гоголь, М. Ю. Лермонтов, И. С. Тургенов, Л. Н. Толстой, Ф. М. Достоевский, А. А. Фадеев, К. А. Федин, т.б. орыс әдебиеті әлемінде, жалпы дүниежүзі әдебиет арнасына ғажап туындылар әкелді. Бұл құбылысқа орай орыстың ұлы сыншысы В. Белинский: «Роман мен повесть қазір поэзияның барлық өзге салаларының алдына шықты. Бұл екеуі бүкіл әдебиетті түйістіріп тұр. Солай болғандықтан бұлардың қасында барлық өзге шығармалар әшейін бір ілу-қағыл кездейсоқ нәрсе сияқты. Мұның себебі – поэзияның жеке саласы болып табылатын роман мен повестің ерекше мәнділігінде»,¹ - дейді.

Шығармадағы адамның өзі көріп-сезіне білмейтін небір қилы жайларды жазушы шеберлігі арқылы оқырман түйсігіне жеткізе білу шеберлігінің күші де роман жүгін көтерер бір сын екенін орыстың сұңқар жазушысы М. Горький былай пайымдайды: «В романе люди изображаемые автором, действуют при его помощи, он все время с ними, он подсказывает читателю, как нужно их понимать объясняет ему изображаемых фигур оттеняет их настроение описаниями природы, тайные мысли, скрытые мотивы действий обстановки и

вообще все время держит их на ниточках своих целей, свободно и часто не заметно для читателя – очень ловко, но произвольно управляет их действиями, словами, делами, взаимоотношениями, всячески заботясь о том чтобы сделать фигуры романа наиболее художественно ясными и убедительными».²

Әдебиеттің ең басты нысанасы Адам және қоғам. Болмыс пен Адам, жалпы адамтанудың көркемдік жағы болса, осыны роман жанры өзінің бар суреттеу құралымен бейнелеп беруге тырысады. Көркем сөз өнерінің басты құралы ретінде роман жанры парасаты биік, танымы терең тәрбие беру көзі екені дәлелденді. Міне, осы биіктікке шығу жолында қазақтың төл әдебиетінде алғашқы жолды ашқан М.Дулатовтың 1910 жылы жарық көрген «Бақытсыз Жамалы» болды.

1914 жылы екі рет қайта басылғаннан кейін, орыс тіліне аударылды. В.Гордлевский «Восточный сборник» атты кітабында:

Роман жүгі ауыр тиген, әңгіме өзегіне ол шындықты негіз еткен халық тұрмысының жанды суреті бар»³ – деп бағалаған.

Әдебиеттің даму үрдісіне бей-жай қарамаған Алаш көсемі Өлихан Бөкейханұлы роман жанры туралы: «Осыдан жүз елу жыл бұрын шамасында Италия Францияны билеп тұрған заманда екі тіл қатысып, ортадан дара роман тілі туған. Осы тілмен француз жазушылары сол заманның кемшілігін, таршылығын көрсетіп кітап жазған, һәм роман тілімен жазғаны үшін» «роман» деп атағанын айтып»,¹ одан кейін дейді ол: он сегіз һәм он тоғызыншы ғасырдағы атақты роман шығарушылар – деп ағылшындар Вальтер Скотт, Чарльз Диккенс, Уильям Теккерейді, орыс әдебиетшілерінен А. С. Пушкин, Н. В. Гоголь, М. Ю. Лермонтов, Л. Н. Толстой есімдерін атайды.

Төл әдебиетіміздің қоржынына түскен Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалына» Алаш көсемі «Қыр баласы» қатты назар аударады. Ол «Қазақ» бетіне жариялаған «Роман бәйгесі» мақаласында: «Бізде бұдан бұрын роман жазылған емес. Мірякуб романы «Бақытсыз Жамал» кішкентай ғана кітап. Мен мұны «Қазаққа» сын жазбақ болып қолға алып едім. Екі жұма отырдым.

Бұл менің бұрын қылмаған ісім еді. Сонан соң ба, жоқ сын өнері менде жоқтықтан ба, оны оқушылар біледі дей келе, әйтсе де ең бірінші көзімізге көрінген романды озық жұрттардікімен салыстыруға болмайды, біз өз бойымызға лайықтап, мұны қазақ әдабиятында тәуір қызметке санаймыз»² – деп үлкен баға береді.

Кесек прозалық туындылар 1910 – жылдардан бастап келе бастағаны белгілі. Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалынан» М.Әуезовтің «Абай жолына» дейінгі аралықта қазақ романының туу, қалыптасу кезеңі қарапайым кіші көлемді романнан профессионалды,

полифониялық роман деңгейіне көтерілуі үшін бұл жанр үлкен белесті, пісіп – жетілуді өткерді. Осыған сай, әрине роман жанрының дамуындағы қилы қырларына қазақ әдебиеттанушылары да тереңнен зор салып, өз пікір-пайымдарын білдірді. Солардың алғашқылары болып, ұлттық ғылымның көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы роман мен повесть жөнінде 1920-жылдары: «Ұлы әңгіме, яки роман деп тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз. Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрлі ұзақ әңгіме деп аталады»¹, – десе, аталған жанрлар хақында академик Қ. Жұмалиев: «Роман мен ұзақ әңгіменің арасындағы шекараны, өзгешелікті дәл мынау деп үзілді-кесілді айта қою қиын. Айырмашылығы: ұзақ әңгімелер негізінде бір не екі сюжеттік линияға негізделеді, Өмір құбылысы романдағыдай онша терең суреттелмейді»², – деп ой түйеді.

Ал, академик Зәки Ахметов: «Романда лирикалық элемент, сарын кездесуі әбден заңды. Романнан, да, поэмадан да кейіпкердің көңіл-күйі, күйініш-сүйініші суреттелгенде лирикаға тән ерекшеліктерді байқаймыз. Сондай-ақ драмаға тән қасиеттерде айталық оқиғаның кейіпкердің әрекет-қимылы өзгеше бір сипатта ширығып шиеленісуі – романда да, поэмаларда да ұшырайды. Алайда романда басты, шешуші роль атқаратын баяндау тәсілі. Роман оқиғаны баяндап жеткізуге, әр түрлі адамдардың мінезін, іс-әрекетін, өзара қарым-қатынасын суреттеп көрсетуге лайықтылығымен құнды»³, – деп анықтайды.

Роман жанрының басталуы ежелден бері, сондай-ақ орта ғасырлардан өрбіген деп есептелсе, оған мысал, дәлел ретінде антикалық дәуірдегі Апулейдің «Дафнис және Хлоя», Петронидің «Сатирикон» және рыцарлық роман ретінде Эшанбахтың «Тристан мен Изольда» туындыларында романның кейбір белгілері болғаны айқындалды. Романның нақты көрінуі қайта өрлеу дәуірінің соңғы кезеңінде байқалады. Романдағы кейіпкерлердің тағдыры қоғам өмірімен байланысты алынып, шынайы суреттілігімен ерекшеленеді. Бұл туралы орыс ойшылы В. Белинскийдің «Роман – ұлы өмір кітабы, әңгіме – содан жұлып алған парақ, повесть – сол кітаптың тарауы»¹ – деген ойы тағы да өмірдің сан қырлы құбылыстарын терең бейнелеп суреттеуде роман жанрының еншісінде екенін дәлелдейді.

Еуропа әдебиетінің жұлдыздары Сервантестің, Бальзактың, Флобердің, Стендальдің, Диккенстің, Толстойдың, Тургеневтің т.б. романдарында кейіпкерлер арқылы заманның қоғам өмірінің терең сырлары ашып көрсетілді. Сондықтан да роман жаңа дәуірдің эпосы сияқты қызмет етті. Бұл жөнінде академик С.Қирабаев: «Эпостың ең үлкен түрі роман – сөздің ең биік үлгісі... Онда бірнеше сюжеттік линия

(негізгі сюжеттік линияға қосымша бірнеше сюжеттер) қатар өрістеп, сол кезде халықтың көптеген жан-жақты образы жасалуға тиіс...»² дегенді айтса, осы ойды академик З. Қабдолов былай жалғастырады: «...Роман – кең көлемді эпикалық түр. Эпостың бұл түрінде жазылған шығармалар адам мен қоғам тіршілігін мейілінше кең қамтып, алуан-алуан даму кезеңдерімен біртұтас жүйелеп, толассыз қимыл-қозғалыс қалпында жан-жақты жинақтайды»³.

XVI ғасырда мемуарлық әдебиет пайда болса, XVII ғасырдың соңына қарай психологиялық прозаның дамуы, ал одан бұрын романның қалыптасуына едәуір әсер етті. Бұған Д. Дефонның «Робинзон Крузосы» дәлел бола алады.

XVIII ғасырда роман жанры екі бағытта дамыды. Біріншісі – әлеуметтік, тұрмыстық болса, екіншісі – психологиялық бағытта көрінді. XVIII-XIX ғасырларда әдебиеттің романтикалық характері романға өзіндік жолмен ықпал етті, әйтсе де, сол уақытта тарихи роман формасы жетіледі. Мұның айғағы ретінде Скотт, Гюго, Гоголь романдарын атасақ та болады.

XIX ғасырда романның классикалық түрі дүниеге келіп, әдебиет сахнасына Стендаль, Лермонтов, Бальзак, Диккенс, Тургенев, Мопассон есімдерін әкелді.

Ал XIX ғасырдың екінші жартысында орыс романистері – Л. Н. Толстой мен Ф. М. Достоевскийдің шығармалары әдеби шығармашылыққа айрықша әсер етіп, өз туындыларында әдеби қаһармандары бүкіл адамзаттық мәселені көтере білді. Осындай қалыппен XX ғасыр романдары енді бір лекте Т. Манн, Р. Роллан,

В. Хэменгуэй, Р. Тагор есімдері үлгі-өнеге болды. Әлемдік деңгейде орыс әдебиеті өзіндік орын алып, орыс романын дамытуға М. Горькийдің үлесі зор болды. Бұл қатарға Шолоховтың «Тынық Доны», А.Фадеевтің «Тас-талқаны» мен «Жас гвардиясы», А. Серафимовичтың «Темір тасқын», Л. Леоновтың «Ұрылар» романдары әлемге әйгіленді.

Профессионал прозасы болмаған қазақ әдебиетінде де тың бастау ашылды. М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы», Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелігі», С. Көбеевтің «Қалың малы», С. Торайғыровтың «Қамар сұлуы» романның туу үрдісін бастайды. Әрине, бұл ақын-жазушылар өз шығармалар легінде орыс, шығыс әдебиетінде қалыптасқан дәстүрді үйренуге, шығармаларына үлгі етуге негіз болды. Мәселен, Карамзиннің «Бедная Лизасының» танымы, тағдыры М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалының» үні мен мінезінде, әрекеті мен қимылында қайталанып, ортақ көрініс тапқандай еді. Ендеше Карамзин шығармашылығының әсері М.Дулатовтың жазушылық танымына әсер

етпеді дей алмаймыз. Ал, дүниеге «Кім жазықты?», «Қамар сұлу» романдарын әкелген, романға поэтикалық тұрғыдан келген Сұлтанмахмұт Торайғыровтың да есімі роман жанрын қалыптастыруда орны ерекше болды, бірақ романға барар жолда қазақ прозасы өзінің алғашқы өрісін повесть арқылы дамытты. Журнал бетіне тұңғыш көркем шығарма ретінде Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» (1921 ж.) басылды.

1992 жылы жеке кітапша болып шыққан туынды Абдолла Асылбековтың «Біздің де күніміз туды» атты дүниесі болды. Мұнан кейін 1915 жылы жазылған Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», Сәкен Сейфулиннің «Айша» повестері, «Тар жол, тайғақ кешу» романы, С.Садуақасұлының «Салмақбайдың ауылында», «Кооперация қалай орнады» атты туындылары «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланды.

Әдебиеттанушы А.В.Чичерин: «Қазақ романдарында жеке адамдар, қаһармандар тағдырын олардың өзара араласуларын қоғамдық мәні күшті оқиғалармен байланыстыра баяндайтын, суреттейтін салт-дәстүр қалыптасты. Бұл жөнінен қазақ романдары орыс әдебиетінде қалыптасқан ілгерішіл, өскелең өнеге ізге түскені анық»¹, - деп қазақ роман жанрының даму жүйесін саралайды.

Романда суреттелетін жайларда жалпы адамзатқа ортақ гуманистік мәселелердің қамтылуы – заңды құбылыс. Бұл орайда суреткердің шығармашылық қуаты ерекше. Үлкен, толғамды суреткер ғана роман жанрының жүгін көтереді.

Айтылайын деп отырған оқиға желісінің алдында не болды, шығарманың ақырғы шешімінен кейінгі кейіпкер тағдыры не күтпек, шығарма желісі, өлшемі ұлғайып, оқиғаның бір-бірімен жалғаса суреттелініп, күрделене түсуі – роман жанры ғана шешіп беретін дүние. Суреткердің бейнесі, пейзажды жан-жақты бейнелеуі тартыс пен іс-әрекет иірімін, адам мінездерінің қиюын тереңнен ашу үшін баяндауға да кеңірек жол беріледі.

Қазақ романдарының бір ерекшелігі – тарих, уақыт кезеңдері мол алынып, бас кейіпкерлер өмірі сан қырынан суреттеліп, онымен бірге халық образы да жан-жақты баяндалады. Ендеше роман бірнеше повесттің салмағын, өлшемін көтерер жанр түрі екеніне көзіміз әбден жетеді.

Ойымыз дәлелді болу үшін орыстың көрнекті жазушысы И. А. Гончаров: «Роман немесе повесть жазу үшін асқан төзімді орнықты болу жеткіліксіз. Бұған қоса жазушы да сурет салушыға ұқсап, алдын-ала сан алуан даярлық жұмыстарын жүргізеді. Жалпы шығармаға кіретін жекелеген сценаалардың, характерлердің, мінездер

мен кескін келбеттердің күн ілгері, ұзын-ырғасын салады, нобайын түсіреді»¹ – деген сөзін келтірсек жеткілікті сияқты.

1920 жылдары жарық көрген қазақ романдарын тақырып жағынан үш жікке айқындауға болады. Біріншісі – қазақ қыз-келіншектерінің бас бостандығы, екіншісі – халықтың әлеуметтік теңсіздігі, таптық күресі, үшіншісі – бұқараның жаңа заман, жаңа өмір құруға кірісу жолы, оның қалыптасқан бейнесін жасау шеберлігі ескеріледі.

Осындай ізденіс толқынынан кейін, қазақ әдебиетіндегі роман жазуға алғашқы ұмтылысты құнарлы қалам, күрделі талант иесі – Жүсіпбек Аймауытұлы жасады. Жүсіпбек Аймауытұлы әдеби дамудың ішкі заңдылықтарын тереңнен игере отырып, үлкен прозаның тұңғышы ретінде «Қартқожа» романын жазады. Жүсіпбек Аймауытұлының «Қартқожа» романы алғашқы қазақ романы деген ақиқатты академик С.Қирабаев «Жүсіпбек Аймауытов» атты монографиясында: «Қазақ әдебиетіндегі» роман жасауға ұмтылыс жиырмасыншы жылдардың орта тұсынан басталады. Оның алғашқы үлгісін Жүсіпбек Аймауытов жасады. Оның «Қартқожасы» - тек жазушының бұл жанрдағы алғашқы туындысы ғана емес, бүкіл қазақ совет романының төл басы. 1926 жылы Қызылордада жеке кітап болып басылды. Бұдан бір жыл кейін Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» шықты. Бірақ бұл тарихи мемуарлық кітап еді. Онда жазушы революция жылдары өзі көрген, қатысқан әлеуметтік тартыс оқиғаларын ешбір әдеби қоспасыз деректі фактілер көлемінде суреттеді. Көркем шығармаға тән оқиғаны жинақтап, бейнелеп, тиісті әсерін жазушы қиялымен жетілдіріп суреттеу әдісінен Сәкен саналы түрде бас тартты. Ол шығарманың деректілігін, тарихилығын сақтады. Жазылу, басылу мерзімі қатарлас болғанымен, «Қартқожаның «Тар жол, тайғақ кешуден» жанрлық форма жағынан айырылысатын жері осы. Әйтпесе, екеуі де үлкен прозаның үлгілеріне жатады»¹, - дейді.

Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларында лирикалық шегіну, пікір қозғау, көсілтіп баяндау, кемелдеп суреттеу, табиғат құдіретін, портретті толығырақ бейнелеу, ұтымды монологтарды беру шеберлігі кеңірек көрінеді.

Жазушы өзіне елеулі еркіндік беріп, кеңістікті, уақытты, ортаны, өмір – құбылыс – жаңалықтарын аты аталған шығармаларында тиісінше қамтиды. Адам мінез-қарекетін даралап ашқызатын тартыс, мінез қақтығыстары нанымды, құнықты жайлар сан қырынан баяндалады.

Әдебиет зерттеушісі В.Шкловский: «Бүгінгі заман романдары мен повестері өзінің даму тарихында өткендегі ұлы кеменгерлердің

іздену және шығармашылық жаңалық ашу тәжірибесі арқылы даңқты дәстүрге, тамаша үлгі-ереже және көркемдік ерекше ие болғандығын»² еске салса, біздің қазіргі қазақ романының қуаттанып, шырайлануына әсерін тигізген, іргесін қалаған Жүсіпбек Аймауытұлы екенін айтпасқа болмас.

Жүсіпбек Аймауытұлының прозалық туындыларында тарих пен қоғам өмірінің мәнді кезеңдерінің көрінісі, жеке бастың тағдыры мен қоғам арасындағы байланыс, характерлер мен сюжеттің әлеуметтік-тарихы дәлелдемесі, оқиғаның сан қырынан молынан бейнеленуі, кейіпкердің ішкі әлеміне назар салу сияқты элементтер өз шешімін тапқандай болады. Жүсіпбек Аймауытұлы үлкен жазушылық көргендікпен, сезімталдықпен қазақ халықының әр тобында қандай жақсылық, қандай көзсіздік, қандай бейшаралық, сатқындық бар, бәрін жазушылық таразысына сал білген, жеріне жеткізе айта білген хас шебер суреткер болды.

Кезінде жазушы М.Әуезовтің «Абай жолын» оқыған неміс әдебиетшісі Альфред Курелла: «Бұл – таңғажайып. Бұл керемет! Неткен тұнық поэзия! Проза формасымен басылған осынау қалың-қалың екі томның өн-бойында бір жол қара сөз болсайшы» – деп сүйсіне тамсанады. Сондықтан болар, Бенжамин Матип: «Қазақ неткен ғажайып халық» деп, өзін-өзі ұмыта таңырқаса, Константин Федин «өзінің қалай қазақ болып кеткенін білмей қалған». Міне, сөз құдіреті, оның тұнық сырынан нәр алған жазушы қабілетін не деп бағаларсың? Әдебиеттің көкжиегінен қос қырандай көрінген Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытұлының сырлы, сұлу сөздерін ежіктеп түсіндірмеу керек, оны елтіп түсіну керек. Ол үшін тек қана тебірене оқу, тербеле тыңдау керек. Сонда ғана шапағатты сөз нұры Сіздің көкірегіңізге кеп ұялайды, мәңгі сақталады.

Әлемнің, халықтардың, ұлттың рухани жетімсіздігін ұлы тұлғалар толтырады. Азат ел ұранын, алашордашылар, аманатын арына айналдырған өз ұлты шарқ ұрып таппай жүрген жоғарыдағы идеяны – «қазақ идеясын» Жүсіпбек Аймауытұлы көркем шығармашылықпен-ақ уағыздай білді.

II ТАРАУ

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ

Қазіргі таңда әдебиеттану әлемінде «шығармашылық психологиясы», «психолог жазушы», «кейіпкер психологиясы» сияқты терминдер жазушының белгілі бір туындыны жазу үстіндегі ой-толғанысын, әрі жазушы стилдік ерекшелігін байыптау үшін қолданылады. Психологизм көркем әдебиетте, оның ішінде прозада қалай пайда болды, адамды танытудың, өмір шындығын бейнелеудің көркемдік тәсілі ретінде, әдебиеттің жаңа сапалық ізденісін танытатын көркемдік ерекшелігі ретінде прозада қалай көрінді деген мәселе әдебиеттануда арнайы зерттелген. Жалпы, психологизм, әсіресе психоанализ (психологиялық талдау) ілімінің алғашқы ірге тасын Австрия ғалымы З.Фрейд қалағаны белгілі. Психологиялық талдау адамзаттың өнертану, өнер тудыру сапарындағы жаңа, соны сипаттағы белесі болды.

Ал психологиялық романда – адамның жан дүниесін, сезім әлемін терең ашып көрсетуге айрықша мән берілетіні мәлім, Психологиялық романның алғашқы үлгісі деп VIII ғасырда ағылшын жазушысы Стерннің «Тристам Шендидің, джентельменнің ғұмыры мен пайымдары» романын атауға болады. Ол өз кейіпкерін «адамның ойын психологиялық, мінездік толқыныстар тұрғысында көрсетті»¹.

Орыс әдебиетіндегі психологизм іргетасын Л.Толстой қалаған. «Анна Каренина романындағы терең психологизм, адамның ішкі сезім дүниесінің иірімдерін асқан шеберлікпен суреттеу арқылы кейіпкерінің бар болмысын ашып көрсетуге жол ашты. Сол арқылы заман, қоғам тынысын танытты. Адамның сезім дүниесін қанықты эмоция арқылы бере білуінде еді. Осы ерекшелікті Ф.Достоевский шығармашылығынан да көре аламыз.

Адамның жан дүниесін суреттеу, психологизм, әрине, бір ғана жанрдың психологиялық романның кеңістігімен ғана шектеліп қалмайды, тіпті кейбір шығармаларды бөліп, осы жанрлық түрге жатқызудың өзі шартты. Кең мағынадағы психологизм элементтері жанрдағы шығармалардан табылады. Әйтсе де, романда психологиялық талдау тәсілін пайдалануға мүмкіндік молырақ. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер», «Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» романдарындағы сом тұлғалардың жан толғанысы, көңіл-күйінің зор толғаныспен шынайы бейнеленуі психологизмнің тереңдігіне де байланысты.

«Абайға дейінгі әдебиетімізде адамның басындағы күйініш, сүйініш, әр түрлі ішкі сезім дүниесін, екінші сөзбен айтқанда, адамның психологиясында болатын өзгерістерді суреттеудің екі түрлі әдісі бар еді. Бірінші – психологиялық параллелизм, екіншісі – ерекше құрылатын әр түрлі монологтар»¹, - деп пайымдайды академик Қ. Жұмалиев.

Адамның жан дүниесінің жарығы мен көлеңкесін айыра білетін жазушы ғана адам табиғатынан мол хабар бере алады. Міне, осындай шеберлікті меңгерген Ж.Аймауытұлы еді. Оның «Ақбілек» романы мен «Күнікейдің жазығы» повесінің ерекшелігі – сюжеттік желісінің, жалпы композициясы кейіпкердің ішкі әлемін еркін де терең талдауға мүмкіндік беруінде.

Жүсіпбек Аймауытұлы өмірдегі шындық пен көркем шындықтың бірлігін сақтай білді. Жазушы шығармаларындағы кейіпкерлердің мінез-құлқы бірде оның ойы, эмоциясы арқылы беріліп жатса, бірде іс – қимылымен-ақ танылады. Ғалым И.В. Страхов психологиялық бейнелеудің екі формасын: бірінші, кейіпкердің мінез-құлқын, оның ішкі ойы, түсі, елесі арқылы суреттеу, екінші – сырттай психологиялық талдау жасау немесе кейіпкерді ерекшелігі мен мимикасы тағы басқа психологиялық сыртқы белгілері арқылы суреттеуді атайды¹.

Міне, осы заңдылық Жүсіпбек Аймауытұлы шығармашылығының өн бойынан көрінеді. Ойымыз дәлеледі болу үшін кейіпкер жанының ойы, түсі, елесі арқылы өрнектеуін мына бір оқиға желісінен мысал келтірейік.

«...Бүгін мен бір түс көрдім. Түсімде біздің ауыл көшкен екен деймін. Сенімен екеуміз көштен адасып қалған екенбіз деймін. Бір асудан ассақ, алдымыз екі таудың қуысындай, бір құдайдың уысындай құлама құз екен деймін. Құздың үстінде қалықтап жүрген бір қара бүркіт бір мезетте бізге таман төніп келді де, сені көтеріп алып кетті. «Ой-бай-ай! Өлтіреді-ау!» деп қайтерімді білмей, безектеп тұрмын. Бүркіттің бауырында көйлегің желпілдеп тура күн шығысқа қарай кетіп барасың. Алыстаған сайын қара бүркіт ақ бауыр торғайдай боп көрінеді. Бүркіт сорғалап төмен құлдилады. «Енді жейді-ау, енді жейді-ау» деп тастан тасқа секіріп жүгіріп келем. Қарасам сен бір сен бір ақ үрпек балапан болыпсың. Бүркіт жоқ. Жартастың басында көзің бақырайып отырсың. Қайдан келгенін білмеймін, ар жағынан әнеугі өзің айтқан Іскендір дуана шыға келді. Балапанды қолына қондырып келе жатыр. «Дуана- ау, балапанды маған берші!» деп едім, дуана ұстата берді. Балапанды бір қолтығыма қысып келе жатырмын...» деп берілетін Ұрқия түсі Ақбілек пен Ұрқияның жан дүниелеріндегі

шындық иірімдерінен хабар беріп тұрғандай. Ұрқия түсі Ақбілек пен Ұрқияның болашағының бастауы сияқты.

Ал енді бірде кейіпкер сезімін аңғарту мақсатымен түс былайша шешіледі: «Түс – тағдырға апарар жол шығар», - деп, Қартқожа аузына салады. Қартқожа ойымен толғантады.

«...Қартқожаның жалғыз-ақ арыла алмай жүрген нанымы – «Тағдыр». Талай жаны күйіп зарыққанда, Андрей, Қасен, Полидуб сықылды адамдар ұшырап, көз жасын игені, әжесінің аян бергені, төңкеріс боларда, жеңгесін аларда, ақшасынан айырыларда түс көргені әлі де шешусіз. Әлі де пәннен тірек тауып, түсіне алмайды. Тосыннан, қиқудан кездескен талай оқиғаны Қартқожа тағдырға жориды. Қартқожа «Тағдырдың» не екенін ұқсам деп іздеуде...»

Қиял шырмауында арман болып қалған тәтті сәттер Күнікей түсінде де бедерленеді:

«...Көгендеулі қозыдай тізбектелген сұлу түсінің көп жері ескі текеметтің түріндей көшіп, үзік-үзік сыңар мүйіз, түйе мойнақ, мот аяқ, теңбіл-теңбіл бірдеңе сияқтанып кетті. Күнікей «Өлі арыстаннан да тірі тышқан» дегендей ойға мініп, сұлу түсті тастап, жаман көрпесін сырғытып, басын көтерді»¹.

Қазақ атамыз «Түс – түлкінің боғы» деген мәтеліне Жүсіпбек Аймауытұлы басқа бір қырынан қараған сияқты. Адамның жан дүниесі жүйесін әбден зерттеген психолог жазушы ретінде ол зейін, қиял, тағдыр, түйсік, сезім заңдылықтарын терең түсіне отырып, түстің шындық өмір елесі екен, өзіндік бір орны бар екенін дәлелдейді. Түс қалпында берілетін оқиға желісі адамның жан дүниесіндегі серпіліс, ойлау, қиялдау, күйіну – сүйінуден туған нәтиже деп қарайды да, сол арқылы образдың табиғатын танытуға қажетті компонент ретінде шебер пайдаланылады.

Адамның ішкі жан дүниесін сипаттау тереңдігі жазушының қабілетіне, шеберлігіне байланысты. Н. Г. Чернышевский «Толстой адам рухының құпияларын мұқият зерттеді, бұл терең білім жазушыға адамның ішкі ойына үңіле біліп, дәл сипаттауға ғана мүмкіндік беріп қойған жоқ, сонымен бірге адам өмірін жалпы сипаттауға мүмкіндік береді²,» - деп Л. Толстойдың адамтану қабілетін жоғары бағаласа, дәл осы бағаны Жүсіпбек Аймауытұлының жазушылық шеберлігіне арнап айтса артық болмас еді.

Жан дүниесін көркем суреттеудің бай дәстүрлерін сол сияқты филология ғылымдарының докторы М. Атымов «Прозадағы психологизм» атты мақаласында дәлелдесе, ғалым Ш. Елеукенов «Замандас парасаты» атты ғылыми еңбегінде шығармадағы адамның ішкі сезім әлеміндегі құбылыстарға талдау жасайды.

Психологизм мәселесін кейіннен Г. Пірәлиева да зерттеді ол: «Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларында ішкі өзгерістер сыртқы өмірдің қозғалыстарымен салыстырып, олардың монологтарын ұтымды, тартымды етіп береді. Риторикалық сұрақтар, патетикалық синтаксистік және интонациялық өрнектер оларға ерекше түр беріп отырады. Персонаж сөзінің лексико-семантикалық даралығын тереңдете отырып, Жүсіпбек Аймауытов стилистикалық политраны түрлендіре білген, сол арқылы ұлттық ойлау ерекшелігін әрі көркем, әрі таңқаларлықта беріп отырған»¹, - дейді.

Адамның сыртқы қимыл-әрекеті мен ішкі ойының өзара сабақтастығы белгілі. Көңіл күйінің, ой-ағымының құбылуына орай сырт келбеті, қарекеті, эмоциясы, тағы басқа өзіндік сипаттар белгі беретіні анық. Бұл жөнінде М. М. Бахтиннің мына бір әдеби қағидасын келтірсек түсінікті сияқты.

«...Адам қандай дәрежеге жетуге мүмкіндігі болса, ол сол дәрежеге жетті, ол адамның басқа жағдайда болуы мүмкін емес. Ол адамның ішкі ойы түгелдей ашық, түгелдей айтылған, оның ішкі ойы мен ол ойының сыртқы көріністері бір-бірімен дәл келеді. Ешқандай алшақтық жоқ, ол тым қарапайым»².

Жүсіпбек Аймауытұлы психологизмді шебер пайдаланады. Ол авторлық психологиялық баяндау, психологиялық деталь, кейіпкердің эмоциялық көңіл күйін табиғатпен салыстыра сипаттау үшін психологиялық пейзаж тәрізді амал-тәсілдерді шебер қолдана білді.

Ішкі монологтарды келтіре отырып күрделі психологиялық күйлерге интуициялық («сезім пайымдары» - А. Ф.) мәселелерге талдау жасауға ден қойды. Сөйтіп, жан диалектикасын зерттеуге айрықша күш салды. Бұл ретте жазушы екі түрлі қағиданы берік ұстанған тәрізді.

1. Суреттеген оқиғаның өмір шындығымен дәл келіп, үндес табуы;

2. Кейіпкерінің сезім-күйлерін өз «сезімінен» өткізе білетіндігі, сол арқылы оқушыларын тебіренге-тербете алуы. Суреттеп отырған құбылысын қаншама, өзінің сезім жан дүниесін өткізіп, жан-тәнімен жазып оырса да, оқушыға сол құбылысты сырттай ғана суреттеуші болып көріне білуі.

Осы ойымыз дәлелді болуы үшін мына бір сәтке көңіл аударайықшы:

«...Жібекпен өмірі белін бумаса да, Күнікей өзіне арнап шығарылған өлеңдей көріп, әрі масаттанып, әрі өзіне көпсініп, әрі «тұйғын қуған балапандай» сасқалақтап ұялып, Байманның қолы тигенде денесі шімірігіп қытықтанып, қараңғы жерге қарай тығыла берді. Жұрт мақтап жүрген балуан, ер, өлеңші өнерлі, топ басы

Байманға не бетінен не тамағынан, не ауызынан, не тілінен сүйгізерін білмей қай жерінен сүйсе де аяғандай емес, буыны босап кетті. Байманның отты лебі, бетін жыбырлатып таяна бергенде, жалт қараймын деп ауызына дәл келіп қалды. Қараңғы түнде ернін емізе түсіп қайырыла бергенде, өзі де құшырлана шөп еткізді»¹.

Немесе «...Бір күні газеттен «Ақбаланың баяндамасы болады» деген хабарды оқыдым. Не себеп екенін білмеймін, соның сөйлегенін естігім кеп кетті. Бармаймын деп бір ойлап тұрдым. Бір уақытта қолым шашыма, аяғым айнаға барып қалғанын, пәлтемді киіп, үшкелден қалай шығып кеткенімді білмей қалыппын...

Сол күні неге екені белгісіз Ақбала түсіме кіріп шықты.

- Е, көңілің кетіп қалған-дағы...

Қолымды жұмсақ ұстап, қайта-қайта қасып айырылды.

Жақсы көрген адамның тілі айта алмаған нәрсені көбінесе қолы айтады ғой...»¹.

Ұнату сезімінің көзге көрінбейтін, тіпті кейде сезіліп, байқалмайтын қалтарыстарын жазушы өте әдемі де әсерлі жеткізе білген.

Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларында психологиялық талдау тәсілі кең қолданылған. Шығармаларындағы кейіпкерлердің психологиясын талдау олардың сөйлеген сөздері арқылы да, іс-әрекеттері, ішкі монолог психологиялық диалогтар, ишара, психологиялық пейзаж, т.б. арқылы да жүзеге асып жатады.

Оның әр кейіпкерінің өзіне тән мінезі бар, әр қайсының сөз саптауы да өзінше, ойлау, сезіну ерекшелігі де табиғатына сай. Осындай дәлдікті Н.Чернышевский былай жеткізеді:

«Психологический анализ может принимать разные направления. Одного поэта занимает более всего очертание характеров, другого – веяния общественного отношения и житейских столкновений на характеры, третье связь чувства с действиями, четвертого анализ страстей»².

Кейіпкердің көңіл-күйін білдіретін толғау сөз немесе монолог – адамның жан дүниесіндегі небір құпия сырларынан хабар беретін психологизм құралы. Монологтың мақсаты – кейіпкердің түйінді ой-тұжырымдарын білдіру оның тағдырындағы маңызды кезеңінен хабар беруі, сол арқылы жай-күйін анық сездіруге жол ашуы. Жазушы қаһарманның өзімен өзін сөйлестіру арқылы оның өзінен басқа жанға сөздіргісі келмейтін құпия сырларына дейін оқырманын, тыңдаушысын жетектеп, ертіп апарады.

Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларындағы кейіпкерлердің ішкі монологы портреті, пейзаж, ишара, дауыс ырғағы, көзқарас, қимыл-

қозғалыс, т.б. сезім элементтері автордың идеясын жеткізуге қызмет етеді.

Қазақ ауылы мен қаладағы тұрмыс-тіршілік кейіпкердің ой елегінен өтіп, өзіндік тәжірибесіне айналды. Жүсіпбек Аймауытұлы өз кейіпкерлерінің ішкі жан сарайындағы тіршілік сезімін олардың іс-әрекеті, сыртқы қимыл-қозғалысы арқылы, яғни динамикалық психологизммен беруге шебер.

Ғалым Қ.Әбдікова өзінің «Жүсіпбек Аймауытов шығармаларындағы тұлға концепциясы» деген еңбегінде: Оның шығармаларындағы монологқа тән қасиеттер – қисындылық, (логичность) және ауыз екі қатынастық (коммуникативный) сөзерге жақындығы. Жазушы кейіпкер ойларының жетілу, даму, аяқталу сәттерін толық көрсетпейді, жалт етіп көрінетін сезімдерін жеткізу арқылы ишаралайды»¹, - дейді. Осылайша монолог арқылы кейіпкер әрекеті, жалпы тұлға табиғаты ашылады.

Мәселен, «Ақбілек романындағы Ақбілектің көңіл-күйі сан қырынан көрінеді. Ақбілек ақ әскерлерден, «қара мұрттардан» құтылғанымен жан дүниесін кірлеткен, азаптаған аурудан қанша талпынса да құтыла алмайды. Ауылына аман-сау жетсе де, ол өзін ешкімге керексіз сезініп, жұрттың өсегінің өзегі болады. Өрісімді кеңейтер деп ойлаған әкесі де: «Тезірек құтылсам қайтер еді» деп бойын алыс ұстады. Сүйгені Бекболат та теріс қарап кетеді.

Мұндай жағдай-қарекет Ақбілектің жалғызсырауына, оңаша қалуына, сөйтіп, ішкі өмірінің парағын ашып, сезім күйін шертуге бел будырады.

Жазушы кейіпкерінің сезім дүниесін ашуға ыңғайлы көркемдік тәсілдерді көп қолданады. Көркем бейненің, оның мінезінің жан жүйесін ашуда ішкі монологқа, толғанысқа жиі жол беріледі. Қайғы қабығы қалындай түскен Ақбілектің тағдырын жазушы күрделі психологиялық образ дәрежесіне көтере білді. Бекболаттан айырылуы, өгей шеше қабағы, ауыл өсегі – Ақбілектің айықпас қасіреті, жүрек жарасы. Оның жан дауысы, іштей арпалысы осындай рухани-әлеуметтік сын сәттерде айқын да дәлелді көрінеді. Суреткер адами мәселелерді қазақ өмірінің бір кезеңін, өмір шындығын санадағы құбылыстардың қайшылықты күресі, ой арпалысы, көзқарас қақтығысы арқылы бейнелейді. Ішкі монолог көбіне үшінші жақтан, яғни әңгімелеуші тарапынан баяндалады. Кейіпкер ойы мен жазушы сөзі бір-бірін толықтырып, сезімдері бір арнаға түскендей болады.

Л.Я.Гинзбургтың: «...Авторское повествование плавно входит прямую речь и вновь из нее выходит как бы этого не замечен»¹ деген пікірі осындай шеберлікке байланысты айтылған.

Роман басталғанда-ақ монологтың көркемдік қызметі айрықша көрінеді. Жазушы кейіпкерлерінің рухани әлемін, жан дүниесін қалтарыстарын, табиғатын тану мен даралау үшін ішкі монологты пайдаланады. Портретінің бояуы қанық ішкі ой-сезімдері анық, өздері сөйлеп таныстыратын Мұқаш, Бекболат, офицер бейнелері анық бедерленген. Бұған мысал ретінде автор өз кейіпкерлерінің ауыздарына сөз сала отырып, бейне табиғатын танытады, оның іс-әрекетіне демеу, күш болар ішкі ой-толғаныстарын, сырларын, сезімдерін жүйелеп, ашық жеткізеді.

Жазушы өз кейіпкерлерін сөйлете отырып, оның руынан, елінен, қам-қаракетінен, киімінен, мінезінен хабар береді. Алдағы уақытта бұл кейіпкерлері не істейді, басынан қандай жағдай өтеді, жалпы қандай адам дегеннен де хабар бергендей болады.

Жүсіпбек Аймауытұлы ішкі монологты орнымен ұтымды пайдаланады. Мәселен, «Мұқаш» деп аталатын тараудағы ішкі монолог арқылы кейіпкер өзін таныстырудан бастап, Ақбілекті қорлауға жолбасшы болғанына дейінгі қам-қаректінің барлығын өзі айтып шығады.

Ақбілекті өзін болыстыққа сайлатпай тастаған ағасы Төлегенге ерегесіп, ақ әскерлерге ұстатып жібергені туралы қылмысын кейіпкердің өзіне мойындатқызады. Өзінің арамза жұмбақ есебін есесі кеткен адамша әлдебір өшпенділікпен, ызاقорлықпен айтады. Автор Мұқашты жаман-жақсы қырынан көрсетіп, оны ар отына салады. Оның сезінен-монологынан сол кездегі мінезі, іс-әрекеті көрінеді:

«...Япыр-ау, мен қазақпын ба? Қазақ болсам өз қаныма неге мұнша өшіктім? Өзгем өзге ғой, «ағатайлап» жалынып, қолын созып келе жатқан Ақбілектің білегін көкке созғызып, жүйкесін құртып, орыстарға ұстап бердім – ау! Ағасы болмаса бұ қызда не жазық бар еді?»¹.

Мұндай мысалдар – жазушының психологиялық талдау тәсіліне көбірек ден қойғанының дәлелі. Кейіпкердің ішкі әлемін өзіне зерттетіп, өзіне сынату болып отыр. Дәл осы тәсіл «қарамұртқа» да қолданылған. Мұқаш жамандық істей отырып, өзінің кінәсін мойындаса, ал қарамұрт өз жамандығын тағдыр тәлкегі солай, «әйтпесе біз де адамбыз ғой», - деп ақталады. «Қара мұрт»: Менің жамандық жасауыма өзің кінәлісің, әйтседе, біз қазақтан кек алғалы жүргеніміз жоқ», деп ақталатынын жылпос, енді бірде» ...Қазақта жер көп. Баяғыдай көшіп-қонып, кең даланы шарлап жүре берем деп ойлайды. Жер жүзінде жалғыз қазақ емес, өзге жұрт та бар ғой, оларға да тіршілік керек. Ендеше, артық жеріңді алғанға өкпелеме. Сен де егін сал, қала

бол. Сонда бәрімізге жер жетеді. Мұны қазақ ұқпайды-ау», - деп мүләйімсіп, өзінше «кінәсін жуғандай болады»².

Жүсіпбек Аймауытұлының шығармаларындағы психологизмінің ерекшелігі оқиғаның әр сәттерінде кейіпкер әлемінің әр алуан реңкте көрініп, жан-жақты ашылады. Ал М. Әуезовтің шығармаларындағы тұлға мінезі керісінше жалпы көрініп, кейін оқиға желісінде мінез ашу, таныту элементтері бөлшектеніп көрінеді.

Мәселен, М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» атты әңгімесін алайық. Арқалық асуының аса қатал қысы. Көз көрсетпес боран астында кедей ауылы бар. Кедей ауылдың шетінде отырған жалғыз үй.

Үй ішінде жақында ғана жалғыз баласы мен немересі өліп, жылап-еңіреп отырған жасы жеткен кемпір, күйеу мен баласының қайғысынан көп жылап, көзінен айырылған әйел, оның қасында отырған он үш жасар бала қыз тағдыры - оқырмандар қауымын бей-жай қалдырмайды. Бұған қоса жем таба алмай, қора ішінде сенделіп тұрған азғантай ұсақ мал мен бір-екі қараны, «Жақыпта алмағым бар еді» деп, күнде келіп қысып бара жатқан Мәрден «борышыңды төле, әйтпесе ана қызыңды Мәрденге әйелдікке бер» деп күнде қылқылдап отырған әумесер ағайынды көргенде Жақып семьясының басына түскен ауыр қайғыны көріп кісі жанынан түңіліп кеткендей болады.

Жазушы әуелі Арқалықтың көз аштырмас долы боранын суреттеп, Күшікбай батырдың тағдырынан мәлімет береді. Одан кейін қатыгез жолаушылармен таныстырып, ол жолаушыларға Жақып семьясының халсіз күйін кемпір әңгімесі арқылы естірте отырып, үрейлі де қатігез трагедиясына жетектеп ертіп апарады. Кемпір мен қыздың қасіретті де қайғылы күйі мен оны еш әсерсіз, міз бақпай тыңдап отырған Ақан болыстың зымиян мінезін, жасырын сырын ашып береді.

Баяу басталған оқиға желісі бірте-бірте қоюлана түсіп, өзі бейнелеп отырған кейіпкерлер психологиясына тереңдей енеді.

М.Әуезов Ғазизаның өлімімен Жақып семьясының соңғы үмітінің үзілгенін көрсету арқылы, Ақан мен Қалтай үшін мақсатының орындалғаны, істің тынғаны, шаруаның біткені, аса бір үлкен жұмыстың тапқырлықпен аяқталғаны болып есептелінеді. Осылайша жазушы өмірдегі шындықты контрасты күйінде көрсете отырып, өткен ғасырда болған әлеуметтік теңсіздікті аңғартады.

Ал «Қартқожа» романында баяндау арқылы Қартқожаның көңіл-күйінің жайын суреттейді, оның психологиясын жанама түрде ашады. Жазушы кейіпкердің жан дүниесіне ене отырып, Қартқожаның монологы арқылы оның ой-толғаныстарын береді.

«...Дүниеде болыстан жауыз жан болады деп ойлаған жоқ. Дәрмен біліп жүр екен. Бұл итті аяу керек емес екен. «Өлтірер ме еді» деген ой

сонда келді. Одан бұрын кісі өлтіру деген нәрсенің атынан шошушы еді. Болыстан кек әперетін кім болу керек? Болыстың келгенін олар білмей жатыр ғой. Оларға естіртпеу керек. Бәлемді шапсын, өлтірісін деген ойға тоқтады да, аттың басын Алғабас тауына бұрды», деген ойы оның байға деген кегін білдірсе, енді бірде «...Дүниенің қызығын көруге екі-ақ нәрсе екен деп жорыды: бірі – ақша, бірі – ғылым...

...Жылқы лек-легімен өтіп жатыр. Уай, дүние шіркін – ай! Анау қара ат, торы ат, құла бие жирен бие, әне бір құла биелерге Шекер де, Күнікей де мінер ме еді. Қаздия қақия отырып, тақымды жапсырып, өкшені қадап тастап, көк көйлектің етегін, ақ шаршының ұшын делендетіп, елпілдетіп, елендетіп желер ме еді! Анау бөк мұрын Шоқандардың астындағы ақ селеуді Күнікейдің астына берер ме еді. Шекер кедейлікті, қорлықты қойшыны бір күн, бір сағат ішінде талақ қылмас па еді. Бірақ оған қолы қалай жетеді? Кім жеткізеді? Құдай ма, бай ма? Жоқ, жоқ, жоқ? Өзі, өзі жетуі керек!¹».

Қартқожаның ішкі монологы ойы, арқылы оның дүниетанымындағы өзгерістерінен, дамуынан хабар берсе, Шекердің ойы арқылы кедейліктен белі босамаған жоқшылық зардабын тартқан тағдыр иесінің ауыр өміріне куә боламыз. Жүсіпбек Аймауытұлының прозалық шығармаларындағы адамның жан иіріміндегі толқыныстарды көрсету үшін диалогтың да мәні ерекше. Жазушы диалогтар арқылы кейіпкерді жай ғана бірінен кейін бірін сөйлете, әңгімелестіре бермей, сөйлесетін адамдарының қарым-қатынасының қандай өзгеріске, қарама-қайшылыққа, қандай мүмкіндік, бірлікке баратынына қарай береді.

Диалогтардың бір ерекшелігі – кейіпкерлердің мінез-құлқы әр қырынан ашылып, оқиға желісіне қарай, әрлене түседі, мақсат-мүддесін білдіреді. Мысалы, мына бір диалогқа көңіл аударайық:

«... – Иә, ол күндей естен қалмайтын күндер болады ғой. Нағыз жұлдыздың терісінен шыққан екенбіз. Бұл қояны құрғырдың жолы қатты болмай қоймайды. Сол күні жолықпаймыз ба деген ойда ма еді? – деп бір қойды.

- Е құдайдың әмірі десейші.. о да сорлы, бақытсыз жан екен, - деді Ақберген мырзасының ойын білгелі.

- Не сорын айтасың? Орыстың қолына түскенін бе, басқа ма? – деп сұрады Бекболат жолдасын байқағалы.

- Соры бар емей немене? Ел-жұртқа әшкере болды... Әбиірі кетті, - дегенде Бекболат та оның ойын біле қойып:

- Кім өмірі әбиірлі боп өтер дейсің. Тағдыр да,- деді.

- Е, Тағдыр ғой. ... Ақбілектің пердесін өзіміз ашпаймыз деген кімнің ойында бар? – деді.

Бекболат Ақбергеннің арбасып келе жатқанын білді де, сөздің бетін ашқалы:

- Сен де қу боп кетіпсің – ау, - деп жымыды.

- Оны неліктен айттың? – деп түсіне қойып Ақберген де жымыды.¹

Айнымас екі достың диалогы арқылы жан дүниедегі арпалыс болып жатқан, бір-бірлеріне айтуға бата алмай тұрған сәтті сыпайы жеткізеді. Тағдырға не шара десе де үмітсіз шайтан дегендей, Бекболаттың ойын, дос ниетін Ақбергеннің біліп, жан дүниесімен сезе қойғандығын ишаралайды. Сол сияқты Төлеген - Ақбала, Ұрқия – Ақбілек, т.б. кейіпкерлер арасындағы диалогтарда сомдалған кейіпкерлердің мінезін танытады, болмысын көрсетеді.

Диалог тәсілі арқала жазушы шығармаларында кейіпкердің арманы, мақсаты белгі береді. Мысалы, «Қартқожа» романындағы бала Қартқожаның шәкіртпен диалогында «оқимын», «мен де оқалы түймесі бар шекпен киемін» деген жылт етпе ойын көрсетіп, арман асуына кейіпкерін алып барады.

«...Үшкелге түсудің ретін сұрады. Үшкөл жайынан артық көп мағлұматы болмаса да, шәкірт:

- «Оған да қаражат керек» - деді Қартқожа:

- «Біздей ересек жігітті үшкөл ала ма?» - деп сұрады.

Шәкірт: «Қайтсең де оқы, оқысаң адам боласың» деп, сөзін бітірді...

Қараңғы түнде елден адасқан адам алыстан жылт еткен от ұшқынын көзі шалғанда қандай қуанады, Қартқожаға да бүгінгі қараңғы елдің ішінде «оқу» деген нәрсенің жарық сәулесі жылт еткендей болды.¹

Ал, «Күнікейдің жазығындағы» мына бір диалогтан кейіпкерді тағы бір қырынан көреміз.

«...Шекер құда-күйеулерінің келетінін естіртті.

- Немене, тығыл-таяндатып? – деп Жұматай түксиді. Онысы қарындасын қимағаны, Тұяқтан қызғанғаны еді.»

Құлтума:

- Оған бір қой сою керек, - деп қоңқ етті.

- Е, қой соймай... Бір түгілі екі қой соярсың, Бір қойды ауыл үйге берем, ырым істеймін. Бір қойды құдаларыңа қонақ асыға бересің, - деп Шекер соқты.

- Ненің ырымы? Қой қайда? – деп Құлтума қоңқылдады.

- Қайда болсын? Табасың! Екеуің сомадай боп отырып жалғыз қызымды қуартқаным ба?...².

Жақсылыққа, тоға несін аясын! Жоқшылық қысқан тағдыр кермегіндегі үш адамның диалогы арқылы олардың мінезін де,

әлеуметтік ортаны да жазбай танимыз. Біреуі – аға боп қарындасын ұзатуға қызғанса, әке – борыштан қашып, ойы сан саққа жүгіреді, Шекерді тоқтатпақ болады. Ал анасы Шекер жоқтан бар жасайтын, намысын қолдан бермейтін өжет әйел ретінде назар аудартады. Сөйтіп, үш-төрт айналым диалог арқылы кейіпкердің жан әлемін оқиға желісіне қатысын байқатады, мінез айшықтарын танытады.

Академик З.Қабдолов: Мінез-адамның ішкі болмысы, белгілі қоғамдық жағдай қалыптастырған қоғамдық құлқы, барлық психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы¹ – десе, сол мінезді танытар оның сөзі әр адаммен қарым-қатынасы, бір сәттегі диалогта айқын көрінетінін, ендеше бұл тәсілдің орны ерекше екеніне көзіміз анық жетеді.

Ж.Аймауытұлы шығармаларындағы кейіпкердің іс-әрекеті, мінез-құлық жиынтығы жалпы бар болмысы көрініп, адам тұлғасының жан дүниесі танылады және оқиғаның шым-шытырық сәттеріне қызмет етеді. Қаһарманның бүкіл бастап кешкен көңіл күйі, әсері әрқилы физиологиялық, биологиялық қалыпта көрінеді. Кейіпкердің ой-сезімі басқа адамдармен әр түрлі қарым-қатынасы қайшылығы жағдайдың талап етуіне қарай, оқиғаға жетелейді, әрекетке айналып, бір-бірімен сабақтасып жатады. Осы тереңдікті көрсету үшін жест, ишара, ым, құралының орны ерекше.

Кейіпкердің жан әлеміндегі жайларды білдіру үшін сөз, ой ғана қызмет жасамайды одан басқа психологиялық шарттары бар белгілер де қатысады. Ишара кейіпкердің қимылы, сөзінің үндестігі, мінез, ой-сезім, көңіл-күйін анық жеткізетін, бояуын қанықтыратын психологиялық құралдардың бірі. Ишара – адамның белгілі бір оқиға кезіндегі, тіпті бір сәттегі көңіл-күйін, жайын көз қиығы, қол сермесі жалпы қимыл-қозғалысы сөзбен бірге жымдасып, үндесіп қосарланып жеткізілетін қосалқы қатынас құралы.

- Біз соғысқа барамыз, сен қайтесің? – деді Ақбілекке. Ақбілек көзі бажырайып, не дерін білмей сасып қалды.

- Қайда болғың келеді? – деп тағы сұрағанда, Ақбілек мойнын әнтек қисайтып, бұғағын бұлтитып, жалынған, назданған дауыспен:

- Ауылыма қайтармайсыз ба? – деді. Қара мұрт басын шайқады. Ақбілек кірпігін жыпылықтатып жерге қарады.

- Тым болмаса, жақын жердегі бір ауылға жеткіздіртсеңіз, - деп көзіне жас мөлдіреп келіп қалды.

Қара мұрт басын тағы да бір шайқады да:

- Бізбен бірге жүргің келмей ме? – деді.

- Соғысқа ма? – деді Ақбілек еңсесін бүкшитіп.

- Соғысқа, - деді қара мұрт иегін бір қағып.

Ақбілек басын шайқап:

- Ендеше мені осында-ақ тастап кетіңіз, - деді.

- Түнде жалғыз өзің қорықпайсың ба?

- Қорықсам да қалайын. Сіздер қайтып келмейсіздер ме?- деді жұлып алғандай.

- Мәлім емес, - деп қара мұрт мұртын дірілдетті»¹

Ишара мен сөздің үндестігінің байланысы, қат-қабат арқылы екі кейіпкердің де қандай күйде, оларды не күтіп тұр, т.б. жайлары ап-айқын көрініп тұрады.

Шығармадағы кейіпкерлердің жан дүниесіндегі түрлі сәттерді танытатын, мінез болмысын, көзқарасын байқататын жайлар ишара арқылы түрленіп, жалпы шығарма оқиғасының желісіне қызықтыра түседі.

- Бұл мәселе туралы губернияда екі түрлі ағым бар. Жазаласа үш түрлі ағым бар деуге де болады. Бірақ мен үшінші ағымды ағым екен дегім келмейді. Өйткені олар бізде тап жоқ, тап тартысы деген орысқа еліктегендік. Бұл болмайтын әңгіме деседі, - деген кезде Жорғабекке көзінің қырын бір жіберіп қойды. Жорғабек «Маған айтып отырсың ғой» дегендей, артынан мықтайтын кісіше көзін бір қысып қойды².

Жазушы кейіпкерлерінің жан арпалысы, сезім иірімдері көзқарас пен қимыл, үнсіз диалог тұтастығымен, бірлігімен де танылды.

«...Бекболат көз қырымен жарының бетіне қарап қояды. Ақбілек бұрынғыдан да сұлу, әдепті, салмақты, сәулім болған екен деп ойлайды. Мұндай жары болғанына ішінен мақтанып мұртынан жымындайды.

Ақбілек әнтек именіп, бетінің ұшы ойып алғандай қызара берді. Бекболаттың бетіне қарауға шыдамайды. Оның салалы саусақтарына көзі түскенде, «қара мұрттың» саусағы есіне түсіп өз ойынан өзі ұялып отыр еді. Күздігүні беймаза қара шыбындай, дәл осы арада есіне түсіп, мазасын алғанға ішінен қынжылып еді. Бірақ Бекболат оны сезбеді. «Сезді ме екен» деп Ақбілек шашын сипаған болып шалқайыңқырап Бекболаттың бетіне қарады да, көзіне көзі түсіп кетті. Оның өзі «сүйгенім бір сен» деп тұрған тәрізді. Талмау, буалдыр көрінді. Ақбілек: «Менде сенің жолыңа жаным құрбан» дегендей салалы оң кірпігін салмақпен қағып жылтыраған қара көзін бір төңкерді. Екеуі де біріне-бірі көңілі тойды...¹ деп, екі ғашықтың тілін көзқарасын қиялымен жеткізіп тұрса, ал мына бір жайдан үнсіз диалогтың арқасында адам сезімнің қаншалықты арам пиғыл екені немесе тарлығы аңғарылады.

«Бекболаттың аңқаулығын сезе қойды да, Жылтыр:

-Е, әбден болады, - деді (әлдеқашан жіберіліп қойған арыз екенімен жұмысы жоқ). Неге десең, Жылтырға ел керек қой.

Бірақ, Жылтырдың жымығанын Бекболат та сезді, әлгі сөзді байқамай айтқанын біліп:

- Бірақ, ол арызыңыз жіберіліп қойған жоқ па? – деді.

- Е, ол арасы оңай. Ретін табамыз, - деді.

- Ретін тапсаңыз дұрыс, деген болды. Ар жағы Жылтырға сенбеді.²

Кейіпкерлердің арасындағы қым-қиғаш қарым-қатынастар, тылсым-тәтті сәттердің табиғатын көрсету үшін ишара, ым, үнсіз диалог, қимыл жайымен көрініп, оқиға бояуын қанықтыра түседі. Бұл ерекшелік Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларында әдемі де сәтті көрінген.

- Мен де бір дамыл алайыншы, - деп, ашық орынға Байман барып жантайды. Күнікей қымтырылып орын берді. Оң қарап, қылымсып, мойнын тұқырта, көзін қырындата, құбылта, қайта-қайта «ә» деген майда дауысын созып, жоқтан өзгеге күліп сөйлесе бастады.

- Мен байқамай жүр екем ғой, - дегенде, Күнікей шұғылдан қоюлана біткен қою қара қасының қақ жылғасын өбістіре көтере қойып:

- Кімді? – деп көзін төңкере қарады.

- Сені.

- Оны неліктен айттыңыз?

- Жақын адам екенбіз ғой.

- Е, со ма? – дегенде, жаратпаған адамша тұмсығын көтерді.¹

Кейіпкердің сыр-сипатын ашуда – адамның сыртқы келбетін, портретін, жүріс-тұрысын суреттеудің орны ерекше. Бұл қасиеттер арқылы адамның бір бірін түсінуін, жеңісті, ашуды, күншілдікті, махаббатты, ызақорлықты, ауыр-жеңіл мінезділікті байқатады.

«...Бұл келген төрт жігіттің бірі, қошқар туған қозыдай, келбетті, бітімді Ақбала еді; енді бірі келбеті де, киімі де қоңырлау, жүріс-тұрысы да солапаттау Балташ деген жігіт еді; одан соңғы дүрдік ерін, жалпақ мұрын, бір көзін аса, бір көзін баса қарайтын Доға деген қара бұжыр жігіт еді. Төртіншісі – Доғаның жанында ершіктей, Балташтың жанында шапашоттай жымырайған Жорғабек деген кісі еді², - деп сырт келбеттерін сөздеріне қарай сыйпаттап, Ақбала, Балташ, Жорғабек, Ықаң, Тыпандар мінездерінің қандай екеніне оқырман көзін әбден жеткізеді. Кейіпкерінің қылық-қимылы арқылы олардың ескі өмір мен жаңа заманға деген көзқарастары байқалады.

Кейіпкерлердің болмыс-бітімін, характерін неғұрлым толық айшықты етіп көрсету үшін портретін мүсіндеулер үлкен қызмет атқарған. Автордың қаһармандар келбетін, тұлғасын, сөйлеу мәнерін әсерлі жеткізілуінен талғампаздығы, суреткерлік сезімталдығы айқын көрінеді. Характерлердің бет-әлпетін, кейпін тұтас қалпында

қаздитып, қазымырланып бейнелемей, көбіне сюжеттік желінің өрбуіне «үлес» қосатын, образдардың табиғатын танытатын, әрі авторлық-көркемдік логиканы бейнелеуге белсене атсалысатын әрқилы ерекшеліктер, (баяндау, диалог, суреттер, т.б. арқылы) есте қаларлықтай сипат-белгілер, көркемдік детальдар арқылы көз алдымызға әкеледі.

Қыз-келіншектердің ажарын бейнелеуде жазушының өзіндік қолтаңбасы бар. Мінезіне қарай түрін келістіріп беру, жан тылсымындағы өзгерістерге қарай бет әлпеттің де алуан реңкте көрініп, түрлі бояумен сырлануы-әрі көркемдік шеберліктің, әрі кейіпкерлер болмысын жазушының терең таныған сезімталдығының куәсі.

...Бұлар үш кісі құс салып жүріп, алғаш барып көргендегі оның түрі қандай еді! Маңдайы қасқайып, мойны қаздып, көзі мөлдіреп, ерні үлбіреп үріп ауызға салғандай жұтынып тұр еді-ау! Тал бойында бір міні жоқ, жаңа шығып келе жатқан сүйріктей еді. Шашбауын сылдыр еткізіп, сып етіп түрегелгені, тізесімен ақ көйлегін серпе тастап, аяңшыл бедеудей кербез дене аяқ басқаны тысқарыда жүріп, жеңгесімен сыбырлап сөйлесіп, дауысы күмістей сыңғырлап тәп-тәтті күлгені, әнтек жымыып келіп, шай жасап, өп-өтірік созылғансып, үш саусағының ұшымен шыны-аяқ әпергені, салалы қою кірпігін салмақпен қағып, анда- санда көз астымен бір қарап қалғаны, мұның шыны-аяғына білдірмей бір қант тастап жібергені...¹ – деп жазушы кейіпкерінің бейнесін авторлық баяндау арқылы бейнелесе, қажет болғанда оқиғаға немесе ситуацияға қатысушылардың өздеріне сөз береді.

«...Қарқындары басылған соң қатындар тарай бастады. Төрт-бес еркек, бірді-екілі қатын қалды. Үйлеріне қайтқан қатын да жаңа бәйбішені сынай сөйлесіп бара жатты.

Біреуі:

- Кәпірдің тікірейген көзі жаман екен, оңдырмас, - деді.

Енді бірі:

- Ерні қаймыжықтай екен, сөзге сойқан шығар, - деп.

- Қабағы қайрақтай боп, танауы делдиіп тұр екен, дәу де болса көқайыл, долы шығар, - десті...»¹ Келтірілген мысалда сөз алушылар кейіпкерді әрқайсысы өз тұрғысынан қарап, сырттай сипаттаған.

Орыс жазушылары В. Г. Короленконың (Жазба кітапшалары), М. Ю. Лермонтовтың «Печорин журналы», М. Е. Салтыков-Щедриннің «Петербургтегі сырт кісінің күнделігі» атты көркем туындыларынан дәуір тынысынан, қоғамдық қарым-қатынастардан, адамдардың мінез-құлқынан, әрекеттерінен мағлұмат беретін жайларды байқауға болады. Мұндағы кейіпкерлер негізінен жазылған күнделік арқылы анық

көрінеді. Әдеби шығармада кейіпкердің атынан жазылатын күнделік – оның көңіл күйін, мінезін, жан сезімін неғұрлым терең әсерлі көрсету үшін қолданылатын көркемдік тәсілдердің бірі.

Осы тәсіл Жүсіпбек Аймауытұлы шығармашылығында да орынды да ұтымды қолданылған. Мәселен, «Ақбілек» романында кейіпкерлердің қарым – қатынасын айқындау үшін Ақбілектің күнделік дәптері шебер пайдаланылады. Күнделік Ақбілектің болашағының «шешілуіне» түрткі болады. 5 ақпан мен 8 сәуір аралығында жазылған күнделік мазмұны Ақбала, Күлән арасындағы өзара сүйіспеншілік, тану қарым-қатынасын танытады. Ақбілектің Ақбаланы ұнатып тұрып, теріс айналуына тағы да осы күнделік әсер етеді. Кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастардың табиғатын білдіретін, күнделік оқиға желісі өткеннен кейінгі сол сәттің дұрыс-бұрыстығын саралап тануға негіз болады. Мәселен Ақбала мен Күләннің арасындағы сезім күйлерінің жайы, бақытының баянсыз болуын осы күнделіктің арқасында білеміз. Осылайша күнделік арқылы Ақбаланың бейнесі мен характері сомдалады. Бұл да жазушының төл әдебиетімізде роман жанрын қалыптастырудағы қолданған амал-тәсілі, өзіндік көркемдік өрнегі, енгізген жаңалығы еді.

Әдеби шығармадағы кейіпкердің болмысы суреттелетін ортаға да байланысты. Кейіпкердің жан дүниесін, кеңістіктегі болмысын суреттеуде табиғаттың ролі ерекше.

Табиғаттың алуан-алуан көріністерін кейіпкер басындағы қуанышты, шаттықты, я болмаса шерлі, мұнды күйлерге орайластыра суреттеу шеберлігін академик С. Қирабаев былай пайымдайды:

«Жүсіпбек суреткерлігі болған оқиғаны әдемі, көз алдына елестете әңгімелеп беруінде ғана емес, ол негізгі кейбір басынан кешкен қиындыққа оның ортасын табиғат құбылыстарын да ортақ етіп суреттей білуінде. Ол табиғатты да, оның сырын да жақсы біледі. Оны әрқашан адам сезімімен, әрекетімен байланыста көрсетеді.¹

Ж.Аймауытұлы құлпырған табиғатты суреттеу үстінде соған үйлесімді, кестелі, өрнекті, нұрлы, бейнелі сөздерді тудырады. Мысалы, «Қартқожа» романындағы табиғаттың мына бір әдемі көрінісіне зер салайық:

«Аспанда ақ сабынның көбігіндей, ақ мақтадай бұлттар. Деген ми қайнар уақыт. Инелік, шегіртке, бөгелек, масаның қалың шөптің арасынан ұшып, әуені қаптап, шарықтап, олай – бұлай жүйіткіп, шыр-шыр етіп, қанаттары дырылдап, ызылдағаннан басқа, екі аттың пысқырып, құйрығы суылдап, аяғын тебініп бөгелек шаққанынан басқа, анда-санда шық-шық еткен торғайдын дауысынан басқа жаңғырыққан ешбір тықыр, не бір үн естілмейді...

...Жаздың бір түні, көреген аспандағы көп жұлдыз көк торғынға шашылған бриллиант тасындай жылт-жылт етеді. Айдын көлге шомылған аққудай көк торғындай көкте сұлу ай жүзеді»¹, секілді табиғат суреттері соның мысалы.

Пейзаж адам образын жасауға қызмет етеді. Көктемі сұлу табиғат, жылауық күз келбеті, асау аппақ қысы, жасыл жайлау, тынысы кең жаз көркі адамның көңіл күйімен астасқан шақта сол тірі адамның өзіндей тыныстап, ойлап, ойнап, күліп, күрсініп шыға келгендей әсер етеді. Мұндай көріністерді сезбей, көрмей, толқымай, тебіренбей оқу мүмкін емес. Ал оқырманды толқыту, жылату, тебіренту – тек қана шебер қаламгер – суреткердің ғана қолынан келетін мықтылық, зор шеберлік.

Адам-тіршілік дүниесінің бір бөлшегі. Сондықтан, адам - қоғам иесі, оның сана-сезімі, ойы, іс-әрекеті өзін қоршаған ортамен, табиғатпен үнемі байланыста. Сондықтан да көркем әдебиет адамды бейнеленгенде оның айналасындағы табиғи құбылыстардың материалдық белгілерін, сезім күшіне әсер ететін қасиет болмыстарын эстетикалық тұрғыдан игереді, саралайды, әрі жүйелеп жинақтайды. Адамды табиғат көркінен ләззат алғызбай, махаббат мұңына шалдырмайынша, күрес-тартыс, т.б.әр алуан шиеленістерге салып ширатпайынша, қуанып, ренжітіп немесе жылатпайынша шығарма эстетикалық биіктен көріне алмайды.

Табиғат пен адам тағдырын ұштастыра суреттеу тәсілінің шығармалардағы эволюциясы жазушы лабораториясының өзіндік сырын ашады. Бұл тәсілді автор өз туындыларының философиялық астарын тереңдету, эстетикалық қуатын арттыру үшін қолданады, сөйтіп, оқырман жүрегіне жол табады. Жазушы романдарында табиғаттың әрбір көрінісі, әрбір деталі тұлға жасауға тікелей қатысады. Кейіпкер тағдырының қиын-қыстау сәттері мен шешуші кезеңдердегі әрекеттер мен психологиялық күйлері пейзажбен ғажап үндестік, үйлесім табады.

Қазақ прозасындағы талантты суреткерлердің әрқайсысының пейзаж бен кейіпкер қатынасын беруде өз қолтаңбасы бар. Мәселен, Бейімбет Майлин пейзаждары ауыл адамдарының тіршілігі мен көңіл күйі жаңа заманның жеңістері мен өзгерістерін бейнелеуге ыңғайланған. Бейімбетте терең психологиялық параллелизмнен гөрі ықшам түрде юмормен табиғатты жандандыра суреттеу көбірек орын алады:

«...Құланиектеніп атып, күн нұрынан бетіне опа жаққан күзгі таң, жиылыстан шыққандарды қошаметпен қарсы алғандай жайраң қақты.¹

«...Күзгі күн ғой. Аспан ала шұбат бұлт. Ойнақшыған күн көрпесін бүркенген қиядан біресе шарбы бұлтты бетіне ұстай қойса, кейде Бәкенді мазақ қылып күлгендей бұлттан шыға салып жымыңдайды.²

«Күн мазағы Бәкенді одан сайын ұялтып, әйелін жиналысқа апаруға мәжбүр болғанын, соған ұялып, қысылып бара жатқан түр-әлпетін көрсетіп, мінезін аша түскендей болады.

Табиғат пен адам мінезінің үндестігі М.Әуезов шығармаларында басқа қырынан бейнеленді. «Қараш-Қараш повесінде табиғат тылсымын ағаш, орман, тау, тас, өзен көл, жыл мерзімін түгелдей қатыстырып, тұлға жасауда жазушы асқан шеберлік, классикалық үлгі көрсетті. «Абай жолы» романындағы әдемі де зерлі алуан пейзаждар кейіпкерлерді кеңістік пен уақыт фонында тап болып, терең танытады. Суреткерлік дарынның осындай ерекшелігін терең ұғынған А.Чехов:

«Природа будет действовать на нас во всей своей силой только тогда, когда все внесли в нее свое человеческое начало, когда наше состояние наша любовь, наша радость или печаль придут в соответствии с природой и нельзя уже будет отделить свежесть утра от света любимых глаз и мирный шум леса размышлении с прижитой жизни»¹ – деп табиғат пен адам көңілінің үндестігіне айрықша назар аударған.

Табиғаттың экзотикалық сипаттағы жалаң көшірмесіне айналмай, адамның көңіл-күйімен астарланып, үндесіп кеткен сырлы да сұлу жанды суреттер ғана шыншыл бола алады, иландыра алады. Мұндай суреттің әрқайсысында адам, адамның сезімі, ойы, үміті, арманы, зейін-қиялы толқып тұрады. Пейзаждың құдіреттілігі де осындай!

Тағы да мысалы жүгінейік:

«Ұйытқып соққан ызылдық жел. Ай жоқ. Қараңғылық қоюланып келеді. Сабаған жүндей түйдектелген шыңылтыр, сұрғылт бұлттар тоғытқан қойдай шоғырмақтанып, тауға қақпақ болатындай, тауды тұншықтыратындай, аш тауықша селдір жұлдыз тарыларын, бір-бірлеп қылқып жатыр. Жұлдыздармен бірге үміт сәулелері де бір-бірлеп батып бара жатқандай. Ақбілектің сұлу жүрегі әлденені сезгендей болды»². Осы пейзажда да Жүсіпбек Аймауытұлы жансыз табиғат құбылыстарына көркемдік мінездеме беріп, оған өзіне ғана тән үйлесімді, жарасымды бояу дарытып, ой-қиялға, жан сезімге әсер ете алған. Көркем пейзаж жасау деңгейі жазушының дүниетанымының кеңдігіне рухани мәдениетінің тереңдігіне құбылыстарды адамның ырықшан тыс объективтік дүниедегі адамның-кейіпкердің тағдыр-талайымен сабақтастырып, гармониялық тұтастық жасау шеберлігіне қатысты. Жазушы әрі осындай ұтқырлығымен ұлттық тілдің нәзік те мөлдір, терең сырларын, әр сөздің көркемдік қасиетін өрнектейді, әрі романның ішкі мазмұның байытып, көркемдік сырын тереңдетеді.

Жазушы шығармаларында суреттеген әр оқиғаға байланысты табиғат лебі де өзгеріп, құбылып отырады. Қазақ өмірінің тұтас панорамасын кестелейтін пейзаж көрінісі кейіпкердің көңіл күйімен, ой-сезім толғанысымен, оқиғаның дамуымен үнемі байланыста болады.

Жүсіпбек Аймауытұлы шығармашылығында табиғатты жалаң суреттеу жоқ. Объективті табиғат суреті көбіне психологиялық сәттермен сбақтасып жатады. Бұл орайдағы жазушының әдебиетімізге әкелген жаңалығы шығармаларында табиғаттың (тауы, тасы, шөбі, ай, жұлдызы, желі өзен-көлі) жан бітіп, құбылысы, келбеті, ажары арқылы «сөйлеп» тұратындығында.

...Міне, Ертіс. Суы қара барқынданып, жаурынын күжірейтіп, көк ала сең арқалап, езуінен көбігі бұрқырап, екпіні үй жыққандай долы Ертіс. Өне бір сеңдер иін тіресіп, үзеңгі қағысып келеді. Оның ар жағында андағайлаған жеке қара сеңдер тұмсығын жұлдырып, күрс-күрс сынып, басы зеңіп, үйдей шомбал кесек мұз майдандағы дәулескер батырдай, жолдағыларды кеудемен соғып, соныдан жол салады. Алыптың айбарына не ғып шыдасын? Шошаландаған қагілез сеңдер тұмсығын жұлдырып, күрс-күрс сынып, басы зеңіп, шыр көбелек айналады. Алыстан бұршақ тендеген нөсер келе жатқандай, әйтпесе қамыс кешіп жолбарыс жүргендей, сеңге қақалған Ертіс булығып, кеудесі сыр-сыр етеді¹.

Міне, айқын да бейнелі, керемет сурет! Қарт Ертіс құдды бір ғасырлық өмірді көрген қариядай көрінеді. Сең-мұздар нөкері, батырлары сияқты. Ертістің таңғажайып, мінезі бедерленген. Пейзажға жан бітіп, тыныс алып тұрғандай нақты.

Екінші бір ерекшелігі – табиғат мінезінің шегіне жете суреттелуінің арқасында шығармада уақыт, оқиға барысы өлшемі кейіпкерлер болмысы терең ашылады.

Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа қарай аққан, құлай ағып Ертіс түскен. Күз күзеткен Күршім бар.

Алтай, Күршім – не заманнан қалың найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысқы қыспақ, жазы самал. Күн жылт етсе, төрт түрлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып мамырласып, жатқаны. Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлді алқалаған ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі – алтай жаз тау еркесі киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлдің самалында сайран етіп жатқаны.¹

Жазушы қашанда сырттай сырдаң суреттеуден аулақ, табиғат құбылыстарына символдық мән-мағына дарытып, жан бітіре суреттейді.

Жазушы сомдаған Ақбілек Күнекей бейнелері ауыз әдебиетіндегі ғашықтық жырлармен және жаңа заман алдында жазылған, әйел теңдігіне арналған прозалық шығармалармен сарындас келетін, бірақ өмірде болатын оның аянышты, ауыр оқиғаны реалистік тұрғыдан суреттейді.

Мысалы, Бейімбеттің Шұғасы қарсылықты сыртқа шығармай, ішке сақтап, ауыр сезіммен азап шексе, Мұхтардың Ғазизасы қорлыққа шымдамай үсініп өледі. Ал Ақбілек-өмір шарасыздығына иілмеген, қайта өткір өжет, күресіп бағуға жанын, арын салған кәдімгі арпалыстағы қаһарман. Табиғаттың дүлей күші де, даланың жыртқышы қасқыры да оны бетінен қайтара алмайды.

...Анда санда арс-ұрс еткен дауыс шығады. Қасқырға тиді ме әйтеуір ағашы кейде бірдеңеге тигендей қолы сүйсініп қалады. Қасқыр одан өршеленеді. Ақбілек жан ұшыра сермейді. Қасқыр қамалайды. Ақбілек сабалайды. Қасқыр абалайды. Ақбілек «аллалайды», қасқыр долданады, Ақбілек дөңгелейді... Қасқыр күркілдейді, Ақбілек шырылдайды. Сөйтіп, Ақбілек көп қасқырмен көп соғысты...² деген сәттерден өмір үшін, өз мақсатына жету үшін өршелене жан аямай күрескен Ақбілектің қайсарлығын, қайратын барлаймыз.

Жазушы шығармаларында характерлердің ішкі әлемінің ұңғыл-шұңғылын көрсету, әрекеттерді психологиялық тұрғыдан жан-жақты дәлелдену, оқиғаның қым-қуыт дамуынан гөрі тереңнен толғану, ойлау, кейіпкер тебіренісі іштей арпалысы, басым болып келуі. Автор ойы мен кейіпкер ойы тұтасып, шығарманың көркемдік табиғатына әсер етуі, көркемдік тұтастыққа айналуы – келтірілген мысалдар арқылы дәлелденген шеберлік үлгісі.

Жазушы тілінен поэзияға тән ерекшеліктер жиі-жиі нышан көрсетіп отырады. Бұл жөнінде филология ғылымдарының докторы Д.Ысқақов:

...Жазушының тіл шеберлігіне тәнті болатыныңыз рас. Романды бастап оқығаннан-ақ қазақтың байырғы тілі бар болмысымен жарқырап көрінеді. Жалт-жұлт еткен сәуле шашқан, асыл сөздер сиқыршыдай арбап, елтіп кетеді. Тіпті прозалық шығарма емес, өлең жолдарын оқып отырғандай әсерде боласыз...»¹ – деген пікірі құптарлық.

Поэзия мен проза табиғаты астасып, жазушы жанының лирикалық әуенін тапқандай болады.

Көркем прозада оның ішінде роман жанрында кейіпкер мекенін және оның ортасын суреттеуде Табиғаттың орны айрықша.

Суреткердің қиыннан қиысқан тіл қуаты, көркемдік таным ерекшелігі арқылы табиғатты әдемі суреттей білу – терең талғампаздықты, үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Төбеміздегі мөлдір көк аспан, самасаған көп жұлдыз, арайлы алтын күн, ақша бұлт, күміс ай, мұнара тау, жасыл орман, сағым билеген көкжиек, көк айдын көлдер, толқыны әсем өзендер, қалы кілем қырмызы дала, қызыл қыр сияқты табиғат әлемі адам баласын ешқашан зеріктірмейтін, қайта оған күш-қуат сыйлайтын асыл қазына.

Табиғат көркінің көркем туындыларында келісті суреттелуі жалпы әдебиеттің көркемдік сыршылдығын арттырады. Ең маңыздысы оқырманның эмоциясына жан-жақты ықпал ету үшін шебер бейнелеуде.

Шебер суреттелген табиғат көріністерінің адамның жан дүниесін сұлулыққа баулуда қадір-қасиеті айрықша.

Табиғаттың әдемі көркіне «жан» бітіріп, тамылжыта, әрі бейнелі суреттеу, көркемдік тұрғыдан игеру – Жүсіпбек шығармаларындағы өзіндік эстетикалық жүйе.

Әдебиеттегі психологизм табиғатын жете меңгерген жазушы Л.Н.Толстой: «Өнердің мақсаты – адам жаны туралы шындықты жай сөзбен айтып жеткізе алмайтын жүрек құпияларын суреттеу. Өнер микроскоп тәрізді. Оның тетігін біліп, туралап алған автор ғана адамның ішкі жан дүниесін ақтара көрсетіп, айшықтай алады,¹ – деген.

Жүсіпбек Аймауытұлы өз шығармаларында, прозасында кейіпкердің рухани әлемін монолог, диалог, автор түсініктемесі, қимыл-ишарат, ым, психологиялық деталь, пейзаж құдіреті арқылы жан-жақты таныта білді, кемел суреттеді. Бұл ізденістер өсу-өрлеу жолындағы әдебиетімізде заңды да жаңа құбылыстардың біріне айналды, жазушының өзіндік қайталанбас суреткерлік ерекшелігі мен көркемдік концепциясын танытты.

III ТАРАУ

РОМАНДАҒЫ ХАРАКТЕР ЖАСАУ ШЕБЕРЛІГІ МЕН АВТОРЛЫҚ ПОЗИЦИЯ

Біліммен толыққан, мәдениетті, ойлау топшылау, жобалау амалдары молайған, ойдың логикалық жүйесіне сай алуан сурет, қиялға ерік бере алатын әдебиет қана өмірдің, табиғаттың ғаламат құбылыстарын, күрделі образдық суретермен бере алады.

Жазушы ерлігі – азаматтық тарихымызға сай, халқымыздың көркем шежіресін жасай білуінде.

В. Белинскийдің бір сөзі осыны дәлелдей түседі:

«Әдебиет бүкіл қоғамның қазынасы, ал қоғам болса, өзінің тікелей болмысын, өзінің сыр-сипатын әрі саналы, әрі әдемі суретті әдебиет арқылы қайта танып, қайта көріп отырады. Қоғам әдебиеттен өзінің шынайы өмірін, алға қойған армандай, санаға құйылғандай таза өмірінің сәулесін табады. Сондақтан да әдебиет дамуының әрқилы кезеңдерінен халықтың тарихы даму кезеңдері білінеді. Мұндай сәттерден тарих әдебиетті танытып түсіндіретіні сияқты әдебиет те халықтың саяси тарихы ұқтырып байқатады»¹.

Ұлы сыншы әдебиетке тән сипатты айта келіп, әдебиеттің қоғам үшін қаншалықты керек және қаншалықты қызмет жасайтындығын танытып отыр.

Қазақ романистері проза белестерінде үлгі алған екі түрлі мектебі бар. Оның бірі – қазақтың байырғы сөз мәдениеті, тіл байлығы. Қазақ прозашыларының көпшілігі әсіресе төл басы, алғашқылары осы тұнық бұлақтан сусындап нәр алды. Профессионалдық романдарға тән шытырманды сюжет пен әртүрлі қақтығыстар, сондай-ақ күрделі психологиялық характерлер мен қаһармандар арасындағы әртүрлі қарым- қатынастарды көрсету, тілдің, сөз құраудың ұлттық ерекшеліктері-баршасы да халық әдебиетінің эпикалық әлемінде бар еді.

Екінші жол – бүкіл дүние жүзі әдебиетінен оның ішінде Шығыс әдебиеті мен орыс әдебиеті дәстүрлерінен үйрену. Осы екі қайнардан бастау алған қазақ прозасы қалыптасты, дамыды, өсті. Бұл өсіп жетілу оңайлықпен келеген жоқ. Үлкен ізденісті, тапқырлықты, талғампаздықты қажет етті.

Жазушы – адам жанының инженері десек, өмір білмей, өнер білмей суреткер болу қиынның қиыны. Оның жазғанына сену керек, күліп-жылау керек, сүйсіну керек. Міне, сондай сөз пірін жете сезінген талғамы күшті талантты жазушы – Жүсіпбек Аймауытұлы еді.

Жүсіпбек Аймауытұлының көркем әдебиет саласындағы ерекше білімі мен эрудициясының танылуы – ой түйінінің, сөз сілтесінің терең жатуы, өмір құбылыстарын сұрыптап, қабылдауға жеңіл қарамауы. Жазушының көрсетпек болған идеялық нысанасы, тар шеңберде қысылыс таппай, ауқымы, құлашы кең, өмір шындығын мол іріктейді. Жалпылама сөз, шашылып құрғақ сөйлеу жоқ десе де болғандай. Оқиғаның бүкіл бітімі айнала қоршаған орта көріністері бейне сомдау ерекшеліктері жай емес, ол күрделі, толғамды.

Жүсіпбек Аймауытұлы қандай да болсын кейіпкердің ішкі жан сарайын сыртқы түсімен үйлес шығарады, әр алуан болмыстарды бергенде сынай қарап, езу тартқызар жай, тұнжырап жек көрер құбылыстар әлеміне апарады.

Жүсіпбек Аймауытұлының «Қартқожа» романында тоқсан, «Ақбілек» романында тоқсан, «Ақбілек» романында жетпіс бес, «Күнікейдің жазығы» повесінде отыз жеті кейіпкерлер жиынтығы бар. Әр кейіпкердің өзіне тиісті болмыстары шынайы бейнеленеді. Аты аталған шығармалардың өзі ішкі қалтарыстармен, көркемдік түрдің айшықтылығымен, мағыналық байлығымен, терең психологиясымен көзге түседі. Мәселен, қазақ ауылының тыныс-тіршілігін жай суреттемей, әр оқиғадан тыс қалмай, соған қатысып отырады, лебізі, көзқарасы тыңдалады.

«Қартқожа» романының ең басты жетістігі – халықтың, ұлттың бейнесі, таптың сезімі, ерлігі, жан-жақты ашылған. Қазақ прозасы тарихында бұл елеулі бір үлес болды.

«Қартқожа» романының басты мақсаты – қаналған қазақ халқының төңкеріс қарсаңындағы бүкіл ішкі-сыртқы болмысын, еш уақытта бітім таппаған дала тіршілігінің ежелгі таптық қайшылықтарын сездіру, сөйтіп, халықтың үстемдікке қарсылығы мен күресінің арғы түп тамырын жаңа заман орнатушыларына жете таныту еді.

«Қартқожа» романы – 1916 жыл оқиғасын арқау еткен, аштық азаны, елді отаршылдыққа айналдыру науқаны, соның бас-қасында болған, сонымен ойы жетілген Қартқожа тағдырының тауқыметі мен жеңісін суреттеген роман-новелла.

Ең тартымды әдебиет болу, қызқты шығарма туғызу сыры – жаңа салтты, үлкен адамшылықты, биік мұратты іс жүзіне асырып жүрген, қалың оқырман қауымға үлгі өнерге бола алатын кесек, ірі, өмір сүйгіш қаһарманға, күрескер мінезді тұлғаларға байланысты болса керек десек, Жүсіпбек Аймауытұлының «Қартқожасындағы» қаһармандары да сол тұрғыдан көріне білді. Романда айтылмақ идеяның анықтығы, оқиғалар мен характерлердің жүйеленуі, сюжет пен тұлғаның

жымдасып өрілуі, композициясының бүтіндігі, көркемдік бояу нақышының нанымдылығымен танылды.

«Қартқожа» романында қазақ халықының тағдырына соншалық әсер еткен объективтік жағдайлар сол тұстағы адамның кешкен көңіл-күйі тұтас баяндалады. Замана оқиғаларының ең керекті жетекші, өзекті желілерді таңдай білуі, кейіпкер тағдырын шынайы өмірмен тығыз байланыста беруі, оқиғадағы басты қаһармандарды көптеген сюжеттік өрістеулер үстінде жүйелі көркейтіп отыруы, бұқараның қозғалысын нанымды шығаруы тіл өрнегінің әдемілігі, суреткер туындысының озық жағы, ерекшелігі. Мықты драмалық тартыс желісіне құрылған «Қартқожа» романында лирикалық, эпикалық, элементтер орынды қолданады. Бұл композицияның тұтастық, дәйектілігі жағынан жинақты шыққан прозалық дәстүрлі қалыптастыруда аса маңызды орын дәлелдейтін роман екеніне көзімізді жеткізеді.

Роман сол дәуірдің аласапыран күрделі құбылыстарынан белгілі дәрежеде дерек бере алады. Жазушы революция дәуірінің шытырман шындығын биік тұрғыдан суреттуді көздеген. Өмір құбылысын екшеу, жіктеу, кейіпкерлер таңдау мен топтау, қаһармандарына дара мінез дарыту жолында автордың жетістіктері жоқ емес.

Мысалы, мына бір сәтке көңіл аударайықшы:

...Ол қазақтың еркін күнін, ескі дәуірін жоқтады, бұрынғы өткен ерлерді, батырларды, билерді жоқтады. Ол күндегі байлықты, берекені, бірлікті, серілікті өлеңге қосты. Бері төмен келген соң қазақтың алты ауыз болып орысқа бағынғанын, елдің азғанын, жаттан көрген зорлығын, қала салғанын, жерді переселендер алғанын, қол-аяқты кісендеп, жылдан-жылға өрісті тарылтып бара жатқанын сөйледі. Бір жағынан қазақтан шыққан жақсылар елдің қамын ойламай, шенге, шекпенге мастанып, елді қанап, пара жеп, жауыздыққа салынғанына кектенді. Елде қызық қалмады, өнері бар жігіт аз өмірін немен жұбатып өткізуі керек?..

Ол жортуылдағы жолдастарын мақтады. Ақмолада Иман Жүсіпті, Қарқаралыда Боранқұлды, Рэтайды, Тобықтыда Тәукені, Майғараны мадақтады¹...

Романдағы бір Дәрмен бейнесі бүкіл қазақ баласының көкейінде тұрған ойын айтып, нала-наразылығын жеткізіп тұрған жоқ па?!

Ұлттың бүгінгісі мен ертеңгісіне суреткер бей-жай емес, соған көңілі толқиды, ойланады жар салады.

Романда бай балаларының параның күшімен жасы өзгертіліп олардың орнына кедей ұлдарының қара жұмысқа жіберілу суреттері шыншыл. Әсіресе, бұл зауалдан қалай құтылуды білмеген кедей баласы

«кемтар, ауру болсам қалармын» деп қаншама өзіне өзі қол салушылыққа барды. Бұл жай романның «Қош аман бол», «Қара таласқанда» бөлімінде жеріне жетіп суреттелінеді.

...Жүргенше талай сұмдықтар болды. Бармағын шапқан, жіліншігін тырнап, алмас жаққан, жарасына тазқарын жапсырған, сау денесін отқа күйгізген, көзіне тұз, ізбес сеуіп, соқыр болған, мертігер ме екем деп асау мінген, биік тамның, ағаштың, тастың басына шыққан, күйдіргі жағынып, жамандаттың етін шала пісіріп жеген, ұшынар ма екем деп аузын сұртпей далаға жүгірген, көп болды... Талайлар дертке ұшырады, талайлар жарымжан болды. Некен-саяқтар өліп те қалды.

«Жауынды күні ит пен бала құтырады» дегендей, со кезде ақсақ, соқыр, таз, мылқау, бүкірлердің қаны жерге тимеді. Оларды орнына көрсетуге жалдаған кісі Қытай қорғанына тығылғанан кем болған жоқ¹...

Суреткер әшейінде бүкір, таза соқыр деп кемсітіп қарайтын, енді осыларға жалынып, жалбарынып, сақтау күткен қазақтың психологиясын танытады. Бұл мүмкіндікті жібермеген кемтарлардың мінезін, бұлдануын көрсетеді.

«...Байжұмырдікіне жеткенше талай қатерлі ойлар келді. Зекеннің қолы елестей бергендей болды. Келсе таз үйінде жоқ.

- Қайда кетті?

- Бұқабай ауылына кетті, - деді шешесі.

- Бізге берген уәдесі қайда?

- Оны білмеймін. Басқа біреуге келісіп қойды білем.

- Ой алла-ай! Мұндай да жауыздық болады екен! – деп тұра жөнелді. Жас ыршып кетті.²

«Қартқожа» романында жазушы Қартқожаның адамгершілік қасиет-бедерін, жаңалық-жақсылыққа құштар көңілін, кезең келбетіне сай суреттеп, сол арқылы өсу, есею жолдарын тартымды баяндайды. Қоғам өміріндегі адам мен табиғат арасындағы қатынас, туған жер және қыр суреттері шындық шеңберінде табиғи сюжетпен өрнектелген.

Романның идеядық, көркемдік бітім-болмысы, өрелі мазмұны, сюжеттік-композициялық құрылымы тұрғысынан әрі әдіс-тәсілдерді меңгеруде жазушының қалыптасқан қолтаңбасы, ұстанған ауқымды позициясы терең таныла түседі. «Қартқожа» романы деректі шығарма. Қартқожа кім? Халқына қандай пайда келтірді? Үш бөлімді романның бас кейіпкері Қартқожа айналасындағы қаһармандары өмірде болған, тарихи тағлымы бар кейіпкерлер әлемі. Дәуір шындығы көркем өнер шындығына айналған көп қырлы, көп сырлы нағыз халықтық шығарма.

Қартқожа бейнесі – бүкіл қазақ кедейінің жиынтық бейнесі. Осы бейненің ішкі тілінде қазақ халықының феодалдық қоғамда көрген

зорлық-зомбылығы да, ел билеген, ел басқарған даналығы мен батырлығы да, жаңа заман лебін сезініп, күресе алатын қадір – қасиетін көре аламыз.

«Қартқожа» романында ұзақ заман хикаясы баяндалады. Ірі тұлғалар, мықты характерлер, мінез-құлықтар бар. Ескінің өшіп, жаңаның өсіп келе жатқан заманда күрескерлік дәрежеге көтерілген Қартқожадай қажырлы жанмен танысамыз. Қартқожаның көзқарасындағы үлкен эволюция нанымды дамып отырады. Романның соңғы бөлімінде Қартқожа – саяси күрескер, қоғам қайраткер екенін көреміз.

Қартқожаның өсіп-жетілуі, азамат болуы – романның өзекті желісі. Оқиға желісінде феодализм дәуірінде өмір кешкен адамның қазақ даласындағы ғажайып құбылыстарды жіті аңғарып, жаңа адамның қандай қат-қабат жағдайда қоғамдық, таптық, ағартушылық идеяға қарай жылжуының заңды, табиғи жолы баяндалады.

Қазақ жеріндегі саяси әлеуметтік өзгерістер, қозғалыстар, жаңалық нышандары, қазақ жұмысшы табы мен зиялы азаматтар тобының қалыптасуы, оның ұлттық – саяси сана сезімінің өсуі – роман қойған басты-басты мәселелер, әрі түбегейлі шешілетін тұлғалы істер жинағы.

Қартқожа бейнесі арқылы қазақ ауылының төңкеріс алдындағы және әлеуметтік қақтығыстар кезіндегі тіршілігі, азаттық жолындағы күрестен кейінгі жаңаша ұмтылысы шындықпен бейнеленеді. Әсіресе, жазушы осы күрес-тартыстар талқысында қазақ кедейінің қоғамдық теңсіздік сыр-мәліметтерін түсінуге жетіп, әлеуметтік әділетсіздіктің себептеріне ой жібереуін нанымды береді. Шығарманың негізгі қаһарманын осы тұрғыдан көрсетеді. Бұл автордың таптық позициясының өткірлігін және ұстамдылығын танытады. Шығарма тарихтың осындай бір кезеңі шытырман оқиғаларға толы тұстарындағы қазақ ауылы өмірінің жалпы шындығын жұмсартпай, шынайы кең тұрғыда суреттей алуымен де бағалы, құнды.

1916 жылғы ұлт-азаттық күресінің басталуы мен оның 1917 жылы ақпан көтерілісіне ұласуы, қазақтардың ел ішіндегі әлеуметтік күрестерге араласуы «Алашорданың» құрылуы мен ақ әскерлерінің большевиктерге қарсы күресі, қазақ көтерілісі мен азамат соғысының сан салалы оқиғалары роман сюжетіне негізгі арқау болып пайдаланылады. Шығарма қаһарманы Қартқожа да оның ел- жұрты да осы атаулы оқиғалар ортасында есейіп, есін жиып, ілгері басады, болашақ заман туын тігіп, оған үлкен сеніммен қарайды.

Суреткер Қартқожаны бірден озық идеялы, көзі ашық, көзқарасы орнықты жаңа, батыл қаһарман етіп жібермейді. Оның бар ғұмыры

тіршілігі теңсіздікте, жоқшылықпен өткен өмір талқысында болып, күрес-тартыс үстінде шыңдалады, өмірде соның ыстығына күйіп, суығына тоңып өседі. Мұндай мағыналы да қымбат ғұмырға салынған жол – ХХ ғасыр басында туған әлеуметтік өзгерістер дәуірі еді. Бұл дәуірде дегеніне жетпесе Қартқожа да әкесі Жұман сияқты шағын бір шаруасын күйттеген момын кедей шаруаның бірі болар еді. Өскен ортаның саңылаусыз қараңғы мәнсіз-мағынасыз тіршілігі Қартқожаны ойлантады. Көшпелі тіршілік пен рушылдық-ағайыншылдық қарым-қатынас қазақ ауылындағы қарама-қайшылықтарды, сырт бөтен көзге бірден көрсетпей, жасырын ұстауға тырысканымен, ел ішіндегі таптық жік, тартыс қоғамдық әділетсіздікке көзге түспей қалмайтын еді. Қартқожа есін жия келе осыны көріп жүрегімен сезе алады. Ол ауылда өзін кемсітіп, әлімжеттік жасай беретін бай балаларының қылығына қоса, әкесінің әлділерден көрген қорлығын да санасына түйіп өседі. Әлділерге қарап істер дәрмен, шама өзінде де, әке қолында да жоғы қатты қапаландырады.

Қартқожа «Өттең менің кедейлігім – ау! Әйтпесе солардың меннен ақылы артық па? Зейіні артық па? Артық болса малы артық. Дүние шіркін-ай! Кегімді алатын да күн болар ма екен? – деп кектеніп кіжінеді күрсінеді.¹

1916 жылы күтпеген оқиға болды. 1916 жылғы 25- маусымдағы патша жарлығы қазақ халқының талай жылдардан бергі келе жатқан ішкі ыза-кегінің сыртқа шығаруына түрткі болды. Әйтсе де, қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі әр жерде, әр кезде басталды. Көтерілісшілер әуелі майданға бармаймыз, өлсек өз жерімізде өлеміз деп ұран шақырды. Көтеріліс, ұрыс қарсыласу кезінде патша өкіметінің, үстем тап өкілдерінің озбырлықтарын, айуандықтарын көріп, сонан кейін ғана олардан құтылу, азаттық алу идеясына келді. Бұл ұлт- азаттық қозғалыс қазақ халқының басына түскен ауыртпалықты көрсететін оқиға болды.

Қазақтың зиялы азаматы Міржақып Дулатов 1916 жылы ақпан айында жазған бір мақаласында Петербордағы Думаның ашылуына орай солдат мәселесін орынды шешу үшін ол жаққа Самарадан Әлихан Бөкейханұлы, Орынбордан Ахмет Байтұрсынұлы, Ақтөбеден Н.Бекметұлы, олардың қолында мынадай тілектердің:

1. Қазақтан соғыс үстіне солдат алынбауы;
2. Солдат алудан бұрын метрика түзеу;
3. Лажсыз алынатын болғанда жаяу солдат болмай, атты әскер болуы;
4. Қазақ пен орыс жер - су һәм правода тең болуы – барын жазады.²

«...Аты аталған елшілер әскер министрлігіне жолығып, мәмлеге келеді»¹.

Яғни, әзірше қазақтар әскерге шақырылмайтыны, олардың қай әскер саласына (атты не жаяу) икемі бары тексерілетіні анықталады. Алайда М.Дулатұлы жазғандай, «Бір күні төбеден түскендей жайдың оғындай июнь жарлығы сарт ете қалды. «Қазақ» басқармасына қазақ жерінің тұс-тұсынан телеграмдар, хаттар жауа бастады. Ол кезде «Қазақ» газетін қазақ елінің көбі: «көз-құлағындай» көретін...Қазақ даласы күңіренді²».

1916 жылғы зауал запыранынан Жүсіпбек Аймауытұлының Қартқожасы да тұншықты. Патшаға, болыс-биге қарсы топты көріп, ол бірте-бірте сол іске өзі де араласады. Өйткені жасын өсіріп жазып, болыс оны да майданның қара жұмысына алуға тізімге тіркеп, жазып қояды. Осы қаралы хабар көтерілісшілермен бірге болған күндер Қартқожа үшін үлкен өмір мектебі болғаны сөзсіз. Бұрын ауыл маңынан ұзап көрмеген бала көптің ішінде жүріп, халықтың әр қилы тобын, олардың мінез-құлқын көзқарастарын көріп, сөздерін естіп, бар тіршілік болмысын таниды. Болыс-бидің елге жасап отырған әділетсіздік зорлығын көреді. Соған қарсы батыл қол көтерген Дәрмен секілді азамат жігіттер де ел ішінде барын біледі. Соның тоқтамына халық құлақ түреді.

«Дүниеде болыстан жауыз жан жоқ. Дәрмен біліп жүр екен. Өлтірер ме еді,» - деген ой Қартқожа басына сонда, келеді.

Қарсы шығу, кектену, жек көру психологиясы Қартқожаның етек-жеңін жинап, өжет болуға, ет тірлікке салынып, өз пейіл - ниетін білдіру қасиетін қалыптастырады.

Қартқожаның рухани өсуіне жол ашқан сәті көтеріліске қатысқан кезеңдегі өмірі, солдат жолы болады. Бұл кезде ол басқа жерде, көрмеген білмеген ортада жаңа өмір сүреді, қараңғылық көгенінен босап, жарық дүниеге жол тапқандай болады. Оның көзіне ашып, дүниенің ағы мен қарасын тануына себепші болған Андрейді ол ғұмырының соңғы сағатына дейін ойында сақтайды.

Жаңа жолда Қартқожа әр ұлт баласының мінезін таниды, жақсы-жаман сырларына куә болады. Тіпті солардың қазақ ұлтына деген көзқарасын да байқап қалады. Ойымызша, жалғаз Қартқожа ғана емес, жазушы позициясының, көзқарасының да бұл жерде сәулесі жылт еткендей болады.

...Іші пысып жүргенде бір башқұртпен таныс болады. Олар да қазақ сықылды жұрт екен. Артық оқулы да, өнерлі де емес, бірақ егін егіп, бақша салады, бал кәсіп қылады. Солдатқа барады, еті тірі ерлеу көрінді. Сол башқұрттың ерлігін Қартқожа көзімен көрді.

Қартқожа екеуі тыста отыр еді. Лазереттің жанына келіп, бір қазақ дамбалын шешіп, түзге отырады. Қазақ - орыстың көзі шалып қалды. Жүгіріп барып, қазақты желкеден қойып-қойып жіберді. Қазақ дамбалының бауын ұстап жығылып тұрып, есі шығып қалды. Бір қолымен басын қорғай берді. Башқұрт жігіт атып тұрып, жүгіріп барып, күзетшіні жағадан алып, жақтан тартып-тартып жіберді. Дәрігер келмегенде недәуір төбелес болатын еді.

- Надан екен деп ұруға бола ма? Осындай зорлығы қалмайды, - деді келіп ентігіп.

- Біздің туысқандікі де жөн емес қой. Басқа жер құрып қалғандай.

- Даланың қазағы қайдан білсін?...

Енді бір жерде сол қазақты оқытып, мақтап та қояды.

«Андрей дейтін орыс. Қазақшаға судай. Сібірге айдалып жүріп жер ауған қазақтың ұрысымен бірге қашып, қазақ ішіне келіп сіңіп, 5 жыл тұрған екен. Қазақтан көрген жақсылығын ұмытпайды екен. Сол орыс қолы тигенде Қартқожаны аздап оқытып тұрды. Оқытқаннан бұрын Қартқожаның көзі ашылғандай көп сөз айтты. Қазақты мақтады.

«Қазақ қайырымды, кең меймандос, зерек ақылды жұрт. Ауыз әдебиеті музыкасы бай. Оқыса, қазақ тез түзеліп кетеді. Оқу керек¹...

Патшаның тақтан құлауынан кейін елге қайтып оралған Қартқожа ендігі жерде оқу-білімсіз өмір сүру мүмкін еместігін түсініп, соған анық көзін жеткізеді. Кедей тақырлығынан құса болып, кей уақыттарда ара тұра кәсіп қуа жүріп, қара жұмыс жасап, Семей, Омбы, Баян аралығында жүріп, оқуын жалғастыруға мүмкіндік алады.

Алашордашылардың тарап кетуі, большевиктердің келуі, қашып кеткен ақ гвардия әскерлерінің іс-әрекеттері, қылықтары Қартқожаның жеке басына әділет бостандық кеңістігі туралы ұғым түсініктерін тереңдете түседі. Оған деген терең көзқарас пайда болады. Осылардың нәтижесінде ол халық, ел, жер тағдырын, оның қас-досы жауы кім, пікірі қандай деген сұрақ төңірегінен ойлана түседі.

Роман Омбыда оқуын жалғастырған Қартқожаның елге оралып, ұстаздық қызметке жеткенін қуана суреттеумен аяқталады. Бала оқытып, елдің сауатын ашып, сүйген Гүлсіміне қосылған Қартқожаның бақытына ортақтас сезімін білдіреді. Ол ауылда жаңару жолындағы істің басы – қасында болады.

Роман желісі жалғыз Қартқожа бейнесі арқылы ғана суреттеліп қоймай, оның өскен ортасы, қарым-қатынасы да жан-жақты мәнерлі ой тізбегімен өрнектеледі.

Шығарманың өн бойында Қартқожа толысқан қаһарман ретінде көрінуі үшін оған адамгершіліктің, азаматтықтың үлгісін көрсеткен Дәрмен, оқып-білім алып, беделді адам болуына жол сілтеген Хасен,

окоп қазу жұмысында бірге болған Андрей, кейін Омбыда оны интернатқа орналастырып, оқып кетуіне жәрдемдескен Полидуб бейнелері бүтіндей Қартқожа портретінің бояуын қанықтырып, болмысын толықтыра түседі.

Жазушының адам мен табиғаттың ара қатынасындағы ерекшеліктерді де байқай біледі. Мәселен, жамандық, жұт боларын алдын ала болжаған халық көзқарасын бақылауы, танымын суреттеуі арқылы шебер бере біледі, қызықтыра түседі, халық көрегендігіне оқырманды таң қалдырады.

...Шөптің шығысы жаман, серейген-серейген еркек шөп бидай бас. Тышқанның шөп жинауы бұзық, інінің айнала төңірегін тап-тақыр қып тастапты. Құмырсқаның илеуінің арнасы шұқырайып кетіпті. Сиыр далаға түнеп жусамайды, кеш болса ауылға жүгіреді. Жылқы ақырайып, тыраңдай жатпайды. Малдың ындыны құрып барады, атау кересін жеуге асыққан немеше! Адал құс ерте қайтты¹.

Жүсіпбек Аймауытұлының қаламгерлік қарымы, атап айтқанда, өмірге терең үңілуі, қоғамдық үрдістің мәнін шығармашылықпен жан-жақты зерделеуі, табиғилықпен диалектикалық, тұрғыдан тұтас әрі сан қырынан қарайтын сұңғылалығы, терең пайымы – бәрі үлкен тағлым.

Академик С.Қирабаев: Жүсіпбек реализмі ел тіршілігінің, халық тұрмысының жалпыға ортақ қиындығын жұмсартпай, оның ұнамды-ұнамыз жақтарын кең суреттеуіне негізделеді², - деп түйіндейді.

Шынында да, «Қартқожа» романындағы ширыққан оқиға кернеуі, дараланған характерлер, кейіпкерлердің ықшам да өткір ойлары, сөздері драматизмге қанық. Шығарманың мәні – өмір иірімдерін, тірік тынысымызғы көркемсөз арқылы белсене араласуында ғана жатқан жоқ. Автордың түп ниеті – заман талабын, дәуір тынысын, ойлы өмірінің мән-мағынасына айналдырған, қоғамдық мүдде мен жеке бас мүддесін бір санайтын белсенді парасат иесі – жаңа адамның бейнесін мүсіндеу болса керек.

Жазушы интелектісінің шығармада көрінуін байқататын белгілердің бірі - ұлттық психологияның табиғи негізін, нәзік нюанстарын және оның уақыт әсеріне қарай өзгеру сипатын терең біліп, суреттеуінде. Адам жанының рухани байлығын, сұлулығын, рухани тазалығын сырт сұлулығыннан жоғары танытады.

Жазушы шеберлігінің деталь дәлдігі әрбір кейіпкерінің ерекшелігі арқалы көрініп отырады. Негізгі кейіпкерлерден басқа қосалқы бір рет көрініп, кейін қайталанбайтын кейіпкерлердің де кескін-келбетін шеберлікпен игере, сөз арасында айта кетеді.

Жүсіпбек Аймауытұлы «Бұ бір түйткіл болды» деп бастайтын оқиға желісіндегі Қартқожаның әменгерлікпен үйлену жайы сөз

болады. Романда бір екі жерде ғана сөйлеп көрінетін жеңгесінің іс-әрекеті, назы, ашуы сияқты мінез қылықтары Қартқожа бейнесін танытуға толықтыру болса, ал жеңгесінің осы әрекеті арқылы оның бар болмысы танылып-ақ қалады. Сол сияқты романдағы Ақып, Соқыр, Мақан, Жолды дегендер, Батиолла, Қалау дейтін ноғайлар, Біргебай, Қойшы, Зекен, Әмет, Әдепбай – ауыл жігіттері бір екі ауыз сөзімен іс – әрекетімен, келбеттерімен көріп жатамыз.

Оқиға өрісі кең, негізгі сюжеттің қосалқы эпизоттары көп.

Жүсіпбек Аймауытұлының кейіпкерлерінің өзара тілдесулерінде, кездесулерінде жасандылық ізі байқалмайды шынайылығымен есінде қалып отырады. Одан қалса суреткер кейіпкер сезінің айтылу ырғағына ерекше мән береді.

«Қартқожа» - қазақ кедейінің таптық ой санасының күрделі өсу жолын бейнелеген эпикалық кең тынысты туынды. Жазушы төменгі таптан шыққан кейіпкерінің бітіміне, қалыптасу үстіндегі сана-сезіміне терең үңіліп, Қартқожа кейпі арқылы танытып шықан. Роман тілінен оның әр алуан суреттеу, баяндау тәсілдерінен шығарманың бүкіл болмысынан Жүсіпбек Аймауытұлы талатының жаңа бір қырын көрсетті. Ол өмірдегі күрес, тартыс, іс-амал, қарым-қатыстар шығармада суреттелер кезде толық, әрі жанды болса деген талапты қоя білді. Автор кейіпкерлердің іс-әрекет, мінез құбылыстарын жалған ситуацияларға емес, характердің, оқиғаның табиғи даму мүмкіндіктеріне негіздейді.

Романда сол сияқты киелі Баян топырағының шежіресінен, оның тұлғалы би-шешендері, ақындары мен батырлары, болыстары мен байларының есімдері аталып, оқырманға іргелі ел-сүйіндікті таныстырады.

Ж.Аймауытов – ХХ ғасыр әдебиет дамуында айтулы тұлғалардың бірі Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қазақ әдебиетіне сіңірген ұланғайыр еңбегін танып, оның лайықты бағасын берген зерттеуші.

1926 жылы Қазақстан оқу комиссариаты бәйге жариялағанда екінші орынды иеленген, сол жылы Семей қаласында жеке кітап болып шыққан:

«Шернияздың шері бар,
Шерлі қылған елі бар,
Көзінде қанды селі бар,
Аузында зарлы желі бар,

Ел ниязы – Шернияз», - деген эпиграфпен ашылатын «Шернияз» пьесасын Жүсіпбек Аймауытов Сұлтанмахмұт рухына арнаған екен. Кітаптың үшінші бетінен мына төмендегі өлең жолын оқимыз:

«Қараңғы қазақ көгіне,

Өрмелеп шығып күн болам.

Қараңғылықтың кегіне,

Күн болмаған кім болам! – деп өрттей заулап келе жатқанда ажал оғына тап болып, арманына жете алмай, жастай кеткен Арқаның арқар жанды, асқар жүректі аяулы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғырұлының аруағына арнаймын», - деп Жүсіпбек қолтаңбасын қалдырған.

Кейін Сұлтанмахмұттың өлеңдері, поэмалары, романдары, публицистикалық шығармалары ел аузынан жинағандары тұтастай дерлік теріліп, «Қазақ әдебиетінің классиктері» сериясында «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының толық шығармалар жинағы» деген атпен 1933 жылы Қызылорда қаласындағы «Қазақстан» баспасында жарық көрді.

Міне, осындай көрегенділік жасаған суреткердің кейіпкері Қартқожа да ұлы ақынмен кездеседі.

Сұлтанмахмұт пейілінен, жарқын ойынан нәр алған Қартқожа болашаққа батыл қадам жасайды. Бұл жөнінде кейін халық жазушысы Жүсіпбек Аймауытұлының шәкірті болған Дихан Әбілев та өз трилогиясында суреттеп кетеді:

«Қазақтың көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров өмірінің соңғы сәттері, соңғы көктемі. Ақын әл үстінде жатыр Мендеген ауру қыршын жасты төсекке таңған. Ақынмен бақұлдасып қалуға, көңілін сұрауға он болыс Баянауыл дуанынан келіп жатқандар көп. Солардың бірі Қартқожа Тоғанбаев. Дастархан басы, ақын мен жас жігіт шай ішіп отыр. Ақын зорлана сөйлеп отырған сияқты. Бұл жолға айтқаны орыс тілінің, орыс өнерінің жайы еді.

Орыс тілін ер жетіп кетсе де, еркіне қоймай үйренуі арқасында дүниені өзгерткен Лениннің ревлюцияшыл еңбектерін оқу дәрежесіне жеткенін мақтан етті.»

Қартқожа болса Сұлтанмахмұт сөздерін құлағымен ғана емес, жүрегімен тыңдап отырған тәрізді. Мән-мағына ұққысы келуде. Қартқожа кей жігіттерден сирек кездесетін байсалды мінезіне естігені мен көргенін, талғамы мен толғамына ұқыпты жинап, көкірегіне сыйғыза беретін қалпын Сұлтанмахмұтпен кездесуінде де берік сақтайды. Ұяң отырса да асыл бұйым, жаңа арман алып қайтатынына сенім қуанышы қоңырқай көзінде күлімсірейді¹».

Сөз өнері – дерт. Бұл дерт, жақсы мағынасында, уақытқа бәсін бермей, адамзат қызметіне жарап туған кезде дүние төңкерілмейді. Інжіл «әдемі сөз болды» деп басталады, жарық дүниеде сөз пайда болған кезде құлақ тұнған ызы-қиқу басылып, екі аяқты жұмыр бастысы мен төрт аяқтының ара жігі ажыраған көрінеді-мыс дейді.

Асылында, сөз өнерінің табиғатын игеру – оның құпиясын танып білуінде болар. Шеберлік жолы шексіз. Оның басты қиындығы – жазушының жан жүрегіндегі сезім мен сырды өзгенің ой – санасына мейілінше әсерлі және сұлу жеткізу, ұтымды және дәл дарыту.

Ж.Аймауытұлы да осы шеберлік шыңында көріне білді. Аталы сөз шежіресі – шешендік сөздерді риторикалық сұрау құралдарын пайдаланып, шығарма шырайын келтіре түседі.

Мысалы: «Туған жер: бөліміндегі өскен жер, Отанға деген махаббатын, сағынышын Қартқожа үлкен бір леппен, жалынды үнмен жеткізгендей болса, Қартқожа қоғам қайраткері, халық қалаулысы болғанын «Кім?» бөлімінде танытып, оның өсу, есею жолынан есеп бергендей болады. Шығарманың шарықтау шегін – осы бөлім түйіндейді.

Әйел теңдігі тақырыбы озық мазмұн ретінде ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде тарихы қысқа уақыт ішінде түр жағынан да, мазмұн жағынан да ең келелі мәселе болып есептелінді. Осы тақырыппен адамдық ар-парасат, жеке адамның бас бостандығы үшін күресу мәселесі ерекше көзге түсті.

Қазақ қыздарының басындағы ауыр тұрмысты суреттеп отырып, оларға білім мен тәрбие беруді, сүйгеніне қосылуын арман еткен Абай, Ыбырай, Шоқандар өз шығармаларында бар ынталарымен насихаттай білді. Бұл тілекті ХХ ғасырдың басындағы қазақ ағартушылары С. Көбеев, С. Торайғыров, М. Сералин, Т. Жомартбаев, С. Дөнентаев, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы өз шығармаларында да арқау етті. С. Көбеев «Қалың мал» романын жазып, Гайшадай теңіне қосылып, жақсы тұрмыс құрса екен деп армандаса, С. Торайғыровтың «Қамар сұлуындағы» Қамар бас бостандығын қорғап, ескі әдет-ғұрыпқа, үстемдік жүргізіп отырған дін, дүмше молдаларға қарсылық білдірді. Арманына жетпесе де, қарсылығы мен қайратын анық байқатып, қазақ әйелінің бір қадам алға басқанынан хабар беретіндей. Ал оның алдығы батыл қадамы, бір мысқал болса да жеңісі «Кім жазықтыдағы» Аппақай, Жүсіпбек Аймауытұлының Ақбілек, Гүлсім, Күнікей бойларынан табылады.

Жүсіпбек суреттеген қыз-келіншектерінің бет-бейнесін, терең психологиялық толғанысын ұтымды беруімен ерекшеленеді. Оқиға тартымдылығы, кейіпкерлер тағдыры оқырман қауымды тебіrentпей қоймайды. Шындықты қиялмен сағымдатпай, арманның орындалу тұрғысынан алып, өмір құбылыстарын өзінің нақты, анық болмыс күйінде бейнелейді.

Жүсіпбек Аймауытұлы «Ақбілек» роман мен «Күнікейдің жазығы» повесіндегі адамның көңіл күйі, сүйсінуі мен ләззатты, жек

көруі мен азап шегуі – жан дүниесінің әр қилы ерекшелігін анықтай, айшық, оймен, өрнекті сөзбен жазып, адам жанын рухани дүниесін баурап, ерекше бір күйге салады.

«...Адам - әдебиеттің жүрегі, адам өмірін бейнелеу – әдебиеттің түбегейлі мақсаты. Дүние жүзі әдебиеттерінің бұрын сонды жасалған оңды үлгілерінен реалистік көркем туындыға үнемі өзек болған адам өмірін, адам образын көреміз. Сондықтан әдеби дүниетанытқыш және тәрбиелік құны адам өмірін қаншалықты толық, терең, нәзік суреттеуімен өлшенбек»¹, - деп академик М.Қаратаев көрсеткендей, Жүсіпбек Аймауытұлы романындағы кейіпкер жан дүниесі де соншалықты күрделі, терең ойыстарымен өрнектеледі. Көркем туындыдағы әйел образының жан дүниесін екшеп суреттеуде Жүсіпбек Аймауытұлының өз қолтаңбасы бар.

Әрине, орыс әдебиеті мен шығыс, туысқан халық әдебиетінен сусындап, шеберлігін шындай түсері сөзсіз. Мәселен, заңғар жазушы М. Әуезов: «Мені тәрбиелеп өсірген үш анам болды. Оның біріншісі – қазақ халықының ауыз әдебиеті болса, екіншісі және үшіншісі – орыстың классикалық әдебиеті мен татардың классикалық әдебиеті»², - дейді.

Сөзсіз Жүсіпбек Аймауытұлы да осындай пікірде екенін кейін татар әдебиетшілері Х. Усман, Ф. Мусин, естеліктері растай түседі. Әсіресе, Жүсіпбек Аймауытұлының «Ақбілек» романын жазуға түрткі болған Баянауыл, Алтай өңіріндегі болған оқиға негіз болса, екінші татардың халық жазушысы Ғалымжан Ибраһимовтың «Қазақ қызынан» көп нәрсені үйренгенге ұқсайды.

Сөзге шебер, дарынды жазушы Ғалымжан Ибраһимов қазақ сөз зергерлері Б. Майлин, С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлымен әдебиет майданында әріптес, халықтың көп ғасырлық тұрмыс-салтын бейнелейтін шығармалар жазған мықты қаламгер болды. Сөйте тұра Ғ. Ибраһимовтың өзі де қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетін тұшына зерттеп, өз пікірін де білдірген. Мысалы, ол Қостанай, Қызылжар өңірін аралай жүріп: «Қазақ жыры, қазақ өлеңі – ғажап!... Қазақ халық аса дарынды, талантты халық. Кең жайлауда, жаздың самалды кешінде тартылған домбыра сазы қандай тамаша!»¹ - , деп лебізін білдірген.

«Қаным – башқұрт, тәнім – татар, жаным - қазақ» - деген татардың ұлы жазушысы Ғ.Ибраһимовтың «Қазақ қызы» романы 1909-1911 жылы жазылған екен. Бірақ, төңкерістен бұрын бұл туындыны жариялауға еш мүмкіндік болмай, тек 1923 жылы Қазанда жарық көрген. Кейін уақыт өте Москвада орыс тілінде шығады.

«Қазақ қызы» романында қазақ жұртының революциядан бұрынғы әлеуметтік өмірін, ондағы ру таластары мен таптар тартысын, қазақ әйелдерінің аянышты ауыр халі мен оның азаттыққа ұмтылған арман, әрекеттері шынайы суреттеледі.

Суреткер қазақ халықының ұлттық тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, салт-санасын білгірлікпен, сүйіспеншілікпен бере білген. Романдағы Қарлығаш атты қыздың тағдыры арқылы бүкіл қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен мол хабардар екенін танытады. Кейіпкер тағдырына солғын қарамайды, қазақ қызының әдеби образын жасап, әйел теңдігі мәселесін өзі көтерген әлеуметтік мәселемен қатар қояды.

Қазақ әйелінің тағдыры бүкіл қазақ зиялыларының әсіресе, ақын – жазушыларының назарынан тас қалмағаны белгілі. Ойымыз дәлелді болу үшін мына бір тарихи көркем деректерді келтірсек жеткілікті сияқты. Халқымыздың заңғар жазушысы М. Әуезов «Өз жайымнан мағлұмат» деген ертеректегі өмірбаяндық материалында: «Алғашқы жазуларым сырлы әдебиет бетінде болмай, газет, журнал мақалаларынан басталады. Ең алғашқы баспаға шыққан статьям «Сарыарқа» газетінде «Адамдық негізі-әйел» деген нәрсе еді¹, - деп онда замана толғағы болып келе жатқан мәселені сол кезде айтқаны белгілі.

«Әйелдің басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағлымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе!² – дейді.

М. Әуезов пікірін ақындық әлемінде айрықшы із қалдырған поэзия тәңірі М. Жұмабаевтың шығармашылығында да жаңғыра түседі. Ал, Жүсіпбек Аймауытұлының өзі әйел, оның тәрбиесі жөнінде «Әйелдер күніне әзірлену керек», «Әйелді мектепке алыңдар», «Қазақта жезөкше бар ма?» атты мақалаларында қоғамның негізгі нәзіктік пен симовлы, ақыл мен парасаттың иесі әйел жаны туралы толғамды ойларын білдірді. Қоғам саулығы жақсы болу – әйел жанының тазалығында, оның білім парасатында екенін шегелеп айтады.

Жүсіпбек Аймауытұлы «Бұл күнде кеңес мемлекетінің зор мәшинесін жүргізуге еркектер бір тетігі болып, қызмет етіп отырса, ондай тетік болуға әйелде де мүмкіндік бар. Мәшинені жүргізуге әйелді жібермей отырған не? ол – әйелдің қаріп танымайтындығы³», деп себебін айтса, «Мектепте әйелдер көп оқысын десек, саяси ағарту бөлімдері әйелдерді оқытуға ең жақсы оқытушыларды жіберсін. Мектепке қызықтырсын және оқуды өмірмен байланыстырсын, әйелдердің тілегін орындап отырсын.

Мысал үшін алдымен әйелге азаттық берген кеңестің декреттерін түсіндіруден бастау керек, қалың малдың, күйеуге жастай берудің зиянын оқыту керек...

Әйелге хат танытудың бір мақсаты, көбінесе, әйелдер құқын сақтай білетін адамдар болып шығу. Жалаң өз басы емес, бүкіл әйелдердің өжет қорғаушысы болып, декреттердің өмірге дұрыс іске асуын бақылау¹, - деп түйіндейді.

Ж. Аймауытұлы осындай ойымен қоғамдық тың мәселені көтерсе, оның жалғасы дәлелі ретінде әйел тағдыры роман, повесть, әңгімелерінде де көркемдік шешімін тауып жатады.

Ғұмырында халықының перзенті болуды әрқашан да негізгі нысана еткен ұлы суреткер көшпелі елдің тұрмысына ене бастаған өзгеріс пен жаңалықтың адам санасын әсер етуін көркем образдар арқылы бейнелеп жеткізеді. Мұнда да Жүсіпбек Аймауытұлы кешегі қорғансыз, панасыз, еркіндік пен бостандықты арман еткен қыз-келіншектерді өзгеру, өсу үстінде бейнелейді.

Жүсіпбек Аймауытұлының «Ақбілек романын жазған кездегі басты мақсат-міндеті – қарапайым қазақ ауылындағы әрбір сәт сайын болып жатқан өзгерістердің қазақ қыздарының тағдырымен астасып беруінде, оның идеялық және адамгершілік жағынан өсуін, зұлымдық пен зорлыққа қарсы күресін көрсету. Суреткер бұл мақсат – міндетін өте шебер орындап шыққан. Ақбілек бейнесі – «натура». Жүсіпбекке дейін ешбір жазушы мұндай қадам жасамаған. Тек Абай ғана адамның сүю, күй сезімдерін шынайы берсе, ал Жүсіпбек Аймауытұлы алғаш рет табиғат сыйлаған зор құдіреттерді, оның ащысы мен тәттілігін шегіне жете өрнектейді. Абай суреттеген сүю, махаббат тылсымын Жүсіпбек Аймауытұлы әр ортада қарап, оған психологиялық зерттеу жүргізеді.

Суреткердің шағармасындағы шиыршық атқан суреттерді нақты өмірдегі күнделікті қаһармандар тағдырының күрт бетбұрыстарын, олардың өмірден өз бағыт-бағдарын табу жолындағы ізденістерін бейнелейді. Ақбілектің айналасындағы сомдалған характерлер әлеуметтік, психологиялық қырларынан көрінеді, заманның басты бағытын, ағымын байқатады.

Заман оқиғалары негізінде Ж.Аймауытұлы сол бір аумалы-төкпелі кезеңдердегі қазақ ауылы өмірінің шындығын, адамдар тағдырындағы өзгерістерді, тынымсыз ізденістерді кең бейнелейді. Әрбір сюжеттегі қазақ ауылының ескі өмірі мен ондағы түрлі тағдырмен ғұмыр кешіп жатқан адамдарының бойындағы күйлер мен ұғымдар тартысының бейнелері суреттеу шеберлігінің кеңдігін көрсетеді.

Ақбілектің бейнесі шытырман әрекеттер арқылы дамиды. Марқакөл жағысында терең шатты мекендеген момын шаруа Мамырбай ауылының банды шауап, әйелін өлтіріп, бойжетіп, оң жақта отырған қызы Ақбілекті солдаттар алып қашып кетеді. Орысша тіл білмейтін, сорлап қалған жас қыздың азапқа толы, өлім мен өмір, өң мен түс арасындай аянышты күндері басталып кетеді. Ер бетіне тіктеп қарамаған қыз, абыройынан айырылып еріксізден, еріксіз ұяттан күйіп, атын білмейтін қара мұртқа ермек болады. Тұтқынға түскен сорлы қыздың не тілін, не дінін білмейтін әдет-ғұрпы, салт-санасы басқа «қарамұртқа» орыс офицеріне еріксіз әйел болу жайы кезіндегі жан күйзелісі шебер беріледі.

Тұманды ой жетегіндегі Ақбілек санасы алдымен қарамұрт офицердің өзіне жасаған қорлығын ғана емес, мүсіркей қарауын, еркелетуін сезінеді, оған қоса тау-таста ақпен ақ болып қашып ел-жұрттан безіп, түн қатып, ат үстінде бел шешпеген түсі суық, сыры белгісіз бұл тобырдың жай-сырын аңғарады.

Туған жер бесігінен, ата-ана мейірімінен шықпаған, ауылдың бұйығы қызына өзгеге қарағанда қарамұрт оның жан дүниесіне жылы әсер қалдырады. Неге? Қалайша?

Ол Ақбілекті көптен қорғады, жирен орыстың дәрекі қылығынан арашалады. Ал енді бір сәтте қара мұрттың қызға таласып, өзін оққа төсеуі, жекпе-жекте жирен орысты өлтіруі Ақбілек үшін жанын қиюының, сүйгенінің белгісі сияқты ойларға апарады. Осы оқиғалар қызды тағдыр жазуына амалсыз көндіреді, дегенмен Ақбілек іштей жан күйзелісті бастан кешеді.

Жазушы осы оқиғаларды зорлықпен жәбірленген қыздың жау қашқаннан кейінгі ессіз тау ішінде жалғыз қалған сәтімен ұштастырады.

Жазушы кейіпкер қайғасына ортақтасып, өз көзқарасын анық білдіреді.

Қайғы құшағында болғанымен, Ақбілек жансыз, әрекетсіз емес. Оның қарамұрттың оғынан өзін арашалап қалуы – өмір үшін күрестің басы, яғни, оның қиыншылықпен арпалыстағы алғашқы жеңісі. Ал екінші жеңіске ессіз табиғатпен, меңіреу түн қауімімен күресте жетеді.

Романның ендігі желісінде жазушы залымдардың қармағында болған Ақбілектің бойындағы ар мен жан таласын суреттейді. Енді ар мен жан таразыға түседі. «Жаным - арымның садағасы», дейді ғой қазақ атамыз. Жазушының мұнымен діттегені – адамға ең алдымен ары қымбат. Ақбілек ең алғашқыда ары үшін алысады, сол үшін қайғырады. Өйткені ата-ананың, сол ортаның берген тәрбиесінде ең бірінші орында ар тұратыны белгілі. «Өлімнен ұят күшті» демекші, ұят ардың бет

пердесі деген қағиданы суреткер тағы да Ақбілек тағдырымен растай түседі.

Жүсіпбек Аймауытұлы адам психологиясын зертей келе, адам баласы бір ортадан екінші ортаға өткенде оның мінез-құлқы да бірге өзгереді деген тұжырымға келсе, оны Ақбілек бейнесі арқылы дәлелдейді. Ақбілекке өз ортасында жүргенде ары қымбат болса, енді екінші ортаға келгенде, яғни өмір мен өлім көпірі арасында ол арын жаны үшін пида етеді. Бұдан кейін сорлы жанның тау-таспен, өзен-көлмен, ағаш-жапырақпен, аспан – көкпен, құс-жәндікпен, қара жермен мұңдасуы, зар еңіреп сыңсуы, терең қайғы шыңырауына батуы зор шеберлікпен бейнеленеді.

Жүсіпбек Аймауытұлына дейінгі қазақ ақын-жыршылары өз шығармаларындағы қазақ қыз-келіншектерінің тағдыры соңында шарасыздыққа, яғни өлімге барып тірелгені мәлім. Мәселен, С.Торайғыровтың Қамар сұлуы, Б.Майлиннің Шұғасы, М.Әуезовтің Ғазизасы тағдырларының үкімі – өлім болса, Жүсіпбек Аймауытұлының Ақбілегінің тағдыры, жарқын өмірі үшін жанталасқан кейпін көрсетеді.

Хас суреткер қор болған Ақбілекке бейтарап қарамайды оған аяушылық сезім білдіреді. Мынау қорлау, рәсуалауға суреткер жаны қатты ауырады, бірақ қаһарманын құзға құлатпайды. Оған демеу болар, жанын ширықтырар оқиғалар ішінде сынап, әдемі суреттеулер жасайды. Оқырманын бір «уһ!» - дегізіп, Ақбілектің келесі күнінің таңын атқызады.

Автор шығармада оқиғаның шашыраңқы болуына, я болмаса оқиғаның шектен тыс ұзақ суреттеліне жол бермейді. Табиғат көрінісі – ауыл, адам бейнелері, мінез, іс-әрекет, күнделікті тұрмыс қарекеттерінің детальдары көбіне жанр табиғатына сай ықшамдылықпен жүйеленеді. Романның композициялық құрылысы да көрікті, әрі ықшамдылық шарттарын берік сақтаған.

Әдеби туындының адамға әсер етер күші оның сыртқы құрылысында, оқиғаның кездейсоқ тіркесуінде емес, жазушы идеалының ой-түйсік түйінінде, өмір суреттерінің айқындығында берген образдарының даралығында болса керек.

Өз халқының өмірін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін, жоқшылығы мен тоқшылығын жақсы білген Ж.Аймауытұлы сахара тіршілігінің сол кездегі қатыгездігіне қарсы тұрғанын Ақбілек, Күнікей бейнелері арқылы жеткізеді. Ол ауыз әдебиетіндегі ғашықтық жырлармен және жаңа заман алдында жазылған, әйел теңдігіне арналған прозалық шығармалармен сарындас келетін, бірақ өмірде

анық болатын аянышты ауыр оқиғаларды асқан реалистік жолмен шешіп берген.

Ақбілек те, Күнікей де өмір шарасыздығына иілмеген, қайта қайралған пышақтай өтірік, өжет, күресіп бағуға жанын, арын салатын, кәдімгі арпалыстағы кейіпкерлер.

Ақбілектің тәтті өмір талшығына кім ортақ болмады? Адам қасқыры мен табиғат қасқыры оның жонын тілгілеп, қалай жанын күйдірді?!

Ақбілек бара-бара өмір тартысына шынығып, өзіне күш-қайрат бере біледі. Өмір шоғына сенім тамшысы себеленіп, бойына күш-қуат дариды.

Мысалы: «...Ұлыған дауыс анық толастап бара жатады да, тағы естіледі. Бара-бара ұлу молайды. Ақбілектің қолы қостың бір уығын суырып алады. Қасқыр келсе, қару қылмақшы. Өне, қараң ете түсті... Ойбай-ай, бір топ қасқыр.

...Заула, отым заула! Мазда, отым, мазда! Қорқақ аңдар, тілсіз жаулар! Күйдіремін, өрттеймін!» - дегендей Ақбілек от тәңірге сиынып, таң атқанша маздатып, жаны аман қалды.

Қызыл көз, қасқыр жүз, қабылан азу қара түнді Алтай аңғарынан үркіткелі, қорғасын аспанға алтын айдай Күнікей сұлуды өрмелеткелі, күншығыс ұжымағы қызыл қақпасын ашқанда, Ақбілек артына алақ-алақ етіп жолға шықты. Белінде түндіктің бауы, етегі ышқырында, қолында түндегі сойылша. Кімді ұрып жығатынын кім білсін, әйтеуір ала шықты¹.»

Тегінде, төл әдебиетіміздегі кейбір жазушылардың шығармаларында кейіпкердің бір сәттегі жанталасы, қасқырмен арпалысты беруі өзіндік бір символикалық мәні бар сияқты.

Қасқыр – табиғат заңдылығында азулы күш, жыртқыш аң, талап – жарып өтер хайуан. Оның өзінің инстинкті бойынша өмір сүретін, қасқырдың табиғатын бұзуы мүмкін емес екендігін пенде баласы жақсы біледі. Десек те, басқа жан иелерінен ақыл-есі артық Адам осы қасқырмен ылға «арпалыста» болады. Мәселен, М.Әуезовтің «Көксерегіндегі» Құрмаш бөлтірік Көксеректі үлкендердің айтуына көнбей асырап, өсіріп, соның бабына жанын салады. Көксерек өскен соң қайтадан далаға қашып кетіп, кейін бұл Құрмаштың өзінің өліміне себеп болады... Бүкіл ел болып жиналып, Көксеректі соғып әкелгенде, Құрмаштың әжесі аңырап келіп: «Қуарған – ай, ненді алып ем? Не жазып едім? Бауырына салып өсіргеннен басқа не жазып еді менің құлыным?! – деп елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басқа тепті¹.

Өлген қасқырды басқа тебетіндей шынында да Көксеректің соншалықты кінәсі болды ма? Ұлы жазушы бұл туындыда нені меңзеп, не айтқысы келіп тұр?

Әрине, адам мен қасқыр арасындағы қақтығыс-қатынасы арқылы табиғат заңдылығына қарсы тұрар еш күш жоқ екенін аңғартады. Көксерек болмысына қарай әрекет жасап, адам ниетінен жоғары, артық тұрды. Сондықтан ол кінәлі емес!

Бұл жерде жас Құрмашты қасқыр асырамауға көндіре алмаған, оған ұрсып-ұрып қана айтқан, дұрыс түсінік бере алмаған үлкендер кінәлі.

М.Әуезов бұл шығармасында адамдардың ақыл - естері мен еріктерін дұрыс пайдаланбаудың салдарына беріп отыр.

Жалып, қасқыр мен адам қатынасы, тіпті, қасқырдың көк бөрі символикасы сонау ауыз әдебиетінің маржандарында орын алған. Көк бөрі тәңірісі – мінезі мен адам мінезі қосақталып, сезімі, қиялы тоғысып, лирикалық ой- сезімді күшейте түседі.

Орыс әдебиетінде символ ретінде дауыл, дауылпаз құс, жылан, шошқа бейнелері әсіресе, М.Горький, И.Крылов, А.Чехов, Салтыков-Щедрин шығармашылығынан орын алған екен. Сол бейнелері арқылы адам мінезі, оның ортаға қатынасы бір қырынан көрініп қалуға кәдімгідей әсер етеді.

Ал қазақ әдебиетіндегі қасқыр бейнесінің орны ерекше. Мәселен, осы азулы қасқыр тобырынан Ақбілек құтылып кетеді.

Көрер таңын көзбен ашып, арпалысқан Ақбілек ажал ойысынан аман-есен шығады. Ал сол «айналаға қасқыр біткен жарық беріп, көздері жалт етіп, тістері сақ етіп, оқшырайып тұра қалған, ырсылдап, күрсілдеп бураша шабынған» ортадан жалғаз Ақбілектің құтылуы мүмкін бе? Қай бір суреткер бір сәттен кейін Ақбілектің екі қолы мен шашын қалдырар..

Ал ұлы жазушы – суреткер Ақбілегін өлімге қимады. Оның «жанын ұшырып, балаша айнала дөңгелеттіріп», айғайды салдыртып, ағашын серметтіре берді. Оған бір құдірет күш дарытты.

...Ақбілек от басындағы тезекті, қураған шөпті дереу тұтатып, үрлеп жіберді. «Менің керегім жаңа болған жоқ па? Дегендей жел де қошаметкейленіп, жалынды лап еткізе түсірді. Жалын қалай шықты, қасқырлардың қарасы өше берді. «Өлмегенге өлі киік» деген осы да. От сөніп қалса Ақбілектің өмірі де сөнетін еді. Оттан тапқан адамның анасынан айналсаң болмас па?¹».

Осылайша Жүсіпбек Аймауытұлы өз қаһарманын қиын бір сыннан өткізіп, «өмір» атты өзектің келесі бір толықынына салып

жібереді. «Күздан құласаң да жаныңды аямай өрге шық» деген тілеу-жеңісті ұсынады.

«...Ақбілек су жиегіне бірталай отырды. Су ағады да жатады, ағады да жатады, бір таусылу жоқ, қатерді, өлімді білмейді. Еш нәрсені сезбейді. Мен ішсем де бұған бәрі бір, жақсыға да жаманға да сусын болады. Құдайдың бұл да бір құдіреті-ау! Мейірімі-ау! Оны біз білмейміз-ау! – деген ойлар келді...

Алды, беті – ашық, арты – кенере тау...

Адыр-адыр елсіз дала. Бозғыл көде, кербетеге, тобылғы, бейткей, төбешік, обашық, қызыл құмайт, шөптесін шүңейт. Қоңыр тышқан, ала сауысқан, ор қоян, боз торғай – осыдан басқа көзге түсер қара құра жоқ. Даланың көркі ел екен-ау! Елсіз дала, емсіз жарадай көрінеді. Малшы байғұстар не ғып іші пыспай жүреді екен?.. Ай, қу дала! Қу далаларда жалғыз жаяу бір мұндық.»¹

Иесіз тауда шарқ ұрған, арпалысқан адам жаны табиғатпен оның қашып пысқан жазықсыз аң-құстарымен осылай ұғысады. Тілсіз меңіреу тау-тас өзінің жойқын, суық сұлу сәулетімен кейіпкерді таң етіп, оған өмір сүрген заманның ағарған шашынан, әжімінен-өмір ағымынан елес береді.

Ақбілек көңілі ендігі жерде осы тылсым бұған таулардан самсаған қалың елдің екпіні күшті ұлы тасқынын тілейді. Онысы – адамды жетелейтін асыл арманы. Асыл арман жетегімен алысқа барғысы келеді. Қандай ғажап күш! Міне, Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылығына тән құбылыс – сөз құдіретін осынша пайдаланып, адам мен табиғаттың тамаша пластикалық сырына табынтады.

Ақбілек оқу оқып, білім алып, қатарға қосылған алғашқы қазақ әйелдерінің өкілі. Өткеніне, бүгінгі шындыққа салыстыру көзімен қарайды, өз өміріне, ризалық білдіре отырып, «Оқымаған әйел қор ғой, қапастағы құстай ғой,² – дейді.

Кәмила тағдырын еске түсіріп, оның бақыт жолын іздестіре ат салысады. Ақбілектің жаңа өмір баспалдағының бір сатысы – оқу болса, екінші белесі өзіне адал жар Балташты серік етуі. Көркіне ақылы сай Ақбілек шын сүюдің оты болып жанады. Әйтсе де, әйелдік көңілмен алғаш көргенде Ақбаланы ұнатуы, Балташпен некеге отыру үшін некеге тіркеу орнына келгенде қарамұртты кездестіруі, оған жалт етіп қарауы – тек қана Ақбілектің басындағы мінез емес, бүкіл әйел қауымының басына тән құбылыс жай.

Міне, Ақбілектің жаңа белеске көтерілем дегенше осындай ұсақ этаптық оқиғадан өсіп-өсіп, бір қадам алға басып жүре – береді. Қадам – Ақбілектің анасынан айырылуы, «Қарамұрттың» алып кетуі, «қарамұрт» ғұмырнамасы, жоқшылық көруі, Ақбілек зары – дала мұңы,

Бекболаттың арманының өшуі, әке шарасыздығы, Ақбілектің жүкті болуы, ондағы шарасыздық, өсек-аяң сарсаңы, білім алуы, Ақбілектің бақытты өмірінің басталуы. Бұл қадамдар – Ж. Аймауытұлының «Ақбілек» романындағы Ақбілек бейнесін жаңа бейне ретінде танытуға пайдаланған талғам мен талап, сөз зергерлік, ұғым мен көркемдік, идея мен типтік, жанрлық жазушылық стиль құралы болды. Ақбілекті сынға сала отырып, жазушы өзінің қоғамға деген көзқарасына төреші бола білді.

Романдағы жаны жарқын, жайсаң әйел – Ұрқия бейнесі. Мамырбай ауылының тірлігін күйттеп жүрген інісі Әмір болса, екі үй арасын жақындастырып, түтінін түтетіп отырған – оның әйелі Ұрқия. Үй берекесін сақтап, туыстық жібін ұзартып, қайғы-қасірет толғаныс толқынында тулаған Ұрқия әсіресе, Ақбілекке сүйеніш болады. Өгей шеше қаһарынан сақтап, «беймезгіл уақытта» дүниеге келген сәби – Ескендірді бауырына басуы – кез келген әйелдің қолынан келе бермейтін іс еді. Мандайына сәби сүю қуанышын жазбаса да, базарлы бала қамын жетік білетін ана бейнесін көреміз.

«Ақбілек кернеген сүттен құтыла алмай, азапта жатқанда, Ұрқияның емшегінен сүт шықпай, баласын аштан өлтіріп ала жаздап, ақырында жас балалы көрші қатынға емізетін болыпты. Бұрын бала таппаған әйелден сүт шықпайтыны да болады екен...¹» - деп суреткер жазғандай жан азабын тартқан Ұрқия бұл әрекетімен өзінің аналық сезімін оятса, екінші жағынан Ақбілектің мойнына сәби қанын жүктемей, имандылық жолын көрсетеді.

Романда ел тұрмысы суреттерінің желісінде жасалған қыз – келіншектердің нақты тұлғалары мол. Сырт қамы, малды ұқсату ерлермен байланысты болса, үй тіршілігін ұстайтын, оны реттейтін, ұқсататын да, рәсуә қылатын да әйелдер ғой. Осы сәтте жазушы әйел бейнесі мен мінезін ұштастыра бейнеледі. Мұқаш тірлігі Алтынаймен, Мамырбай үйінің тіршілігі Өрікпен өрістес болса, Мұсабай үйі мен көрші-қоландағы әйелдер, саулы інген арқылы суреттеледі.

«Алтынай малын сауады, өгізді көздейді, байлайды, отынын тереді, отынын жағады, суын әкеледі, күлін шығарады, тамағын істейді, киімін өзі тігеді, үйін жияды, сыпырады, қорасын тазалайды. Мұның бәрі оған құдайдың бұйырған жұмысы тәрізді. «Жұмысым ауыр болды-ау, - деп ол қабағын шытпайды... Алтынайға тамағы тоқ, көйлегі бүтін болса болғаны, онан өзгені тілемейді. Үй міндеті – әйелде, түз міндеті - байында»¹.

Міне, Алтынай ризашылығы, әйел тоқтығы осылай беріледі. Ауылға түсер келіннің, жас тоқалдың қандай боларын, мінезінің тұрқын байқау – әр ауыл әйелдерінің таңырқай қарайтын үйреншікті

ісі. Мамырбай үйіне түскен Өрік тоқалдың да мінез – құлқы өзінше ерекше. Бірінші күннен ас-судың тізгінін алып, Мамырбай баларын уысында ұстауға тырысады. Бір көргеннен – ақ ауыл адамдары Өріктің тұзы ащы екенін таниды.

Өріктің ұрысқақ, кекшіл мінезі оның Ақбілекке өшігуінен-ақ танылады. Балаларымен арасын ашып алған ол енді: «Қызың мені кісі ғұрлы көрмейді. Ас - судың билігін маған беретін емес. Балаларды азғырып, маған жау ғып қойды. Пәлен жерде пәлен етті», - деп Мамырбай құлағына құяды².

Өріктің тағдыры да кісі қолында болғаны белгілі. «Екі баласынан айырып, Ақбілектің әкесі сатып алды. Мынау шалдың екі кішкене баласын көргенде, өз балалары есіне түсіп, «олар не боп жүр екен?» деп, ішін жарып жібергендей болушы еді,» - деп жазатын жазушы лебізінен бір сәт Өрікке де аяушылық сезімін білдіріп қаламыз. Әйтсе де, суреткер Өріктің байға бауыр басқанын, дүниені бала қылғандай, өз балаларын, өткен күнін ұмытуға айналып бара жатқанын, оның күйттеген жаңа өмірдің қызық-шыжығы деп тоқтағанын шенейді.³

Жазушы шайпау әйел мінезі туралы ойын былайша түйіндейді:

«Дүниеде әйел бір-бірімен өштеспесін. Әйел өштессе аяу дегенді білмейді, ар-ұятты, адамгершілікті ұмытады, қай-қайдағы жараның аузын жұлып алатын нәзік, жанды жерді аңдиды, қай – қайдағы жан шошырлық былық іске кіріседі. Әйел шақса, шаяннан да бетер шағады. Әйел өмірі кешірмейді».¹

Жүсіпбек Аймауытұлының оқиғаны ең мәнді, шұғыл жерінен, ең ауыр, не ең нәзік сәтінен бастап, содан әрі қарай оқушысын билеп, қалтқысыз сендіріп, өрбітіп, әкете беретін, баяндағыштық және суреткерлік өнерінің шоқтығы биік ерекшелігімен көрінеді. Мысалы Жүсіпбек Аймауытұлы сомдаған қыз – келіншектердің ішіндегі өжет мінезімен танылған Күнікей бейнесін жазушы жоғарыда айтып кеткен шеберлігімен көрсете білген.

Оқып көрелік.

«Жаялықша жалпиған, жарқанатша қалқиған, жермен-жексен шым қора, бейнеуі жоқ сұм қора. Шымқорада – жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса болып сүйегі, қалақтай болып иегі, жаңқандай жоқ жақ еттен, саусақтары шілбиіп, көлеңкедей кілбиіп, бұ жатқан қай аруақ?

Әлсін-әлсін демігіп, тық-тық еткен жөтелі өңменіңнен өткендей, алма ерні кезеріп, Бетбақ кезіп кеткендей, кимешегі қолқылдап, қуыршаққа тіккендей, сатпақ-сатпақ жастығы жастық емес кетпендей, сар төсек боп сарғайып – бұ жатқаның қай әйел?

Білмесеңіз айтайын – Күнікей ғой бұ жатқан».²

Мұнда қаншалықты нанымды картина, аянышты хал жатыр. Оқушыға әлі белгісіз, жан азабын тартқан, әдемі жар, аяулы ана болар бұл кім? деп қаларың даусыз. Осы бір шағын бейнелеу арқылы-ақ, Күнікей тағдыры қандай екенінен хабар береді.

Көркем әдебиетте адам бейнесі әр алуан. Сүйініші мен қуанышы, тартысы мен қақтығысы іс-әрекеті үстінде ашылады десек, бұл шығарманың өн бойында өмірдің ауыр күйі, ақталмаған сезімі мен сенімі, қасіреті шынайы берілген.

Қазақтың қараша үйінде күн кешкен қойшының қызы, табиғат сұлу жаратқан Күнікей кедейшілікті кемдік санамай, өмір рахатын татып, соның сәні болғысы келеді. Шеше тәрбиесімен пысық, өнерлі боп өскен Күнікей жұртқа өзін кемсітуге бермей еркін жүруді қалайды. Ақылы мен ойы түйіскен, сөзі дәмді, он қолынан өнері төгіледі, күлсе – аузынан дүр шашылады. Ал, Күнікейдің салған әнін айтсаңшы. Оның салған әні Сарыарқаны жаңғыртып, аққудай сұңқылдап, күмістей сыңғырлап, бұлақтай сылдырап, бұлбұлдай құбылтып, бұлғындай жұтынып, жүйкені босата, сүйекті шымырлата сорғалатқан, кестедей нақысты, ботадай сүйкімді, балдай тәтті, күндей сұлу әніне көш бойындағы қыз-бозбала, қатын-қалаш жиналып қалмай ма?!

Міне, ән құдіреті!

Ән тазалығы арқылы әр пенденің ішкі жан дүниесінің кілтін ашады. Ән әуенімен даланың мұңы, сыры ашылады. Сұлулық деген әлемде ән деген құдіретті күш ерекше орын алады. Әнмен оянып, әнмен тамсанған, әнмен жүрек тербетер сыр шерткен пенде жан рахатын сезінеді. Мәселен, «Қартқожадағы» әнші жігіт Дәрмен әні тыңдаушыларының сай-сүйегін сырқыратып, көзіне жас алдыртқан. Дәрмен әнінен кейін жұрт тым-тырыс төмен қарап, неге жер шұқыды? Отырғандардың көзінен аққан жас бетін жуып, неге солқылдатты? Ол – Дәрмен әні, Дәрменнің жақсыны аңсап, заман тарлығын шенеп, зарлана салған әнінің құдіреті еді. Дәрмен әнінен қазақ даласының үні естілгендей болады.

Әнімен көш сәнін келтірген кейін сол Күнікей «Балқадиша», «Сұлушаш», «Әлди бөпем» әндерімен сұңқылдап, сері жігіт Байманның көзіне түспей ме?! Сезім, махаббат кілті, тағы да ән еншісінде болды.

Күнікей өз заманындағы өз бақыты үшін талпынған, өмір шындығына тұнық сезіммен қараған өжетті қыз. Іштей күйіне жүріп, сыртын бүтіндеп, жастық жалынының құшағына еніп, тәтті сезім балын татпақшы болады. Той-томалақтан қалмай, керуен көшінің сәні бола біледі. Бай қызы Шәмшиден қалыспай, атқа отыру, жүру этикасын

жақсы меңгереді. Бірақ, мұның бәрі Күнікейдің бір сәттілік тәтті сезімі еді. Шынында, Күнікей қайғылы да, шерлі. Бүгінгі күні – жоқшылық, кемдік болса, күтіп тұрғаны жаман Тұяққа байланған тағдыры.

Міне, Күнікей жеңісі де, Күнікей жазығы да осы жерден басталады. Жеңісі – ата-баба салтын бұзып, сүйгенімен қашу болса, жазығы – басына түскен тағдыр тәлкегі – ауырып төсек тартуы, еш пендеге керек болмай, тіпті сүйгені Байманның да қашқақтауы, жан жарасы мен тән жарасының ұласуы болады.

Бірақ тағдырына жазықты қыз Күнікей – қазақ қыз-келіншектерінің жанының оянуына түрткі болар бейне болды.

Күнікей бейнесінің толымды да ажарлы шығуына әсер еткен – шешесі Шекердің бейнесі. Күнікейдің өрлі де қайратты болуы – Шекер мінезінің әсері болуы керек. Қыз сырын ана тұрғысынан түсініп, сезіне білетін Шекер өзінің бар болмысымен танылады. Жұртты жылы сөзімен айналдырып алуы, тиесін қолынан жібермей, әр нәрсені ұқсата білу – Шекер басындағы басты қасиет. Жоқтан бар жасап, Күнікейді бай қызынан қалдырмай, жылтырата киіндіруі – пысық Шекерді танытса керек. Өз басынан өткен арсыздық қылықтарды да есіне түсіріп, оны Күнікейдің бойынан көрмеуге тырысып ақыл беретін де – осы парасаты Шекер.

Жалпы, сүйіспеншілік, махаббат, махаббат болғанда – ол зор махаббат, қыздың, әйелдің сұлу, көркем суреті. Мінезі, іс-қылығы туралы суреттеулері Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларының өнімді әрі тартымды саласы. Жазушы терең сезім құшағында, жүрек тербелісінде жүріп, ыстық – суығы аралас, қуанышы мен реніші қатар жүретін жұмбақ сезімді аңғартады.

Эстетикалық талғамы, таңдауы мықты әйел сұлулығын, көркемдігін паш етіп, Жүсіпбек Аймауытұлы әйел, қыз жанының ішкі сырын, жан күйін ашатын бедерлер жасайды.

Жүсіпбек Аймауытұлы туғызған тамаша шығармалар – халық мұрасы. Сол мұраның шағын бір галлереясы – әйелдер бейнесі болса, ол бояуы қанық, көрермені ғашық, сенімен ашынып, қуанатын, арманға жетелейтін тұлғалар болғаны сөзсіз.

Романың алғы тарауындағы Ақбілек ауылын таныстырудан бастап, Ақбілектің бақытты өміріне қол жетуіне дейінгі аралықта қазақтардың қаншама тұрмыс, күнделікті хал-жай күйлері тартымды бейнеленген. Бұл арадағы жазушы суреттеулері айшықты да әсем. Туындыдағы адам портреттері қилы – қилы мінездерге қарай өрімі әдемі көрінеді. Жазушының алабөтен ерекшелігі – мінезсіз портрет жасамайды. Ол қандай да болсын кейіпкердің ішкі жан дүниесін сыртқы түсімен үйлесімді сомдайтындығы. Жағымсыз бейнелер

маңына өткір мысқыл – әжуәні, күлкіні көп дарытады. Кейіпкердің болмысымен таныса отырып, жазушының өзіндік дара стилін, байқаған әр нәрсені типтендіріп, айқын етіп беретіндігін көреміз.

Енді осы ой-топшылауымызды нақтылы талдау үстінде көрейік.

Романдағы Ықаң мен Тыпаң, Доға мен Жылтырлардың әрқайсысы даралық тіршілік мінезімен, кескін-келбетімен көрінеді.

Ықаң (шын аты Ыстықбай) патшалық заманда асарын асап, жасарын жасаған адам. Ал бүгінде Ықаң халі қалай? Қазір оны ешкім көрмейді, елемейді. Күні өткен, барынан айырылған, бар ермегі мен байлығы – арақ пен темекі. Ықаң, Ықа! – десе бір желпініп, дардиып қалатын қуыс кеуде кейпінде көреміз.

Ал оның досы Тыпаң (Тышқанбай деген кісі) мінезі Ықаңа қарағанда өзгешелеу. Құлықпен тірлік жасап, бірден ішкі дүниесінен сыр бармейтін әккі жан. Жаңа заман легіне өз қарсылығы болса да, оны сездірмеуге тырысады.

Жылпос, екі ауылды қатар қондырмайтын, сөзі аспанды шарлап жатса, тұнжыр ойы мен қыңылтыр ісі сайды сағалап кететін жайды Жылтыр бейнесінен көреміз. Жылтырдың осал, сынап мінезін әсіресе, оның Әбен Матайұлының үстінен жазған арызбен түбіне жетпей қоймайтын іс – әрекетіне байқасақ, енді бір жерде өтірікті шындай ақсақты тыңдай ғып, айтып, Бекболатты үмітті қылып қойған сәтінен көреміз.

Бекболаттың түйіндеуінше, бет-аузы да, өзі де, сөзі де жып-жылмағай, қолға ілінерлік, табан тірерлік түк кедергі жоқ, жылтыр мұздың үстінде тұрған кісідей болды деп, оның сумаң, судырахмет, құбылмалы мінезін нақтылы оқиға үстінде тағы да ойымызды нақтылай түсеміз.

Ықаң, Тыпаң, Жылтырлардың қатарында өңкиген қап-қара аюдай, бойын «қолаңса исі» жайлаған, рухани байлығы жоқ, жаны жалаңаш Доғаны көреміз. Доғаның ең көргенсіз, қасиетсіз жайын, өзінің кіндігінен жаралған баласының алақан жайып, қайыр сұрағанда, оған садақасын да бермеуі оқырманын одан сайын жирендіре түседі. Ақбілектің арын орыстар таптап, тағдырының тауқыметі болса, Кәмила бақытына балта шауап, келешегінің шамын өшірген осы маскүнем, безбүйрек Доға емес пе еді?!

Романдағы Мамырбайдың баласы Төлегеннің де мінезі өзінше ерекше. Үндемей жүріп, үйдей пәледен құтылу амалымен ғұмыр кешкен Төлегеннің ойлағаны өз басының қамы. Жаңа заман әкелген өзгерістерге өте сақтықпен қарайтын, ой-пікірін ашық көрсете бермейтін бейнеде сомдалады. Төлеген тіпті кіндік қаны тамған туған

жеріне, ата-ана ұясына да сәті түссе, жылына бір-ақ рет келіп кетеді. Безбүйрек, қатыгез болмаса да, туысқанға бауыр тартар қасиетімен онша көріне бермейді.

«...Ақсақалдың Төлегенге әсіресе ренжігені: кешегі бәйбішеден өлідей, Ақбілектен тірідей айырылып, басына қара күн туып, жалғыздық көргенде сол шіркіннің бір көрініп кетуге жарамағаны еді. Келмейді деген кімнің ойында бар? Ағайын да, ауыл да күтті. Қолынан еш нәрсе келмесе де қарап, суалып отырған әкесін жұбатып кетсейші, о жаман туған шіркін»¹ – деген әке шарасыздығы сезіліп қалады. Әйтсе де, Төлеген кейін Ақбілекпен ауылға келгенде ақсақалдың келініне қарап: «келін бір бәйбіше болғандай денелі, жүрісі сабырлы адам екен», - деп немересі Күлікенді иіскеуі – Төлегенге деген қыдырма көңілі басылып, оған деген сенімі күшейіп:

- Е, құдай, шүкір, тоба! – деп, тәубеге келгенін байқаймыз.¹

Жазушы Ықаң, Тыпаң, Доға, Жылтыр, Төлеген бейнелері арқылы қоғамның кешегісі мен бүгінгісінің басты проблемалары – қазақтың есі мен дертін алған, рухын жалаңаштаған есірткілер – арақ, темекі зиянын осы аты аталған кейіпкерлер мінезінен, іс-әрекеттерінен көрсете біледі.

«...Көңіліңді қына, көзіңді торта басса, күйінсең, өкінсең қайғыңды ұғар, сөзіңді тыңдар жан болмаса, қайғыға қарсы тұруға қайратың жетпесе, ішке толған қапырықты шылым, насыбай, апиын, арақ болмағанда немен сейілтер едің? Дәрігерлер темекі де, арақ та апиын да у дейді, денеңді улайды, тамырыңды қуалайды, қаныңды бұзады, дертті қылады, жасыңа жетпей қартайтады, өлтіреді, - дейді»² деген жазушы пікірі біріншіден, ұнамсыз мінез-құлықтарды көрсетсе, екіншіден, осыларды әшкерелеу арқылы жастардың бойына адамгершілік, инабаттылық пен имандылық дәнін егуге бар күш-қайратын жұмсаған.

Ендеше, Жүсіпбек Аймауытұлының прозалық шығармаларының тәрбиелік мәні ерекше деуіміз керек.

Адамзат діні мен ділінің тазалығы – жазушы шығармашылығынан тыс қалмаған.

Жолдастыққа, достыққа берік болу, қайырымды болу, иманды, жылы жүзді, ақтықты Жүсіпбек Аймауытұлы тек ақыл айту, белгілі шындықтарды тізу жолымен емес, оның өмірдегі алуан түрлі көрініс-құбылыстарын алып, сынау, мінеу әдісімен түйреп өтсе, енді бірде парасатты кейіпкерлерімен тереңдікті, көрегенділікті байқатып жатады. Сондай қырдан көрінетін, аузында «алласы» бар кейіпкердің бірі – Іскендір диуана. Іскендір үлкенді «әке, аға» деп әйел біткенді «ана» деумен өтуі – пенде баласына пәктілік, инабатылық, кішпейілділікті дарытушы, соның дәнін егуші «кұдай баласының»

кейпінде көреміз. «Дін дегеніміз – халықтың басын айналдыратын апиын, - дегендей, діннен безіндіру, тегінен аластату құрығы жүріп тұрғанда, Жүсіпбек Аймауытұлы дін адамы диуананы терең парасатылықпен, биік адамгершілік тұрғысынан суреттейді.

Жазушы «Ол құмалақ салмайды, бал ашпайды. «Обал» деп басын бір-ақ шайқайды. Ол намазға да онша құнтақты кісі емес» - дей келіп, қолында тасбиғы бар, аузын ашып, көзін жұмған, сөзі мен ісі үйлеспейтін дүмше молдаларды да бір сынап өтеді.

«...Іскендірдің өмір жұмбақ. Қалайда Іскендір – адам. Бұл неткен адам?...¹ – деген пікір сауалымен жан дүниенің ұлы қасиеттерін көрсетуші тұлға ретінде танымыз.

Іскендір бейнесі – жақсылық жолда жүріп, жаман әдет көрсетпейтін қасиетті жан.

Ғашықтық келсе, жеңер бойынды алып,

Жүдетер безгек ауру сықылданып.

Тұла бой тоңар, суыр – үміт үзсе,

Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып, - деп Абай жырлағандай, Жүсіпбек Аймауытұлының прозалық туындыларындағы сүйіспеншілік, ұнату, сүю тәтті сезімдері өте әдемі, шебер суреттеледі. Жүсіпбек Аймауытұлы қаламында махаббат күйі, ыстық-суығы аралас қуанышы мен реніші қатар жүретін жұмбақ сезімді әдемі аңғартады. Махаббат азабы өмірдің өзі секілді бірде тәтті, бірде ащы, бірде серуен, бірде сергелдең екенін «Ақбілек» романындағы Бекболат пен Ақбілек, «Күнікейдің жазығы» повесіндегі Күнікей-Байманның бір-біріне деген сүйіспеншіліктерінен танымыз.

Олардың жан сұлулығын, көркемдігін, жарасымдылығын көрсететін бедерлер жасайды. Десек те, шын сүйген Бекболаттың да, Байманның да махаббат жолында тағдырлары бір-біріне ұқсас, оқырмен күткендей болмайды. Мәселен, Бекболат Ақбілек тағдырын көп ойлайды. Асыл жар деп таңдағаны біреудің қызығы болып кетті. Қалай ғана жар етермін? Деп ниетін жонып, теріс айналғысы келсе де, оны өзгеге қимайды. Ақбілектің елге тірі оралғанда, оған сенер-сенбесін білмей, тәтті сезім тағы бір жылт етпеді ме? Тіпті, екі ғашық табысып, үйленбекші де болады ғой. Әйтсе де, «жел болмаса шөптің басы қимылдайды» демекші, Ақбілектің жүкті болуы Бекболаттың құлағына жетеді. Ақбілек үмітінің отын өшіріп, теріс қарайды.

Жазушы өз кейіпкерінің тағдырына қалай болса солай қарамайды.

Ай, жылдар өткеннен кейін сол кейіпкер ғұмыры қандай болды, не көрді, неге қолы жетті, азды ма, өсті ме? – деген сауалдар таразысына салып қарайды.

«...Қонақ аз отырса да, көп сынайды ғой, Ақбілек Бекболатты ішінен аяды, келіншегін менсінбейді екен деп ойлады. Бекболатпен жолыққан күндер замат көз алдына елестеп өтті. Әйтсе де, өткен күнге өкінген жоқ. Бұрынғы арман қылатын тұрмыс енді аяқ астында қалғандай, өзі басқа бір жаңа дүниеге көшкендей, бір жоғары көңіл пайда болды. Бекболат бұрынғыдай емес, сақал-мұрты да көбейіп, бет-аузы да әжімденіп, бойы да аласарып, қораш боп қалғандай көрінді¹, - деп суреткер роман соңында оқырманын Бекболатпен тағы кездестіреді. Сезімтал суреткер Ақбілек жүрегін бүлк еткізсе, Бекболатты қызырақтатып, абдыратып қояды.

Ал «Күнікейдің жазығындағы» Байман бейнесі – Күнікейдің тұлғасын толықтырып, оның бақыты мен жазығының негізі болған кейіпкер. Күнікей – кедейліктің кенеп жібін үзген түнектен бостандықтың таңына ұмтылған қазақ қыздарының жиынтық бейнесі болса, Байман мінезінен бірде С.Торайғыровтың «Кім жазықтыдағы» Әжібай мінезін, бірде махаббатына серт берген, шын сүйген Б.Майлиннің «Шұғаның белгісіндегі» Әбдірахманның сезімін көріп жатамыз. Суреткер негізгі тұлғаның толымды бейнесін жасауда жиі шегіністер жасау арқылы суреттеледі. Ойын-тойдың сәнін келтірген, өзі палуан Байман жігіт нәзік сезімді, өжет қыз Күнікей жүрегіне шоқ салады. Байманның серлігі, ашықтығы Күнікейді сүйсіндірсе, енді бірде «Байман басымен өзінен ұтылып, кішірейгені, қалбалақтап, көзін жыпылықтатып, жалынған іспетті болғаны Күнікейге одан бетер қызық, ермек сияқты көрінді. Жұрт әлдеқандай қол жетпес қып көтеріп жүргені болмаса, Байман бала мінезді аңқаулау, ақ көңіл, салдыраған жігіт екен¹, - деп Күнікей аузынан айттырып, мінезін тағы бір қырынан танытады.

Жүсіпбек Аймауытұлы той-томалақтың сәні болған, сегіз қырлы, бір сырлы өнер иесі деп танытқан Байман мінезінің де осалдығын айтпай кетпейді. Әсіресе оның: «Күнікейдің көзі тіріде бір қатынмен сөз байлап, алуға соны оңтайлап, төртті-бесті қараның бір-екеуін беруге, бүгін-ертең қам қып жүр, - деген қарекетіне Күнікейдің сорының екі есе қайнағанын көрсетеді. Жеті жыл жолдас болған Байман осындай қатігездікке, сатқындыққа барады деп Күнікей ойлады ма екен?

Суреткер осындай сәттер мен мораль мәселесін, әлеуметтік теңсіздік, рухани ғаріптік сияқты жайттарды бір-біріне шендестіре қосып, қоғам проблемасы деп қарайды.

Махаббат пен достық – жарыспалы жаңғырық. Ең бір нәзік деген өсімдік, шынар қатты тасты қалай жарып өссе, махаббатқа да қарсы тұрар күш жоқ екені белгілі. Міне, осы сезім Ақбілектің

қарамұрттан көрген азабы болса да, әйелдің басына тән табиғи сезім ұшқынынан жалтара алмауы, көп жылдан кейін оны көргенде бір түрлі сезімде болу жайы, атастырған жары Бекболаттың құшағын аңсаған сәттерін суреттеумен, оны жаңа бір сүйіспеншілік, жақсы көру ұнату сезіміне алып келеді.

Жүрегі жаралы, сенімі тапталған Ақбілек енді ешкімді ұнатпауы да мүмкін ғой. Дегенмен, оған жазушы Ақбаланы, Балташты кездестіреді. Ақбілекке деген сезімдері арқылы Ақбала мен Балташтың мінездерінің көп қыры танылады. Жалпы, Ақбала мен Балташ бейнесін әуелде Төлегеннің үйіндегі басқосуда болған айтыс ішінде саяси көзқарастарымен мінез – парқын танысақ, Ақбілекпен кездесулері оны тереңдете түседі. Ақбаланың махаббат сезімін суреткер екі жолмен ашқан сияқты. Алғашқысы – өзі жазған күнделігі арқылы, екіншісі – Балташтың Ақбілекке Ақбала туралы айтқан мінездемесі арқылы беріледі.

Романдағы Ақбілектің бақыт жұлдызын жағар кейіпкер – Балташ.

«...Сенің өткен күндерің керек емес, адамшылығың керек. Өткенге сен жазалы емессің. Сен тисең, мен аламын¹ – деуі Ақбілек өмірінің жаңа бір парағы ашылғандай жайды танытады.

Оның жүрегінен шыққан ақ сөзі ақылды жігіт, көрсе қызарлықтан бойын аулақ ұстайтын, биік адамгершілігі бар жан екеніне Ақбілек көзін жеткізеді. Оны ғұмырының бақыты деп санайды. Ақбілек осындай пейілі пәк жанмен қол ұстасып, туған жерімен, әкесімен қауышады. Өз қанынан жаралған баласы Ескендірді бауырына басып, бақытын табады.

«Ақбілек» романында да, «Күнікейдің жазығы» повесінде жазушы қыр суреттерін беруде, туған жер келбетін суреттеуде ерекше бір шеберлікті танытады.

Қазақ халқының әдет- салты, тұрмыс тіршілігін, жергілікті колорид – этнографиялық суретімен бедерлеуде алдына жан салмайды. Хас шебер суреткер этнографиялық бейнені тек табиғатпен ғана байланыстырмайды, оның әлеуметтік мәніне қатты көңіл аударады. Әсіресе, «Күнікейдің жазығындағы» «Көш» бейнесі – тұнып тұрған Дала галлерейасы емес пе? Ол көште қазақ бай мен кедейінің мінезі, ұлы- қызының жалынды жастығы, әуелеп айтар әні мен күмбірлеп тартар күйі көрінеді.

Ел ішіндегі қыз ұзату, ұлттық ойын- саулық, қолөнер, халықтың әзіл-қалжың иірімдері – ұлттың тыныс-тіршілігін көрсетер бай этнографиялық мұралар жиынтығы. Суреткердің өзі бұл өнерлерден құр алақан емес екенін де байқаймыз. Әсіресе, «Күнікейдің жазығы»

повесіндегі Тұяқтың етік тігу шеберлігін жете суреттеуінде етікті тігу мәзірінен бастап, оның атауына дейін ажыратып, жұтынып тұрған Күнікейдің етігін көз алдымызға әкеледі. Жүсіпбек Аймауытұлының ой жалғастығынан туындайтын сөз жалғастығы көркем контекст тауып, осылайша шығарма шырайын әрлендіре, көркейте түседі.

Сөз зергері Ғабит Мүсірепов «Ақбілек» - қара сөзден құйылған дастан толғау. «Ақбілек» чудесный нәрсе¹, - деп тұщына, таң қала берген бағасы көп нәрсені аңғартқандай.

Романдағы авторлық позициясының айқындығы ерекше. Жүсіпбек Аймауытұлының шығармаларындағы идеялық нысанасы, көзқарасы, ұғымы, дүниетанымы, көркемдік принциптері, суреткерлік шеберлігі өте кең. Автор ойы бірде ашық, бірде кейіпкерлерінің сөзі, іс-әрекеті арқылы сезіліп, көрініп тұрады. Жүсіпбек Аймауытұлы бірде оқиғаны баяндаушы болса, енді бір оқиға желісіне кірер уақытта өзі ашық сөйлеп кетеді.

Бұл - баяндау тәсілінің бір ерекшелігін көрсетсе, екіншіден, авторлық позиция айқындығын танытып жатады.

Махаббат, сүйіспеншілік, туған жер, қыр суреттерін көркемдеу кезінде тіпті лирикалық тұлға ретінде көрінеді. Оның ішкі сыры, сезімі, толғанысы анық жетіп жатады. Қоғам, әлеумет жайын толғанып отырып, өз көңіл - күйін паш етеді.

Жүсіпбек Аймауытұлының прозалық шығармаларындағы шындық әдеби көркем шешімін тауып, автордың ұғым түсінігіне, дүниетанымына сай келеді. Жүсіпбек Аймауытұлы авторлық позиция құралы ретінде арнау сөз, әдеби характер, ән-күй, т.б. жайларды қолдана отырып, кейіпкеріне каншалықты қандай қатынасы бар, оған қаншама ниеттес, я болмаса қарсы екенін білдіріп жатады.

Мысал үшін «Ақбілек» романындағы мына бір жай: «Сорлы Ақбілек! Сен жыламай, кім жыласын? Тас емшегін жібіткен, тар құрсағын кеңіткен, аруанадай анаңнан айырылдың. Келешектегі бақытты өміріңнің кілтіндей көріп, сары майдай сақтаған алтын қазынаңнан айырылдың. Ар-ұятың төгілді, адамшылығың жойылды. Жас нәресте жүрегің соқпай жатып өрт болды. Жаңа шыннан жауқазын піспей жатып жоқ болды. Шамшырақтай жас жаның жанбай жатып шок, болды. Есіл ерке балалық — аяққа құйған астайын шолтаң етті - тоқталды. Жыла, жасың бұла. Жасыңмен кайғың жуылсын. Жасыңнан теңіз жиылсын. Теңізді дауыл толқынтсын. Құтырсын, толқын туласын. Зарлатқан сені мұндарлар тұншықсын — суыңда улансын. Қатын-қызы тұл қалып, сендей болып шуласын,¹ — деп қарғыс нәлет арқылы Жүсіпбек Аймауытұлының лирикалық тағлымы, Ақбілекке

деген жанашарлығы, сезіп, зорлық жасаған қуыс кеуде иелеріне өзі де лағынет айтып тұрғандай.

Ақбілек бейнесі – жас прозаның бейне өресін өсіретін тартымды сюжеттің эмоциялық шешімдерін ескеретін тұлға болды. Жүсіпбек Аймауытұлы кейіпкерінің тағдырын шашыратпай, жоғалтпай, бірінен-бірі биік, өсу белеңдерімен, сыры қиын шатқалдарынан өрлетіп шығады. Шығарма тартысы арқылы шығарма шырайын келтірді.

Бұл жөнінде Жүсіпбектанушы Р.Сағынбекұлы «Жүсіпбек Аймауытұлы» атты зерттеуінде: «Негізінен алғанда – жазушының жоғарыда еске алған әңгіме, повесть, романдары халқымыздың өмір-тұрмыстарын, ұлттық сана, дәстүр өнегелерін кең көлемде көрсетумен бірге кезең шындығы, уақыт алға тартқан маңызды мәселелерді шынайы шеберлікпен, көркем де кестелі үлгіде суреттейді. Қаламгер қолтаңбасына қарасақ, адам болмысы алуан мінез қырларымен таныс бейнедей ұшырасады. Қоршаған орта, оқиға өрімдері шынайы шеберлікпен астасып, ой мен сөздің одағы жарық сәулесін молынан түсіретіні танылады¹, - деп түйіндейді.

Жүсіпбек Аймауытұлының прозалық шығармаларында көзге көріне бермейтін кейіпкер бар. Ол – азаматтық ой-пікір. Азаматтық ой-пікір желісінде елінің тарихы, тілі, діні, кешегі халі мен бүгінгі заманы, болашағы туралы толғау – болжаулар көркем туындының бітімімен жымдасып жатады. Сол пікір шығарма идеясын көркейте түседі. Жүсіпбек Аймауытұлы туындыларынан авторлық позициясы патетикалық тұрғыда байқалып жатады. Мәселен, Қартқожаның туған жеріне оралған сәтіндегі сезімін суреттеу үшін туған жер топырағының қадір-қасиетін үлкен пафоспен, көтеріңкі көңілімен, дүниеге жар сала айтып суреттейді.

Қаламгердің мақсат-мұраты, эстетикалық идеалы айқын танылады. Алайда, жазушы белгілі бір саяси тәртіпті жақтай отырып, көркем шығармасында өмірді бейнелегенде, өзі тысқары сыртта айтқан саяси пікірлермен анағұрлым терең, озат ойларды аңғартатын кездері болады. Мысалы, жаңа өмірдің шапағатын дәріптейді, сөйтсе де, оның қоғамдағы жіберіп отырған қате-кемшіліктерін, осал жақтарын айтудан бой тасалмайды, қайта соны әшкерелей түседі.

Суреткердің бүкіл шығармашылық туындыларын түгел зерттеп, негізгі идеялық-көркемдік сапасының жиынтығы боп табылатын стильдік бірден биік дәрежеде көріне қоймайды. Ол суреткердің көркемөнер саласындағы қызметінің үш қырын: қоғамдық, философиялық, эстетикалық көзқарасын және өзінің үнемі төселген, дағдыға айналған жазу дарыны мен мәнерін, қолтаңбасын танытады.

Суреткер стилі оның қанына сіңіп, сүйегімен кететін мінез-құлқы, дүниетанымы, талғам мен талабы, таланты қоса дами отыра, ұзақ жетілу, қалыптасу, үйрену мектебінен өтеді. Әр сөз өрімінде суреткер колтаңбасы, үні бар болатыны белгілі. Мәселен, Бейімбет Майлиннің шешендікке көп салынбай, сөйлемді қысқа құрауы, Мұхтар Әуезовтің шешендігі сезімге бойлап, сөз сұлулығын салмақтандырып, сымбаттандыра түседі.

Жан жүйесінде мөлт еткен дүниесін, құбылысын сана сәулесінде жылт еткізіп, ой елегінде қырындылауға тиіс. Сонда ғана эстетикалық, ой мен қиялдың нәтижесі жүрек қалауын табады, шабыт шалқарына апарып, сөз әлемінің сәулесін түсіреді. Осы ретте Жүсіпбек Аймауытұлының шығармаларының тіл ерекшелігі, композициялық құрылысы ерекше. Қазақ тілінің мол байлығын жете меңгерген Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларының тілін зерттеу - келешек ісі, ұрпақ парызы.

Жүсіпбек Аймауытұлы - тілге аса бай жазушы және оның прозалық туындылары тұнып тұрған поэзия әуені. Ақ өлең өрнегімен өрілген «Ақбілек» романы мен «Күнікейдің жазығы» повесінің тілі орамды, ойы сәулетті сурет.

Қаламгер тілі - қаһарман жан дүниесімен автор көзқарасын, дүниетанымын тұтастыққа жеткізетін құрал ретінде орасан қызмет жасаған.

Кейде оқиғаның өзінен бастау, кейде сол оқиғаға кілт болар себептерден бастау, кейде астарлы - мәнді табиғат, құбылыс суреттерінен бастау - Жүсіпбек Аймауытұлы стилінің бір алуан қыры болды. Әр сөйлемді, әр детальді ойнатуда жазушы шеберлігі кімді болмасын таң қалдырады.

Жүсіпбек Аймауытұлы стиліне тән ерекшелік: қаһармандық пен сұлулықты суреттей отырып, лирикалық, әуенмен драмалық, трагедиялық, публицистикалық, сатиралық элементтерді шебер үйлестіре білетіндігінде.

А.В.Луначарский айтқандай, аса интеллектік ықыласқа бастайтын оқушыны «сүйреп әкететін», «тырп еткізбейтін», «сезіміне шертіп, жан дүниесін тебіrentетін»¹ жазушылық шеберлікті Жүсіпбек Аймауытұлы шығармашылығына арнап, жоғары баға беру керек сияқты.

Көркемдік, әдемілік — эстетикалық категория деп есептелінсе, Жүсіпбек Аймауытұлының сөз қолданысындағы шеберлік — сезімді оятар, көңілді сергітер, «катарис» құбылысына апарар, яғни адам жан дүниесінің жаңарып, түлеуіне апарар жол екені, рухының жаңғырып

баюына апармақ нағыз жан тәрбиесі, көңілдің тоқ-қанағаты сияқты күш береді. Роман тілінің өтімділігі, сұлулығы - оқырманның байқағыштық, сезімталдық, көркем ой-қиялдан ләззат ала білу сияқты қабілеттерін арттыра түседі.

Қазақ прозасының аса балғын шағында Жүсіпбек Аймауытұлының «Ақбілек» романы мен «Күнікейдің жазығы» повесіндегі өзіне ғана тән өнерпаздығы, суреттеу тәсілдері, жазушылық стилі, әсіресе таңдап алған әдеби амал-тәсілдері ұлттық әдебиетіміз үшін сол кездегі дара жаңалық болды. Автор тұрмыс-салт тынысын шынайы бейнеледі.

Жазушы кейіпкер бітімінің кесектігі мәселесін идеялықпен адамгершіліктің бірлігі, ар-ұят пен болашақтың, парыз бен қарыздың, сезім мен парасаттың тұрғысынан шеше білді. Сондықтан да оның көтерген ауқымды, заңды мәселелері өмірлік құбылысқа суреткерлік көзқарасы жағынан биік дәрежеде тұрмақ.

Композициясы мен сюжеті тұтас, әрі шебер құрылған, тілі ерекше көркем, тартыс, тағдыр болмыстары ойдағыдай сұрыпталып алынған және бірқатар адам характерін даралап шығарған «Ақбілек» романы мен «Күнікейдің жазығы» повесі жиырмасыншы жылдардың басында прозамыздың елеулі табысы болып табылды.

Қаһарман тағдыры шын әрі табиғи.

Автор бояуы қалың, иірімі көп қат-қабат оқиғаларды өрбітпегенімен, сюжет пен тартысты адам сезімі мен мүдделеріне тіреп, махаббатқа берілген жастардың арасындағы сүттей таза қарым-қатынас асыл арман арқауынан Ақбілектің, Күнікейдің шынайы бейнесін бедерледі. Мыңдаған қазақ қыздарының бойларына шақ, көңілдеріне қонымды, өзгеше жинақталған мінез-құлық дарытады.

Жазушының суреткерлік бейімі, эстетикалық талғамы, қаламгерлік қабілеті барынша аңғарылады. Оның жалпы эстетикалық көзқарасы, талап-талғам өнері, тақырып аясы, сондай-ақ оқиға сұрыптау, сюжет құрау, характер жасау жолындағы қолданған көркемдік стилі, тіл шеберлігінің өзіндік айрықша концепциясы бар.

Шығармадағы толып жатқан иірім-иірім оқиғалар желісі, болмыстар, мінездер реалистік бояумен әсерлі, шынайы бейнеленеді. Әр қайсысы жеке бір кішігірім әңгімеге бергісіз оқшау жайлар ұтымды тәсіл мен негізгі тартыс өзегіне құйылыс жасап жатады. Жүсіпбек Аймауытұлының қыл қаламындағы ерекшеліктің бірі осы.

Жүсіпбек Аймауытұлы төл әдебиетіміздің өрге басуына зор ықпал жасады. Ол дамытқан әдеби әдістер мен бейнелеу амалдары шешендікпен өрілген ой қазыналары бүгінгі «әдебиет» деген қамалға

үлкен тіреу-уық болары сөзсіз. Ол мазмұн мен түрдің бөлінбейтін шартын берік ұстады.

Әдебиетіміздің кешегісі мен бүгінгісіне, келешегіне шолу жүргізген академик С.Қирабаев «Әдебиет дамуының бұралаң жолы» атты ғылыми зерттеуінде: «Жүсіпбектің қазақ прозасы мен драматургиясын дамытудағы, әсіресе роман туғызудағы еңбегі, Мағжанның қазақ, поэзиясының ақындық тынысын кеңейтудегі қызметі атап айтуға тұрарлық.

Жүсіпбек қолынан 20-жылдары шыққан «Ақбілек» романы мен «Күнікейдің жазығы» повесі — бұл жанрдағы әдебиеттің басы, әрі заман шындығын шынайы суреттеумен де, дәуірдің негізгі даму тенденциясын терең танумен де, жаңа кейіпкерлер ашумен де жаңашыл шығармалар болып табылады¹, — деп зор баға береді.

Толғауы тоқсан қызыл тілдің, көркем сөздің құдіретті, сикырлы еркін меңгерген жазушы адамзат баласының сұлулығына тәнті болып және соны қалыптастыруға, дамытуға қызмет ететіні белгілі.

Әдебиет - өмір. Ол бір орнында тұрмай, дамиды, адамзат орбитасында өмір сүреді. Әдебиет тағлымы арқылы адамзат баласы қоғам тілін игереді, саясатымен тыныстайды.

Жүсіпбек Аймауытұлының 1927 ж. 8-9-тамызында жарық көрген «Көркем әдебиет туралы айтысы» «Көркем әдебиет түрі» атты мақалаларында қандай да әдеби көркем шығарманы болмасын құндылығын оның ақиқаттығы мен өмірді дұрыс бейнелеу дәрежесінде дұрыс ой қалыптастыра біліп, эмоцияға салынбай, ақылға сүйенуді үйрете білуінде десе, енді бірде — «әдебиет тек қана сол уақытта дамып жетіледі, егер де ақын - жазушылар өздерінің ойлары мен көзқарастарын еркін ортаға салуға мүмкіндік алса, жалпы мәдениет дамып жетілсе, халықтың сана сезімі басқа жоғары сатыға көтерілсе, және ұлттық дамып жетілуіне шовинистік көзқарастар мүмкіндік берсе, күш көрсету, күш арқылы мәселелерді шешуін қойса ғана жүзеге асуы мүмкін, — дейді. Әдебиет дауысының демократияға барар жолы осылай-ақ болар.

Сонымен қатар сын мәселесі туралы да ойлары шетте қалмайды. «Сын ең әуелі талдап отырған шығармаға объективті баға беру керек, егер кемшілік болса, оны түзету жолдары мен әдістерін көрсету керек, сонымен қатар, түзетуге көмек беру керек. Сынағанда сынға жазушыны алмай, жазылған еңбекті алып, достық ниетпен көмекке дайын екендігін сыншы міндетті түрде білдіруі керек, — деп, түйіндейді. Мүмкін Жүсіпбек Аймауытұлының бұл пікірі кеше жай сөз болса, бүгінде сыншының ережесі болу керек сияқты.

Ендеше, Жүсіпбек Аймауытұлы әдебиет мәселесі туралы қандай қызмет жасаса, оның қыл қаламынан туған әдемі, сұлу сөзді шығармалары, ондағы мінезі күрделі қаһармандары, қоғам үшін де, әдебиет, мәдениет әлемі үшін де жаңа ізденіс туғызды. Ұлттық әдебиет ағымына жаңа міндеттер жүктеді.

IV ТАРАУ ШЫНДЫҚ ШАРАЙНАСЫ ДЕРЕКТЕР МЕН ФАКТІЛЕР СӨЙЛЕЙДІ

Жазушының өміріне қатысты кейбір деректер

Қазақ прозасының классигі, қазақ әдебиетіндегі роман жанрының шын мәніндегі негізін салушы бұл адамды Баянаула-Қызылтау елі Оймауыттың Түсіпбегі деп атаған. Жүсіпбектің атасы Дәндебай биден – Иса, Оймауыт, Торғауыт, Оспан, Әбәйділде, Әбдіраман атты алты бала дүниеге келген. Осы Оймауыттан – Ахат, Жүсіпбек, Жақыпбек туады. Жүсекеңнің фамилиясы кейін орыс тілінің дыбысталуына қарай икемделіп Аймауытов болып жазылып кеткен. Ж.Аймауытовқа қатысты төмендегі деректер С.Байбосынның «Есімдері жүрсін деп ел есінде...» (2016 ж.) атты кітабынан алынып отыр.

Мұхтар Әуезовтың өзі «ұстазым» деп атаған Жүсіпбек жайлы бүгін білеміз деп те, білмейміз деп те айтуға болады. Білетініміз – қысқаша ғұмырбаяны, бүгінге жеткен шығармалары. Ал оның ата-бабасы, өскен ортасы, өмір жолының кейбір бұрылыс-бұлталаңы әлі де көзден тасада қалып келеді.

Бүгінде Смағұл Сәдуақасовтың сұрауымен жазылған Жүсіпбектің анкеталық жауабымен барлығымыз таныспыз. Онда Жүсекең өзін сіңірі шыққан кедейдің баласымын деп жазады. Тіпті «1917 жылға дейін әкеміздің малы 6-7 қарадан асып көрген жоқ» – депті. Бұл жерде басын ашып айтатын бір нәрсе, Жүсіпбек ешқашан кедейдің баласы болмаған. Бұлай айтуының себебі, ол кезде байдың ұрпағымын деу, өзіңе-өзің көр қазғанмен бірдей. Бар арманы шығармашылық жұмыспен шұғылданып, халқына қызмет ету болған Жүсіпбек сұрқия заманға сыр алдырмаймын деп, амалсыз осындай сөзге барыпты. Бұл бір Жүсіпбектің басындағы оқиға емес, ол заманда талай жақсылар сөйтіп амалдағанын білеміз.

Ал шындығын айтар болсақ, Жүсіпбектің атасы Дәндебай Қуанұлы Қызылтау-Баянаула төңірегіне белгілі, бір кісідей дәулеті бар, малды адам болған. Сонымен қатар Баянауыл сыртқы округі ашылғасын, талай жылдар Қызылтаудағы Ақыл-Бейбіт ауылдарының старшыны міндетін атқарған. Ондай дерек мұрағаттық құжаттарда да, ел ішіндегі ауыз-екі әңгімелерде де сақталған. Сол дәулеттің арқасы шығар, Дәндебай 1858 жылдың 13 мамыры күні өзінің қыстауына ағаш үй салуға рұқсат сұрап, Омбыдағы генерал-губернатордың кеңсесіне өтініш жазыпты. Облыстық басқарма Дәндебай Қуанұлына Баянаула орманынан 125 бөрене кесуге рұқсат беріп, оны қадағалауға округтік

приказға нұсқау жібереді (ҚР. ОММ. 345 қор. 1 тізбе. 2096 іс). Егер ол кедей адам болса, ол кезде екінің бірінің қолынан келе бермейтін бұндай шаруаға бармасы белгілі.

Жүсіпбек оқудан демалысқа келгенде, атасы Дәндебай ат шаптырып, той жасаушы еді деп ертеде елдің үлкендері әңгімелеп отырады екен. Сол уақытта соның бәрін көзімен көріп, Дәндебайдың бәйге атының басына мініп шабатын бала – Жұмабек Әуезов деген кісі қария жасына дейін жетіп, Қызылтаудағы Жүсіпбек Аймауытов атындағы (бұрынғы Жосалы) ауылда бертін, сексенінші жылдары қайтыс болған. Осы әңгімені бүгінге жеткізуші де сол ақсақал. Бірақ кеңес заманында оны тыңдайтын және Жүсіпбек жайлы әңгіме іздейтін адам болған жоқ. Себебі заман өзгереді, Жүсіпбек сияқты зиялылар ақталады деп ешкім ойлаған жоқ.

Жүсіпбектің атасы Дәндебай жайлы осындай деректер қалса, енді оның өз әкесі Оймауыттың шаруасы қандай болды екен дейміз. Байқасақ, ол да кедей адам болмапты. 1897 жылғы қазақ даласына барлау жасап, мал-жанның есебін алған Ф.Щербина экспедициясының жазбасында былай делінеді: «Оймауыт Дәндебайұлында: 276 жылқы бар, оның-29-ы бойдақ құнан-байтал, 28-і құлын; 167 ірі қарасы бар, оның-50-і құнаншығар, құнажын, 46-сы бұзау; 43 түйесі бар, оның-7-еуі тайлақ, 12-сі бота; 749 қойы, 52 ешкісі бар». Айтыңыздаршы, осындай адам кедей бола ма? Бұл Жүсіпбектің 8-9 жастағы кезі делік. Сонда Жүсіпбек 20 жасқа жеткенге дейінгі оншақты жылдың ішінде бұл мал көбейіп өспесе, құрып кетуі тіпті мүмкін емес. Осы малды Оймауыт өзінің баласы Жүсіпбектің оқуы үшін пайдаланбады деу тіпті ақылға сыймайды. Расын айтсақ, сол уақыттарда қалалы жерде оқыған қазақ зиялыларының қай-қайсын алсаң да, дәулетті ортадан шыққан адамдар. Кедейдің баласы ешқашан алысқа барып оқи алмайды. Жүсіпбек те осылардың бірі.

Одан бөлек, тағы бір мұрағаттық деректе Оймауыт Дәндебайұлы Тайшық Ноғажевпен (өзінің аталас туысы) бірге 1889 жылдың 26 тамызынан бастап Баянауыл сыртқы округіне қарасты Атағозы болысын басқарған (*Семипалатинские областные ведомости, 1847*). Ал ол кезде кедей адам ешқашан болыс болып сайланбайтынын білеміз.

Жүсіпбектің жалпы ғұмырбаяны жайлы айтар болсақ, оны қазір кез келген оқулықтан көріп жүрсіздер, сондықтан қайталаудың жөні болмас. Дегенмен оның туылған жылы әр деректе әртүрлі жазылып жүргенін айта кеткіміз келеді. Кейбір деректерде 1888 жылы дүниеге келді десе, кейбір жерлерде 1889 жыл туған деп жазылады. Біздер қазір осы кейінгі датаны пайдаланып, 2014 жылы жазушының туғанына 125

жыл толды деп жүрміз. Бір қызығы, бұл дата Жүсіпбеке қатысты құжаттарда көп кездесе бермейді. Тек биыл «Казахстанская правда» газетінде Марат Утеубаев деген тарихшы Ресей Федералдық тергеу бюросы мұрағатының мәліметіне сүйеніп, Жүсіпбек 1889 жылы туған дейді. Ал өзі жазған жоғарыдағы өмірбаянында «1890-сыыр жылы туыппын» дегенін білеміз. Осыны нұсқаға алар болсақ, 2014 жылы оның туғанына 124 жыл толады екен. «Егемен Қазақстанның» 2011 жылғы 28 желтоқсанындағы санында жарияланған «Құпиялы құлпытас» атты мақалада оның авторы Серікқали Бәйменше Мәскеу жақтан қолына түскен тағы бір құжаттарға сүйене отырып, Жүсіпбектің 1895 жылы туғанын айтады. Бұл датамен алсақ, 2014 жылы жазушының туғанына 119 жыл болады. Жүсекең өзінің Мәшкеке жазған бір хатында «Сұлтанмахмұттан екі жас кішімін» - депті. Олай болса 1895 жылы туған болып шығады. Одан басқа, Баянауылдың Шоман ауылында тұратын, ескі әңгімелерден хабары бар Тұрсынбике Тұқбайқызы деген апамыз: «1896 жылы туған ағам Қожан Тұқбайұлы Жүсіпбек менен бір жас қана үлкен деп отыратын» - деген әңгіме айтты. Бұлар Жүсіпбекпен ауылдас, бірге өскен адамдар. Байқап отырсақ, деректердің көбі Жүсіпбек 1895 жылы туды дегенге көбірек саятын сияқты.

Бұдан бөлек тағы бір дерек, 1914 жылдың 1 мамырында Жүсіпбек Оймауытұлына Павлодардың 2 кластық орыс-қазақ школасын бітіргені және 1917 жылдың 14 маусымы күні Семейдің мұғалімдер семинариясын бітіргені жайлы берілген куәліктерде оны 1892 жылдың 30 қарашасында туған деп көрсетеді. Олай деп есептесек, 2014 жылы оның туғанына 122 жыл болады. Осының барлығына қарап отырып, Жүсіпбек Оймауытұлының өмірбаянының кейбір тұстарын әлі де нақтылай, анықтай түсу керек шығар деп ойлаймыз.

Жүсекең өзі 1919 жылы Семейдің мұғалімдер семинариясын бітірдім дейді. Бұл жөнінде 1919 жылдың 2 шілдесі күні осы семинарияның директоры Семей облыстық «земская управаның» халық ағарту бөліміне мынадай құжат жіберіпті: «При этом перепровождаю въ Областной отдѣль Народного Образованія слѣдующіе документы окончившаго въ 1918-1919 учебномъ году воспитанника ввѣренной мнѣ семинаріи, земского стипендіата Семипалатинской области Жусупбека Аймаутова: 1/ Свидѣтельство объ окончаніи курса Семипалатинской учительской семинаріи за № 375/268; 2/Свидѣтельство объ окончаніи курса Павлодарского 2-х классного училища за №146; 3/Удостовереніе Степного волостного Управителя отъ 3 января 1914 года и 4/ Свидѣтельство о прівитіи оспы за №41»-делінеді.

Бір қызығы, осы оқу орнын бітіргені жөнінде мынадай тағы бір құжатты кездестірдік. Оның датасы 1917 жылдың 14 маусымы.

«Свидетельство. Отъ педагогического Совѣта Семипалатинской учительской семинаріи на основаніи положенія объ учительских семинаріях 1870 г.

14 іюня 1917 года дано это свидетельство окончившему полный курс ученія Жусупбеку Аймаутову, магометанского исповеданія, родившемуся 30 ноября 1892 года, въ томъ, что он при ОТЛИЧНОМ поведеніи оказалъ следующіе успехи» - деп пәндерден алған бағаларын көрсетеді. Сонда осы екі құжаттың қайсын негізге алуға болады екен деп ойладық. Жазушының өмір жолын мұрағаттық құжаттар арқылы саралап көрсеніз, бұл секілді сәйкессіздіктер (әсіресе туған жылына байланысты) кездесіп тұратынын байқайсыз.

Жүсекең осы 1919 жылдың 28 желтоқсаны күні Коммунистік партия қатарына өтуге өтініш беріпті (2 қор. 1 тізбе. 6 іс). Сол жылдан бастап мемлекеттік қызмет жүйесіне араласа бастаған сияқты. Губревкомның «Список лиц служащих в общем инородческом подотделе управления и инструкторско-информационной части» деген құжатында губерниялық бұратаналар бөлімшесінің меңгерушісі Мұхтар Әуезов екені айтылып және оның үйленбеген бойдақ екені көрсетілген. Ал Жүсіпбек Аймауытовтың нұсқаушылар бөлімшесінің меңгерушісі екені жазылады және үйленген, отбасында үш адам бар деген дерек берілген. Бұл 1919 жылдың 24 желтоқсаны.

Бұдан кейін, 1920 жылы Семейдің губревкомында Нәзипә Құлжанова, Кәрім Тоқтыбаев үшеуі аудармашы болғаны және Жүсіпбектің Знаменская көшесіндегі 5 үйде тұратыны көрсетіліпті (72 қор).

Осы жылдың 22 наурызында Аймауытов, Самсонов, Большаков, Тюленев, Завадскийлер губревкомның мүшесі болып сайланады. Сосын Сибревкомның қаулысы бойынша, бұл адамдарға қызмет орны бөлінгенде, Жүсіпбек Аймауытовтың басқаруына үш бірдей бөлім–жер бөлімі, юстиция бөлімі және халық ағарту бөлімі беріледі (72 қор, 1 тізбе).

Сол жылы 26 шілдеде ол губревком сайлау комиссиясының мүшесі болып сайланады. Осы 1920 жылы губревкомның «бұратаналар» бөлімі «киротдел», яғни қырғыз (қазақ) бөлімі болып өзгерген секілді. 1920 жылдың 22 қыркүйегінде аталмыш бөлімнің меңгерушісі болған Мұхтар Әуезовтың білімін әрі қарай жалғастырмақ үшін кетем деген өтінішіне байланысты, орны босап, ол жерге уақытша Жүсіпбек тағайындалады (72 қор).

Сол кезде қазақ арасынан шыққан сауаттылардың аз болуынан ба, тек бір ғана 1920 жылдың ішінде Жүсіпбек бірнеше қызмет орнын ауыстырыпты. Одан соңғы он шақты жылдың жүзінде Жүсіпбектің қызмет бабымен біраз жердің дәмін татқанын байқаймыз. Мысалы, 1921 жылы ел астанасы Орынборға ауысқан Жүсіпбек одан кейін қайта Семейге келіп, одан Қарқаралыға ауысып, одан қайтадан Орынборға шақырылып, одан Ташкентке барып, Ташкенттен қайтадан Орынборға келіп, ең соңғы қызмет істеген жері Шымкент қаласы секілді. Осылай аттың жалы, түйенің қомында ғұмыр кешкен адам, айналдырған он шақты жылдың ішінде соншама дүниені қай уақытта қалай жазып үлгерді екен деп таң қаласың.

Өкінішке орай, қоғамды күйсеуінен жаңылдырған жыланпейіл заман келіп, қалың жұрт жарты ғасырдан астам уақыт бойы Жүсіпбек шығармаларынан көз жазып қалды. Қазақстан Орталық большевиктер партиясының комитеті 1937 жылдың 21 тамызында «Кітапханалар мен кітап сату жүйесінен алынатын алашордашыл, ұлтшыл бағыттағы әдебиеттердің тізімін» жасайды (№188). Бұл тізімге Жүсіпбектен басқа А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Х. Досмұхаметов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Е. Омаров, Т. Рысқұлов, М. Тынышпаев, М. Әуезовтар кірген екен.

Сөйтіп Алаш қайраткерлерінің: «Жан жүйесі» (1928-29 жж.), «Жаңа Арқа» (1928-29 жж.), «Қартқожа» роман (1928-29 жж.), «Шернияз» пьеса (1928-29 жж.), «Мансапқорлар» (тізімде роман деп көрсетілген-автор) 1928-29 жж.), «Мағжанның ақындығы», «Тас мейман» - Пушкиннен аударма, «Жаман тымақ», «Синий бык» (Көк өгіз), «Қанапия-Шарбану», «Тазша», «Кур-куй» (солай жазылған-автор), «Методы комплекса», «Новый аул» второе издание, «Чтение», «Жаңа ауыл» (барлығы «Казиздатта» басылған) секілді дүниелері талай ондаған жылдар оқырмандар көзінен таса болады. Өзі 1931 жылдың 21 сәуірінде Мәскеуде атылып, сондағы Ваганьков зиратына жерленеді.

Оның өнер мен әдебиетке шындап араласып, табиғи дарынының бастау бұлағын алғаш ашқан жері Семей екені белгілі. Өнерге жаны ғашық жас Жүсіпбек жаңа ғана қаз тұрып келе жатқан театр өнері мен әдебиетке құлшына араласады. Біз көбінесе оның жазушылығын айтамыз да, ал режиссерлік, актерлік қырын ескере бермейміз.

Семейлік (абайлық) шежіреші-этнограф Бекен Исабаев өзінің «Ұлылар мекені» кітабында: «1914 жылы Абай Құнанбаевтың өмірден озғанының 10 жылдығы Семей қаласында аталып өткенде, Кеңгірбай бидің немересі, «Абай» романының белгілі кейіпкерлерінің бірі Базаралының ұрпағы Тұрар ханым «Біржан-Сара» спектаклінде

Сараның рөлінде ойнап, Біржан рөлін сомдаған Жүсіпбек Аймауытовқа қарсы айтысып, тарих парағына жазылған кісі» - дейді.

Жүсекеңнің көп айтылмай жүрген тағы бір қыры - оның сазгерлігі. Белгілі сахна қайраткері, Қазақ ССР-інің халық әртісі болған Жәмила Шашкина апамызды халық біледі. Бұл кісі белгілі жазушы Зейін Шашкиннің бірінші қосағы. «Жүсекең кезінде Жәмиланың әпкесі Кәмила деген кісіге ғашық болып, «Кәмила» атты ән шығарған екен. «Осы әңгімені Жәмила шешеміз өзінің 90 жылдық тойында айтқанын естідім» - дейді өткен-кеткеннен хабары мол баянаулалық Рамазан Нұрғалиев атты азамат. Зейіннің жасы Жүсіпбектен біраз кіші болғанымен, екеуі де Баянауыл округіне қараған бір елдің – Қыр болысының қазақтары. Аталмыш әңгімені растағандай, Қарағанды облысының «Орталық Қазақстан» газетінде Төлеубай Мансұрұлы деген әріптесіміз: «Осындай думан-тойдың бірінде Жүсіпбек Аймауытовтың өзі Жәмиланың Кәмила мен Қайкен деген туған апаларының өнеріне өте тәнті болып, ән шығарған ғой. Осы әнді Қарағандыдағы қазақ театрының сахнасында Қайрат Байбосынов ағамыз әуелете шырқағаны есімізде» - деп жазады.

Бұл әңгімені Алматыда тұратын Жәмила шешеміздің қызы Қарагөз Шашкина апамыз да қуаттап, кезінде осындай әңгімелерді ертеде құлағы шалғанын айтып, өз анасы және Кәмила, Қайкен әпкелерінің бірге түскен суретін салып жіберіпті.

Тағы бір айта кететін нәрсе, халық әні делініп жүрген «Екі жирен», «Қызыл бидай» әндерін ертеде Қызылтау елінің қариялары «Жүсіпбектің «Екі жирені», «Жүсіпбектің «Қызыл бидайы» деп отырады екен. Осының мәнісін білмекке, Астанадағы Қайрат Байбосынов ағамызбен хабарласқан едік.

–Бұлар халық әндері ғой, дегенмен Жүсекең кезінде өзінің жүрек сырын осы әндердің әуеніне салып айтуы мүмкін. Себебі, мен Қарағандыда сахнаға шығып, «Екі жиренді» орындарда Жәмила апамыз: «Қайратжан, осы әннің қайырмасын «Кәмила, Қайкен, құдашам Зайкен, тұрмайсың уағданда, сені қайтем» деп қайыршы, ертеде Жүсіпбек Аймауытов ағамыз солай айтушы еді» – деп еді дейді.

Қазақ әндерінің тарихынан мағлұматы мол Қайрат ағамыз осылай десе де, халыққа белгілі «Екі жирен» әнінің бірнеше нұсқасы бар екенін білеміз. Осының бірі Жүсіпбектікі емес пе екен деп ойлап қойдық...

Жүсіпбектің сазгерлігі жөнінде баянауылдық белгілі өлкетанушы Алтынбек Құрманов төмендегідей бір әңгімені баян етті. «Тоқсаныншы жылдары осы өңірдегі Торайғыр ауылына Моңғол жерінен Мұтай атты ақсақал қоныс аударып келіп еді. Өзі сол жақта ескіше әжептәуір білім алған, Оспан батыр, Қалибек хакім секілді Шығыс Түркістанның саяси

қайраткерлерін көзімен көріп, жанында болған адам екен. Өлгі кісімен сөзіміз жарасып, ара-тұра әңгіме-дүкен құратынбыз. Ақсақал жас уағында Шығыс Түркістандағы «Үш аймақ» көтерілісіне қатысыпты және өзінің айтуынша Қалибектің көмекшілерінің бірі болғанға ұқсайды. Сонда мыңдаған адам сарбаздар сапқа тұрып, әкери маршпен адымдап, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ғаскер жыры» өлеңін бір кісідей шырқайды екен. Ақсақал жаңағы әнді кей уақта өзінше ыңылдап айтып, кәдімгідей әруақтанып отыратын. Мен ол кісіге: «Әннің авторы Жүсіпбек Аймауытов өзіміздің баянауылдық жерлесіміз» – дегенімде, ақсақал: «Жүсіпбек осы өңірдікі ме еді?!» - деп таң қалып еді» - дейді. Қарап отырсақ, Жүсекеңнің өлеңдері сол кезде Алтайдан әрі асып, сол жақтағы қандастарымызға да жігер мен намыс берген екен.

Жүсекеңнің ұлт алдындағы қаламгерлік қызметін айтқанда, қайраткерлігін ұмытуға болмайды. Қай жерде жүрмесін, бар арманы шамасы келсе туған халқына жақсылық жасау болған Жүсіпбек Семейде губерниялық қызметте жүргенде өзі туып-өскен Қызылтау өңірінде жаңа ауылдың іргесін қалауға қол жеткізеді. Халық оны сол кезде «Мәдени кіндік» деп атаған екен. Мұрағаттық құжаттарда бұл ауыл «Кульпункт» деп көрсетіледі. Аталмыш ауылда сол кезде бастауыш мектеп, балабақша, тіпті тіс жұлатын дәрігерге дейін жұмыс істепті. Бұл Жүсіпбектің халықты қайтсем де Еуропа тұрмысына жақындатам, көзін ашам деген ниеті екені белгілі. Белгілі жазушы Дихан Әбілев атамыз осы «Мәдени кіндіктегі» мектептің директоры болып жүргенде Баянаула ауданында «Баянтау» газеті ашылып, оған Ғалым Малдыбаев редактор болып барады да, Диханды өзіне орынбасар етіп алады. Одан кейін аласапыран заман келіп, ашаршылық жылдары халық тоз-тоз болып кеткенде, бұл ауыл да иесіз қалған секілді. Қазір сол «Мәдени кіндіктің» орны ғана жатыр. Кірпіші мен ағашын кейін Баянауылдың орталығына құрылыс салуға пайдаланыпты.

Жүсекеңнің қай жерде болмасын, осындай игілікті шаруаға мұрындық болып, оң істерді ұйымдастыра жүретінін байқаймыз. 1925 жылы оның біраз уақыт өкіл болып Семейден Алтайдың Күршім жеріне барғанын «Абай» журналының 2009 жылғы екінші санында Өлтай Есқалиұлы деген адам жазады. Жүсіпбек ол жақта да Мысбаев Мейраш, Әділхан, Дариға атты болыстардан қаржы жинап, темір шатырлы мәдениет үйін салдырады. 1945 жылы өртеніп кеткен бұл үйді көргендер бір жағында мешіт, бір жағында дәрігерлік бөлме бар еді дейді екен. Тағы бір жерде темір шатырлы кеңсе мен клуб салдырып, ол 1926 жылы пайдалануға беріліпті. Жүсекеңнің Алтайға

сапары осымен ғана түйінделіп қалмай, атақты «Ақбілектің» де сюжетін де сол жақтан тапқаны белгілі...

Бұл мақала 2014 жылы, Жүсіпбек Оймауытұлының 125 жылдық мерейтойы қарсаңында жазылып еді. Осы мақала баспасөз бетінде жарияланғасын, Павлодар облыстық әкімдігі демеуші болып, сол жылы бір топ адам Мәскеуге барып, Ваганьков қорымында бауырластар бейітінде жатқан Жүсіпбектің басына құран бағыштап, өзінің кіндік қаны тамған Қызылтау жерінің бір уыс топырағын апарып салып едік. Сол жылы Павлодар қаласындағы өзінің атындағы қазақ драма театрының жанында жазушының ескерткіші орнатылып, ас беріліп, бұл той сосын Баянаула жерінде жалғасты.

Жүсіпбек Аймауытовтың ән мұрасынан

«Өткен ғасырдағы азаттық жолындағы күрестің алғашқы белесіне тоқталар болсақ, ұлт өміріндегі аса маңыздысының бірі – 1917 жылы құрылған «Алаш партиясы» мен Алашорда үкіметі еді. Ол қазақ әдебиетінде жан-жақты жырланды» – деп жазады М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, өнертану ғылымдарының кандидаты Бақыт Тұрмағамбетова.

«Алаш» партиясының, «Алашорда» үкіметінің құрылуына байланысты оны құттықтаған, ұлт тәуелсіздігіне үлкен сенім артқан бірқатар өлеңдер шамамен бір мезгілде жарық көрді. С.Торайғыровтың «Алаш ұраны», Ғ.Қараашұлының «Алашқа», «Алаштың азаматтарына», С.Дөнентаевтың «Азаттық күні», Н.Наушабаевтың «Алашордаға», Ә.Мәметовтың «Алашқа сәлем», Ж.Аймауытовтың «Әскер марсельезасы», «Ұран», (...) өлеңдері Алаш қозғалысының сипатын поэтикалық жағынан таныта аларлық тарихи туындылар болды» [1, Б.40-41].

Бұл жылдары жазылған өлеңдер туралы академик С.Қирабаев: *«Сұлтанмахмұт Торайғыров (...) «Алаш ұранын» жазса, дербес қазақ мемлекетінің болашағын түрік халықтар ынтымағымен байланыстыра қараған Жүсіпбек Аймауытов:*

*Арғы атам – ер түрік
Біз қазақ еліміз.
Самал тау, шалқар көл
Сарыарқа жеріміз.
...Ат мінсек, жел болып,
Дуылдап шабамыз.
Лап десек ерленіп,
Дуылдап жанамыз.*

*...Ер түрік ежелден
Оқ тескен етіміз
Қаймығып еш жаудан
Қайтпаған бетіміз, – деп жаңа ұлт мемлекетін қорғарлық ерлік
дәстүрлерді еске салды», – дейді [2, 14-б.].*

Осы «Арғы атам ер түрік» деп басталатын өлең алашордашылардың әнұраны болғандығын Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова өмірбаяндық естеліктерінде жазыпты [3].

Аталмыш өлең төңірегіндегі ізденістерімізбен бөлісер болсақ, интернет беттерінде оның кейбір жолдары сәл өзгеріп, «Алаш маршы» деп аталып, авторы көрсетілмей беріліпті. Бұл интернет беттеріндегі өлеңді өзінің алғаш жарияланымымен салыстырып қарағанда, яғни, 1918 жылы «Абай» журналына (№ 7 саны) «Ғаскер өлеңі» деп жарық көрген түпнұсқада айтылмай жүрген біраз жолдары бар екенін аңғарамыз. Түпнұсқаға, толық мәтінге назар аударалық [Б.13-14]:

*Арғы атам – ер түрік
Біз қазақ еліміз,
Самал тау, шалқар көл
Сарыарқа жеріміз.
Сай сайлап мал айдап
Сайрандап иен жайлап,
Ерке өскен арқаның
Еркесі серіміз.
Біз жүрген алаштың
Шын кемеңгеріміз!
Егесек ел бермес
Еңіреген еріміз.
Бұғаудан босаған
Біз долы арыстан
Долданса болмайтын,
Жаңа дәу періміз!*

*Ат мінсек, жел болып,
Суылдап шабамыз.
«Лап!» десек ерленіп
Дуылдап жанамыз.
Алаштың ақ туын
Қолға алып, ақырып,
«Алаш!» деп шапқанда,
Жауға ойран саламыз!
Ер түрік ежелден*

*Оқ тескен етіміз!
Қаймығып еш жаудан
Қайтпаған бетіміз.
Жаусын оқ, ақсын қан,
Шықсын жан, қорқу жоқ.
Алаштың жолында
Жан қимақ – ниетіміз.*

*Біздерге сөз бе екен,
Жауыңның көп, азы!?
Өлсек хақ шаһитпіз
Өлтірсек біз қазы.
Жол болып жау [хауіп]
Сау қайтсақ боламыз
Қазақтың шын ұлы,
Қаһарман сабазы!*

*Алаштың аруағы
Жебесін, қолдасын!
Ақсақал тілей гөр,
Сапарды оңдасын!
Жасаған жар болып,
Қазақтың еліне
Жасатсын, сақтасын
Алаштың ордасын!*

Жүсіпбек Аймауытовтың осы «Ғаскер өлеңін» зерттеуші Д.Қамзабекұлы «Алаш және әдебиет» атты ғылыми монографиясында түрік халықтарының отаншылдық, елшілдік өлеңдерімен үндестікте қарастырған. Ғалым Алаш милициясының гимні әрі маршы дей келе: «Ең бастысы, большевизмге қарсы құрылған Алаш милициясының іс-әрекетін тарих алдында ақтап алатын жанды сөз бар. Большевиктік төңкеріске қарсы тұрып, ақпан өзгерісінің федерация идеясына адал болып қалған Алаш қозғалысының ізгі мақсаты Ж.Аймауытұлының «Ұран» атты өлеңінде де көрініс тапқан», – деп төмендегі шумақты да ұсынады:

*Ұраным, қорғаным, сен Алаш!
Жолыңа құрмалдық мал мен бас!
Өнер тап, өрге шап, қару от,
Аллалап алға бас, ал, Алаш!*

Д.Қамзабекұлы осы монографиясында Алаш әнұранына байланысты мынадай ақпарат та берген: «Кейбір зерттеушілердің

(мысалы, марқұм Б.Байғалиев) пікірінше, Жүсіпбектің «Ұраны» да Алаш гимні есебінде орындалған. Яғни, Ж.Аймауытовтың «Ғаскер өлеңі», «Ұран» өлеңдері алашордашылар аузында болған.

Отандық мерзімді баспасөз беттерінде «Арғы атам ер түрік» деп басталатын жоғарыдағы өлеңнің авторлығына қатысты бірқатар пікірлер кездеседі. Бірде өлең авторы М.Дулатов, С.Торайғыров, Б.Майлин десе, келесі бірінде осы үшеуі бірігіп жазған делініп жүр. Ал Алаш қозғалысының әнұранына айналған өлеңнің музыкасына келсек, ол төмендегідей мәліметтерді саралаудан тұрады.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін қазақтың азаттығын аңсап, оның жарқын болашағы үшін қызмет еткен білімді тұлғаларды «алашордашы», «ұлтшыл» деп қуғын-сүргін құрбаны еткені мәлім. Саяси қысыммен жақын шекаралас елдерге ауа көшкен, онда да бейбіт өмір сүре алмай тағдыр тауқыметін тартқан қандастарымыздың пана іздеп алыстағы Түркияға дейін барғаны да тарихтан белгілі. Олардың жадында азаттықты арман еткен қайраткерлердің шығарған, бас қосқан кезде орындаған әндері әнұран (гимн), марш, өлең деп сақталған. Мәселен, жоғарыдағы ғалымдар Ж.Аймауытовтың өлеңі деп көрсеткен «Ғаскер өлеңін» Стамбул қаласының тұрғыны Мәдәлім Байқонақұлы (1922 ж.т.) «Алаш маршы» деп орындап берді. 1950-жылдары Түрік жеріне көшкен Мәдәлім қажы Шығыс Түркістандағы Манас Сауанда дүниеге келген. Әннің музыкасы мен поэтикалық мәтінінің авторлығы жөнінде білмейтінін айтқан информатордың жадында бұл шығарма жас кезінде үйреніп, өзі орындағаннан кейін сақталыпты. М.Байқонақұлы орындаған маршты Стамбулдағы қандастарымыздың орта буын өкілдері де осы әуенімен орындайды.

Алаш маршы

орынд.: Мадалім Байқонақұлы
Стамбул, 2011 ж.

Батыл, салмақты ($\text{♩} = 110$)

Ар- ғ(ы)а - там ер тү - рік, Біз қа - зақ е - ді - міз.

Са - мал тау, шал - қар көз Са - р(ы)ар - ка же - рі - міз.

«Алаш маршы» – тақырыбына сәйкес, бірқалыпты, бастан аяғына дейін 2/4 өлшемінде жүріп, марш екпінінде батыл, көтеріңкі орындалады. Әннің өне бойындағы дыбыс пен буын синхронды байланысып, марш жанрының табиғатын аша түседі. 6-буындық (3+3) жолдардан құрылған шумақ төрт түрлі музыкалық мелотармақтан құралып, әр шумақта өзгеріссіз қайталананып отырады. Бұл әннің әуеніне орыстың халық мелодиясы алынған. Осы өлеңді Ж.Құжيمانов «Ғаскер әні» деп атап, әуенін Мәдәлім Байқонақұлының нұсқасынан өзгеше орындайды. Әншіге осы туындыны және тағы бір Алаш тақырыбындағы әнді сазгер И.Жақанов (1994 жылы) магнитофон таспасына шет елден келген қандасымыздың орындауынан түсіріп берген. Таспаға жазылған мәліметте шет елдегі қандасымыз «Арғы атам ер түрік» деп басталатын өлеңге бастапқыда орыс әнін пайдаланып, кейіннен оған ұқсас марш екпініндегі жаңа әуеннің шығарылғандығын айтқан екен. Сонымен, Ж.Құжيمانов шетелдік қандасымыз айтқан соңғы шығарылған әуенді айтып жүр.

Ж.Құжيمانов репертуарындағы екінші ән – «Зар заман». Оның сөзі М.Дулатовтікі. Ал әуені халықтық «Заман-айдың» мелодиясымен орындалады. Бұл әнді орындаушы нотаға түсіріп, 2003 жылы «Қазақ ордасы» журналына жариялады (№ 1-2).

«Алаш маршы» туралы тағы бір ақпарат көздерінде: *«...ел ішінде Дихан Әбілев айтты делінетін, әнші Жоламан Құжيمانов орындайтын, Торғайда және Батыс Алаш ордада айтылды делінетін түрлі нұсқалары да жетерлік»*, – деген мәлімет келтірілген. Яғни бұл мағлұматтардан Алаш маршы немесе ұраны деп қазіргі уақытқа бірнеше нұсқалардың жетіп отырғанын түсінеміз.

Деректерге сүйенер болсақ, жоғарыдағы келтірілген, әуенімен нотаға түскен үш ән де (Ж.Аймауытов, М.Дулатов өлеңдерімен айтылып жүрген) Алашорда қозғалысының тарихында айтарлықтай орын алған. Дегенмен, Алаш әнұраны ретінде алдыңғы, Мәдәлім Байқонақұлы нұсқасының маңыздылығы жоғары болған сияқты. Өйткені, ол – өзі дүниеге келген кезеңінің музыка мәдениетіне тән құбылыстармен нақтыланып отыр. Бұл жерде өлеңнің бастапқыда орыс әуенімен айтылып, кейіннен басқа әуенге бейімделгенін тарихи дерек ретінде назарда ұстауымыз қажет. Осы пікірімізді 1920-30 жылдардағы қазақ ән мәдениетін зерттеген Б.Ерзаковичтің: *«Большое влияние на возникновение казахских революционных песен оказали «Интернационал», «Варшавянка», «Смело, товарищи, в ногу», а также русские народные песни, такие, как «Эх ты, доля» и многие другие. Эти песни еще до революции были занесены в Казахстан русскими рабочими, переселенцами, ссыльными, а с первых лет*

Советской власти получили повсеместное распространение», – деген түйіні нақтылай түседі.

Еуропалық музыкалық жанрлардың тың үрдісі ән жанрында ғана емес, қазақтың күйлеріне де ене бастады. Мәселен, өткен ғасырдың басында ұлттық саз өнеріне тың тақырып пен жаңа мазмұндағы әндердің дүниеге келуімен бірге марш, вальс секілді жанрлар енді. Отандық музыкатану саласында осы кезеңдегі тәуелсіздік, азаттық тақырыбында туған домбыра күйлерін музыка теориясы тұрғысынан арнайы қарастырған зерттеуші А. Қазтуғанова авторлық шығармалардағы марш өлшемінің айқын сезілетіндігіне назар аудартады. Зерттеуші осы кезең күйлерін қарастыра келе, Сейтектің «Қызыл сұңқар», «Еркіндік» күйлерімен қатар «Марш» туындысын талдай келе: *«Күйдің ырғақ ерекшелігінде еуропа музыкасында қалыптасқан марш жанрына тән нышандар сақталған, яғни бірінші үлесте бір сегіздік екі он алтылық, ал екінші үлесте екі сегіздік берілген. Туындының алғашқы дыбыстардың басталуынан рухты биіктетін серпіліс пен патриоттық сезімді күшейтетін үн байқалады», – дейді.*

Ән мәдениетінде «Амангелді сарбаздарының әні», «Амангелді маршы», «Партизан әні» және т.б. марш формасындағы әндер пайда болды. Жаңа жанрлардың айқындаушы белгілерінің нышаны негізінен өлшемдерінде болды – вальс $\frac{3}{4}$ ырғағымен, ал марш $\frac{2}{4}$ және $\frac{4}{4}$ ырғағында өзгермей жүруі заңдылық. Дәстүрлі ән мен күйлерімізге өлшемдік жиі ауысулар тән болғандықтан бұндай біртекті ырғақтық формулалар бірден еніп кетпеді. Сондықтан да азаттық жолындағы күреске елеулі үлес қосқан ұлт зиялыларының орыс әнімен айтылған «Алаш маршы» («Гаскер өлеңі») секілді, ақын С.Сейфуллин де 1917 жылы жазылған «Жас қазақ марсельезасына» орыстың революциялық «Отречемся от старого мира» әнінің мелодиясын пайдаланды. *«Ақынның «Жас қазақ марсельезасы», «Жолдастар» өлеңі сол кездегі қазақ ауылдарында революция гимні қызметін атқарды. ... «Жас қазақ марсельезасы» ұран стилінде жазылған».*

Бұл әндердің қайсысын алсақ та, тәуелсіздік жолында күрескен топтың әнұраны болып, кейін жалпыхалықтық сипат алған маршқа айналған, қазақ музыка мәдениетіндегі отансүйгіштік рухтағы тарихи туындылар деп танымыз.

Ісімақова А., «Алаш әдебиеттануы». – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017, — 480 бет. Мақала ықшамдалынып алынды.

Жүсіпбек Аймауытұлының мақалалары, өзі редактор болып шығарған газет-журналдары туралы әлі де толық зерттелмей жатқанын

жиі айтамыз. Бірақ қазақ театрына қатысы барын, Біржан салдың рөлін сомдағанын екінің бірі біле бермейді.... Ж.Аймауытұлы – қазақтың психологиялық прозасын қалыптастырушы жазушы, ақын. Қазақтың тұңғыш пьесаларының авторы, драматург. Алаш қайраткерлерінің бірі. Көсемсөзші, қазақ журналистикасының көшбасшысы. Сонымен қатар қазіргі ХХІ ғасырда да таңғалатын психологиялық романдардың авторы. Психология, педагогика, оқу әдістемесі деген мамандықтың басында тұрған ғалым. Ол жайында замандастары Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы жазып кеткен.

Ж.Аймауытұлы қазақ газет-журналдарының көбісін өзі шығарды. Қазақтың ұлттық мүддесін қорғайтын көптеген мақалалар жазды. Өзі Біржан салдың рөлін ойнап, қазақ театрының басында тұрған тұлға. Мәскеуге барып, өзге елдің мәдениетін көрген Жүсіпбек, кенжелеп жатқан қазақ көсемсөзін яғни журналистикасын алға сүйреуге бар жанын салды. Әлемдік деңгеймен салыстырғанда тұралап тұрған қазақ мәдениетінің көтерілуіне өз мақалаларымен үн қосты. «Сарыарқа», «Қазақ», «Абай» сынды қазақ газет-журналдарының өркендеп дамуына, оның ұшқынының жан-жаққа таралуына көп атсалысты. Қазақтың өз ішіндегі тартыстарды да тоқтатуға күш салды.

Ж.Аймауытұлы саясаттанушы да болған. Саяси бағытта жазылған баяндамалары ұлтына қызмет ету, ұлтты сүю, қазақтың мемлекеттілігін сақтау бағытында жазылған. Қазақтың мемлекеттілігі үшін әрбір қазақ іс басында табылуы қажет деген керемет ойлар айтқан. Аймауытұлының осы баяндамалары күні бүгінге дейін жеке мұрасы болып, зерттелмей қалып отыр. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы қазақтың мемлекеттілігін Ресей империясы да, одан кейін құрылған совет үкіметі де қолдамағанына, мойындамағанына қарсы шықты. Бұлар өз баяндамаларын: «Қазақ – текті халық, шекарасы, жері бар, ұлттық тілі, ұлттық мүддесі, тарихы бар, мәдениетті, сауатты, парасатты елміз» деген бағытта жазды.

1917 жылы желтоқсанның 5-і мен 13-і аралығында Орынборда екінші жалпы қазақ съезі өтті. Оған бүкіл қазақ зиялылары қатысты. 12-сі күні сағат үште азан шақырылып Алаш автономиясы құрылды. Осы Алаш съезі туралы «Қазақстан», «Сарыарқа» газеттерінде Аймауытұлының саяси мақалалары шықты. Оның басты көтерген мәселесі – ата-бабаларымыздың қанымен қорғалған ежелден келе жатқан өз шекарамыз, өз жеріміздің бар екендігі жайлы болды. Бұл мақалаларды оқыған қазақтардың әрине, рухы көтерілді: «Біз орыстың боданында отырған ел емес екенбіз. Біздің өз тарихымыз бар екен» деген пікір қалыптастырып, елдің еңсесін көтерді.

Ж.Аймауытұлы жайлы анықтап, басып айтатын тағы бір күрделі мәселе 1918 жылы Семей қаласынан «Абай» журналын шығаруы. «Абай» журналында ақынның шығармашылығы мен әдебиетке қатысты жазылған материалдарымен қоса көтерілген тағы бір жайт – қазақ жастарының орысша білім алып, сол елдің мәдениетіне еліктеп «кекіреніп», өз қазағын менсінбей кетуі. Бұндай жағдай қазір бізде де ушығып тұр. Жүсіпбек дәл қазіргі қазақ қоғамында болып жатқан кейбір келеңсіз мәселелерді сол кезде болжап жазып кеткендей. Болыстарға аудармашы болып жүрген қазақ жігіттері мен аздап сауаты бар оқығандарының кейбіреуі қарапайым елді менсінбей, жылтыраған түймеге қызығып, шенеуніктік психология қалыптастыра бастағанын айтқан. Қарап отырсаңыз, жақсы қызмет, ақша қуған қазіргі біздің кейбір атқамінерлерімізді жазғандай әсерде қаласың. Халықтың хал-ахуалымен көбінің ісі жоқ. «Елін менсінбейтін, өзім ішсем-жесем дейтін шенеуніктер қазаққа керегі жоқ», – деп көсемсөзші ерекше тоқталып айтқан.

Осы журналда жарияланған «Ұлтты сүю» атты мақаласына қысқаша тоқталсақ, «Басшы дүзу болса, басшыдан бас тартып, ауа жайылатын халық жоқ. Қазан бұзар, ар соққан біреулер болмаса. Қазақты тура жолға бастайтыны да, адастыратыны да оқығандары. Халыққа қызмет қылуға жарамаған, үлгі, шырақ бола алмаған оқығандардан пайда жоқ», – дейді. Көсемсөзші Ж.Аймауытұлы тағы былай дейді: «Жанды тәрбиелейтін үш түрлі сипат бар – ақыл, сезім, қайрат. Адам жаратылысында осы үш сипатты бірдей тәрбиелейтін болса, ол кісі данышпан болады.

Әрбір қазақ баласына ерте бастан ұлт рухын сіңіруі керек. Орыс тәрбиесін алған бала ешқашан ұлт қызметкері бола алмайды. Біз орыстардың арақ ішу, темекі тарту, құмар ойнау сияқты жаман әдеттерінен қашуымыз керек». Ата-бабамызда болмаған осы жаман әдеттерден біз күні бүгін де арыла алмай келеміз. Көсемсөз туралы тағы да айтып кетсек, «Тәрбие» деген мақаласында: «Дәрігер адамның тәнін сауықтырса, тәрбиеші адамның жанын, ақылын, мінезін сауықтырады. Мектепте білім беру домбыраның қос ішегіндей тәрбиемен қатар жүру керек. Ақылақты, ақылды адам көбейсе, олар – отанының күзетшісі, қорғаны» деген екен.

Ж.Аймауытұлы мектепке де арнап оқулық жазған. «Тәрбиеге жетекші» еңбегінде: «Мектептің жаны – мұғалім. Баланың санасына ең бірінші ұлттық құндылықтарымызды сіңіру қажет, мектепке арналып жазылған оқулықтар дұрыс жазылуы керек» деген құнды ойлар айтқан.

Нұржан Қуантайұлы деген замандасымыз Ж.Аймауытұлының журналистік қызметі туралы ғылыми зерттеу жүргізіп, талдаулар

жасады. Ғалымның зерделеуіне сүйенсек, 1921 жылы 21 ақпанда партбюроның шешімімен С. Сәдуақасұлының орнына «Еңбек туы» газетінің редакторы болып Ж. Аймауытұлы бекітіледі. Олай болса, ұлы қаламгер бүгінгі «Егемен Қазақстан» газетінің ең алғашқы редакторларының бірі. Бұл – күні бүгінге дейін көп айтылмай келе жатқан дерек. Ату жазасына ұшырауына байланысты Ж. Аймауытұлының редакторлығымен 7-8 ай шыққан «Еңбек туы» газетінің тігінділері қорда сақталмағандығы өкінішті.

Қазақтың тұңғыш газеттерін шығаруда ғана емес, архив материалдары дәлелдегендей, журналдар шығаруда да Жүсіпбектің еңбегі ересен. Мысалы, 1931 жылы 6 ай бойы шыққан «Сәуле» журналында Әлихан мен Мағжан бастаған ұлт әдебиетшілерінің шығармаларын жариялаған. Өзінің «Елеусіз ерлер», «Су жүзінде» сияқты алты әңгімесі де «Сәуледе» шыққан. Журнал Ташкенттегі баспаханада басылған, таралымы 2000 дана.

Енді бір өкінішпен айтатын нәрсе – Ж.Аймауытұлының еңбектерінің көбінің жоғалғаны. Мысалы, Смағұл Сәдуақасұлының 1926 жылы жазған анкетасы бар. Соған берген жауаптарында көптеген туындыларының атын атап жазған, соның үштен бірі жоқ.

Шымкент оқу комиссариатының ғылыми қызметкері Т.Шонанов, Сәкен Сейфуллин мен «Ауыл тілі» газетінде істейтін Бейімбет Майлинге: «Ж.Аймауытұлының «Қолдорба», «Оянған Асан», «Түлкі, қасқыр, түйе», «Екі еріншек» атты қолжазбаларына пікір білдірсеңіздер екен», – деп өтініш хат жолдаған. Міне, осы аталған қолжазбалар еш жерде жинақ болып шықпады. Кейінгі тағдыры да белгісіз. Осындай жоғалған қолжазбаларының ең көлемдісі – «Мәскеу және Қырымға жолаушылық».

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында істеген библиограф-ғалым Үшкөлтай Субханбердина Совет үкіметі кезінде Санкт-Петербург, Мәскеу кітапханаларында отырып, қазақ даласында шыққан газет-журналдар мен Алаш зиялыларының жазған мақалаларын түгендеп, библиографиясын түзді. Ол кезде Алаш азаматтарының аттарын атауға тыйым салынғандықтан, тек қана мақалалардың библиографиясын жасады. Бұл тақырыпта докторлығын да қорғай алмады. Осы кісінің айтуы бойынша, Ж.Аймауытұлының 16 бүркеншік есімі болған. Үшкөлтай Субханбердина – қазақтың «Дала уалаяты» болсын, қай газет-журналы болса да ондағы мақалалардың жоғары деңгейде жазылғандығын, XIX ғасырдан бастап қазақ көсемсөзінің кәсіби деңгейге көтерілгендігін дәлелдеп кеткен ғалым.

Ж.Аймауытұлының күні бүгінге дейін айтылмай келе жатқан қыры – оның фельетондары. Бұл туралы кезінде профессор Т.Қожекеев

жазған, бірақ Қожекеевтің зерттеулерінен кейін Аймауытұлының сатирасы мен сыны айтылмай келеді. «Сауатсыздықты жою», «Мал бас садақасы ма, бас мал садақасы ма?», «Мысыққа ойын, тышқанға өлім», тағы басқа фельетондарында елдің жағымсыз мінез-кұлқын, іс-әрекетін сынай отырып, халықты жаман әдеттерден арылуға шақырған. Жай бір күлдіргі әңгіме айтып отырғандай болып, қазақтың мінін тайға таңба басқандай көрсеткен. Қазақтың ақсақалдары балаларының қателіктерін өйтпе-бүйтпе деп түзетпеген. Басқа біреуді тұспалдап, сырттан мысалдар ала отырып, жаман әдеттерге тыйым салып отырған. Тыйым салу біздің ежелден келе жатқан дәстүрімізде осылай іске асқан. Жүсіпбек өз фельетондарында осыны жақсы пайдаланған. Фельетонды оқыған кез келген адам бірден өз мінін тауып алады. Бұл – жазудағы асқан шеберліктің белгісі.

Республикалық кітап мұражайында 1926 жылы шыққан «Қартқожа» романының төте жазумен (араб әрпімен) жарық көрген нұсқасы көрмеде тұр. «Ақбілек», «Қартқожа» романдары жұртшылыққа біршама белгілі. Ал хаттары туралы айтыла бермейді.

Әлем әдебиетінде «роман воспитание» деген жанр бар, қазақшаласақ роман-тәрбие болып аударылады ғой. Жан-Жак Руссо, Дидро шығармалары осы жанрға жатады. Бұл жанрды қазақ тілінде іске асырған – Ж.Аймауытұлы.

Ж.Аймауытұлы 1926-1928 жылдар аралығында Шымкенттегі педтехникумның директоры болған. «Ақбілек» романын осы жылдары жазған. М.Ж.Көпейге жазған екінші хатында: «Екі жарым ай болды үйден түзге шықпағаным. Бір роман жазып бітірдім, өзіңіз көрген «Қартқожадан» үлкендігі екі есе болады. Бар ойым, ынтам, рухым сол романға кетіп, тап жыңды кісідей болыппын. Досты, жолдасты, құрметті, қымбат ағаны ұмытып кете жаздаппын», – деп жазыпты. Жүсіпбектің бұл хатындағы сөздерінен жазушының шалқар шабытын, шығармашылықтың рахатын сезінген, талантты қаламгердің қаламының қарымын сезінеміз. «Ақбілек» романынан бұрын 1924 жылы «Елес» әңгімесін жазған.

Жүсіпбектің аштық жылдарындағы қызметі де тарихта белгілі. Ауқаттылардан жылу жинап, оны қарайған елге тарату деген бір абыройсыз жұмыс болды. Елі, жұрты үшін Жүсіпбек осындай қиын жұмыстың да басынан табыла білді. Жазушыны қаралау мақсатында «Елге таратқан дүниелеріңнің есебін бер, кімге не бергенің туралы қолхатың қайда?», – деп тергеудің астына алды. Өзіңіз ойлаңызшы, аштан қырылып, мүшкіл халде жүрген қай адам сізге қолхат жазып берсін. Сонда Жүсіпбек: «Төбеде Алла көріп тұр», – деп жауап берген екен. Жалпы Жүсіпбек, Әлихан, Ахмет, Міржәқыптардың басты бір

ерекшелігі – бұлар Құран жолымен жүрген адамдар. Аштан қынадай қырылып жатқан халыққа жиналған дүниені талан-таражға салды деп жала жабу – Жүсіпбекке жасалған үлкен қиянат болатын.

Ж. Аймауытұлы әлем әдебиетінен біраз аудармалар жасаған аудармашы. Москвада жүргенде Толстойдың алдына барып, сол кездегі Андрей Белый болсын, Ресейдің жетекші жазушылармен пікір алысып жүрген әдебиетші. Сондықтан болар Конрад Беркович, Рабиндранат Тагор, Джек Лондон, Гогольді керемет аударған. Чеховты аударып жатырмын деген хаты бар. Аудармасы жоқ, жоғалған. Чеховты XX ғасыр басында ешкім аударған жоқ. А.Байтұрсынұлы – ғалым, Ә.Бөкейхан – саясаттанушы, Мағжан – ақын. Мен ойлаймын, Жүсіпбек қана аударған болуы керек. «Жүсіпбек Аймауытұлын әңгіме, драма, роман, мақала, пьеса, повестері, тіпті психология кітабындағы әр сөзіне қарап, қазақтың мемлекеттілігін, қазақ деген ұлт бар екенін мойындатқан, ұлттық мүддені қорғаудағы шығармашылықтың басында тұрған ұлт қайраткері» ретінде қадірін білуіміз керек.

Совет кезінде қазақ театрын Алашордашылар ашты деген пікір әрине, айтылмады. Бірақ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қазақ драматургиясын профессор Бағыбек Құндақбаев зерттеді. Оны институтта аспирант болып жүрген кезінде Мұхтар Әуезов шақырып алып: «Бағыбек, сен театрды зерттеймін десен, әуелі Семейге бар. 1915 жылы Ж.Аймауытов бастаған қазақ жігіттері «Біржан – Сара» айтысын алғаш сахналаған. Бұл қойылым – қазақ театрының басында тұрған оқиға. Мен саған сол мәтіндерді табуға көмектесейін», – деп, аспирантқа тапсырма береді. Б.Құндақбайұлының театр жайлы жазылған еңбектеріне сүйенсек, 1915 жылы 13 ақпанда Семейдегі саудагерлер клубында қазақтың сауатты жігіттері бірігіп, әдеби кеш өткізеді. Кешті сағат сегізде Райымжан Мәрсеков қазақ әдебиеті турасында баяндамамен ашады. Баяндамадан кейін «Біржан – Сара» спектаклі қойылды. Осы спектакльде Біржан рөлін Жүсіпбек өзінің керемет дарындылығының арқасында ерекше сипатта ойнап шығады. Бұдан көретініміз – Ж. Аймауытұлының тек қана әдебиеттанушы емес, мықты актер, әнші, домбырашы болғандығы.

Жүсіпбектің рөл ойнаудағы шеберлігін, әдемі қоңыр дауысымен Біржан өлеңдерін «мәніне келтіріп орындағаны, өзі бас болып, сахнаны кереметтей құлпыртып безендіргені» туралы Міржақып Дулатұлы көлемді мақала жазады. Мақаланың қысқаша мазмұнына тоқталсақ, «Сараның рөлін Тұрар ханым Қозыбағарова ойнады. Спектакльдің соңынан керемет әндер орындалды. Әншілер қатарында Ж. Аймауытов та болды. Кештің үшінші бөлімінде «Жанақ пен баланың» айтысынан

үзінді көрініс көрсетті. Сол жердегі көріп отырған жұртқа Жанақ пен баланың өздері айтысып отырғандай әсерін қалдырды. Төртінші бөлімде жас қыз-келіншектер шығып Орал, Семей, Торғай, Жетісу өңірлерінің өзіндік ерекше киім кию үлгілерін көрсетті. Кеш сондай керемет әсерлі болды. Түнгі сағат 12 жарым болса да, жұрт үйіне қайтпай, қол соғып тұрып алды. Бұл әдеби кешті ұйымдастырушы Нәзипа ханым мен Нұрғали Құлжановтар болатын». Бұл қойылымды мәдени құбылыс деп бағалағанымыз дұрыс. Бұл қазақ театрының тұңғыш спектаклі болып саналады.

Б.Құндақбайұлының Ж. Аймауытұлының пьесалары мен аудармаларын талдағандарын естігенде біз, әдебиеттанушылар таңғалатынбыз. Себебі ол кісі архивте отырып, жазушының отбасылық деректерін, ағайындарымен ара қатынасын, шығармаларын ыждаһаттықпен қараған екен.

Ж. Аймауытұлының Смағұл Сәдуақасұлының хатына берген жауабы мен «Ақбілек» романының қолжазбасы Мұхтар Әуезов мұражайында сақтаулы. Бұл қолжазбаларды С. Сәдуақасұлының жұбайы Елизавета Әлиханқызы сақтап, 1950 жылдары Мұхтар Әуезовке табыс еткен деген дерек бар. С. Сәдуақасұлының хатына берген жауабында ата-бабасының шежіресі, өмірбаяны, жазған еңбектері туралы мәліметтер берген. Сіз Аймауытұлының қолжазбасын көрсеңіз таңғаласыз, маржандай тізілген, сондай сұлу жазылған. Қазақ баласының каллиграфияны қалай керемет меңгергеніне куә боласыз. Әкелері ағасы Ахат екеуін қолөнер бұйымдарын жасап үйретумен қатар, әдемі жазуға (шимайшылыққа) баулитын оқуға берген. Бұл – Қазан төңкерісіне дейін қазақтың екі-ақ пайызы сауатты болған дегендердің аузына құм құятын дерек. Жүсіпбек былай деген екен: «Адамның жазуының әдемі болуы, оның ойлау қабілетіне тікелей байланысты».

Ж.Аймауытұлының жазған қай хатын алып қарасаңыз да, ең бірінші, биік өре мен кісілік көрінеді. Екіншіден, қай мәселе болсын қазақтың әдебиеті, мәдениеті сөз болады.

Қазақ ауыз әдебиеті мұраларын жинауға тікелей атсалысқан, сауатты ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпеевпен хат алысып тұрған. Екеуі парасаттың биік үлгісінде жазылған хаттар арқылы сырласқан. Жүсіпбек Мәшһүр Жүсіпке: «Сіз қазақтың гаухарысыз, бар білгеніңізді жазып қалдырсаңыз екен» деген тілек-тапсырма хаттар жолдаған. Мәшһүр Жүсіп Көпейдің бүгінгі шыққан 22 томдық әдеби мұрасы әдебиетші Ж.Аймауытұлы берген тапсырманың толық орындалғанын дәлелдеп тұр. Әр томның жүйесі, аталған хаттағы әдеби мақсатқа сай жүйеленген. Профессор Сәрсенбі Дәуітұлы төте жазумен жазылған

Мәшһүр Жүсіп еңбектерін, қазіргі біз пайдаланып отырған әріп үлгісіне түсіріп, барлық еңбектерінің жариялануына атсалысқаны белгілі.

Жазушы Абай өлеңдері туралы былай дейді: «Абай өлеңдерімен бала күнімнен таныспын. Кітабы басылмай тұрғанда, ел қыдырған өлеңшілердің аузынан бірталай өлеңдерін көшіріп алып, жаттаған едім. Ең алғаш басылып шыққан жылғы кітабын қолыма түсіріп, түгел көшіріп алдым». Ж.Аймауытұлының Абайтанудағы тұңғыш өмірбаяндық шығармашылық зерттеуі «Абайдың өнері һәм қызметі» деген атпен 1918 жылы «Абай» журналында (№ 2) жарияланды. Мақала соңында «Екеу» деп қол қойылған (Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов). Абай туралы мақала былай басталған: «Қазақ халқын надандықтың айсыз қараңғы түні ғылым сәулесінен бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде, тұншыққан елге дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық – аждаһаны өртеуге Құдай жіберген хақиқаттың ұшқыны Абай туды».

Әдеби талдау келесі сөздермен басталады: «Енді Абай сөзінің бағасына келейік». Абай әдебиетке қалай қараған дегенге келесі сөйлемде жауап берілген: «Абайдың ең бір артық өзгешелігі – заманның ыңғайына жүрмей, өзінің «өздік» бетін мықтап ұстап, ақылға, ақтыққа, көңілдің шабытына билетіп, көз тұжыратарлық кемшілік, міннің ортасында тұрып, ортасында жүріп, үлгілі жерден өрнек алып келген кісідей ашық көзбен қарап, барлық мінді мүлтіксіз суреттеуі – жырақта жүріп қылт еткенді көретін қырағы қырандай сыншылдығы».

Абай мұрасының, ақындық өнерінің мазмұндылығын көрсету мақсатында Ж.Аймауытұлы: «Абайдың ақындық өнері тар жолды бірбеткей емес. Әр тараулы сегіз қырлы», – деп жазады. Мақала авторлары Абай шығармаларын осы сегіз қырынан таратып, талдап берген. Қарасөздерін бөлек қарастырған: «Сол сөздердің бәрі терең ойға салып толғап жазылған. Ахлақ, адамшылық, дін, халықтың мінезі, неше түрлі хақиқаттар туралы жазылған сөздері – Абайда пәлсапа қуаты барлығына үлкен дәлел». Осыған байланысты әдебиетшілер Абай шығарған 16 мақалын сөз еткен: «Абайдың данышпандық белгісі – өзі шығарған 16 мақалы бар. Мақалының біреуі: «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың». Совет кезінде де, қазір де абайтанушылар әлі арнайы айқындамаған тақырып осы. Бұл күні бүгінге дейін абайтануда әлі арнайы зерттелмей келе жатқан ғылыми мәселе.

Зерттеуде Абайдың аудармашылық қасиеті ерекше сөз етілген: «Кейбір орыс өлеңдерін қазақ тіліне аударғандары өзінің төл өлеңдерінен артық деуге болады. Кейбір өлеңдер мағынасынан

айырылмай аударылған: «Қараңғы түнде тау қалғып», «Тұтқындағы батыр», «Кинжал», «Жолға шықтым бір жым-жырт». «Кей жерлерде сөздің мағынасын ғана алып, қазақтың ұғымына ыңғайлап сырт пішінін өзгерткен. Абайдың ақындығының еркіндігі сол – кейбір аударманы өз өлеңінен асырып, түрлеп жіберген. Мысалы, «Теректің сыйы», «Онегиннің хаты» Пушкиннің геройын өзгертіп, тілін сұлулап аударма қылған».

«Абайдың басты шығармашылық жаңалығы – Абайдан бергі қазақ әдебиетінің беті жаңа түр тапты. Абай бұрынғы ақындардың ұстанып келе жатқан бетін тастап, тыңнан жол салды. Абай ешкімнен үлгі алмай, қазақ әдебиетінің бетін бұрып, мүйіс шығарды». «Қазір бізде өлең жазушылар көбейюіне себеп болып отырған нәрсе – бір «оянудың» барлығы. Бұл оянуға бірінші – Абай, екінші – «Қазақ» газетасы, үшінші – жалпы жұрттың ғылымға бет алуы себеп болды».

Осы орайда «Қазақ» газетінің қазақ әдебиетінің дамуына тигізген әсері туралы былай делінген: «Абайдың қай өлеңі болсын, кейінгі буынды жетектеп, түртіп, қозғайтын әсер берді. Кейінгілерді бұл әсер ойлантты, оятты, бұған жалғас оянған ойдың бетін түзеп, жолға салып, ілгерілеуіне қамшы болған – «Қазақ» газеті. Бұл газет халықтың саяси көзінің ашылуына, «жұрттық» деген ойдың кіруіне қандай себеп болса, әдебиеттің гүлденіп өркендеуіне де сондай себеп болды. Егер келешекте қазақ әдебиеті буынын бекітіп қатарға кіретін болса, «Қазақ» газетасына борышы үлкен. Бұл газеттің әдебиетке істеген аталық қызметі мәңгілікке атағын шығарып, қадірін күшейтеді». Бұл ретте былай ескертілген: «Ұлтшылдық қазақ газетінің рухында бар-ды. Газет тұрмысқа жанасатын керекті көздеп, жұртты өнерлі қылуға, көзін ашуға тырысады».

«Қазақ әдебиетінде романтизм дәуірі аяқтануына Мағжан көмек көрсетті», – деп, Ж.Аймауытұлы осыны дәлелдеп береді. Оның еліктеуін қойып, қазақтың ескі ақындарын дәріптеуінің себебін әдебиетші осымен түсіндіріп берген. «Мағжан кімдерге еліктеген?» деген сауалға Ж.Аймауытұлы нақты жауап берген: «Мағжан – еліктегіш ақын. Еліктеу ақынға мін емес, қандай күшті ақындар да алдыңғы ақындарға еліктемей жаза алмаған. Пушкин, Лермонтов Байронға, Шекспирге еліктеген. Толстой сықылды әлемге аты шыққан жазушы да Пушкинге, Гогольге еліктеп жазған. Леонид Андреев, Чехов, Арцыбашев, Сологуб сықылды ақындар Достоевскийге еліктеген, Максим Горький Пушкиндерді жатқа білген. Абай Пушкин, Лермонтовқа еліктеп жазған. Бір ақын көп еліктесе, сол еліктеуші Мағжан деуге болады. Мағжан еліктегенде орыс, қазақ, татар, араб деп талғамайды. Кімнің сөзі көңіліне жақса, соған еліктеп жазады.

Сондықтан Мағжанның алғашқы кездердегі өлеңдерінде неше түрлі рух бар».

Ж.Аймауытұлы – қазақ әдебиеттануының Абайтану, Мағжантану салаларымен қатар Сұлтанмахмұт туралы да тұңғыш кәсіби әдебиеттанушылық зерттеудің басында тұрған әдебиеттанушы. С.Торайғырұлының туған ортасы, ата-тегі, шығармашылығының деңгейі туралы ғылыми құнды ақпарат Ж.Аймауытұлының «Сұлтанмахмұт Торайғырұлы» еңбегінде сақтаулы. Бұл еңбек ақынның 1933 жылы жарық көрген шығармалар жинағына алғысөз ретінде берілген. Бірақ алғысөз соңында Ж.Аймауытұлының есімі көрсетілмеген, себебі ол 1931 жылы Мәскеуде атылған. Бұл мәтінді қазіргі қазақ әрпіне түсірген – профессор Құлбек Ергөбек.

Ақынның алғашқы өлеңі мен соңғы күндеріне дейінгі өмірін Ж.Аймауытұлы жан-жақты баяндап берген. Сұлтанмахмұт әуелі әкесінен, кейін молдадан алғаш білім алған. 13 жасында тұңғыш сықақ өлең жазғаны белгілі. Ақынның Баян қаласында Әбдрахман молданың қолында тұрғаны, болашақ ақынның ерекше тақуалығы туралы құнды мәліметтер осы зерттеуде ғана бар. Бұл мақалада С. Торайғырұлының өмірбаяны, кедейшіліктен көрген тауқыметі, жеке басының бақытсыздыққа ұшырағанының сырлары айқындалған. «Қайғы-шерін қаламмен ағытып, көңілі біраз сейілген соң, Махмұт тағы тіршілік қамына кіріседі. Тағы оқу іздейді»

1912 жылдан бастап Сұлтанмахмұттың өлеңге бет бұрғаны анықталған. «Ауырмай есімнен жаңылғаным» әңгімесі қалай жазылғаны туралы тарихи дерек келтірілген. Ақынның «Айқап», «Заман» журналында істеген кездегі шығармашылық көзқарастары сараланған. «Білімге жан-тәнімен сусаған» Махмұттың жолын жоқшылық байлап, өнер, білімнен алыс, Қараңғы Алтай тауының түкпірінде қалғанына назаланып шығарған өлең жолдары талданады.

Ақын 1918 жылы Семейге келеді: «Бұл жолы келгенде Махмұттың кім екенін ел таниды. Махмұт күркілдеп, булығып отырып, нашардың дауын даулап, ақылын айтып, жөн сілтеуден қажымайды. Сот-сайлау секілді елдің іргелі жұмыстары да Махмұтсыз шешілмейтін болады. Махмұттың турашылдығынан, әділдігінен арамзалар қаймығады. Ақынның том-том кітаптарды оқудан қолы босамайды. Махмұт бұрынғы қызу бетінен қайтып, қазақтың жақсы-жаман мінездеріне білім көзімен қарап, сынап, қазақ өмірін зерттеп үйренеді, қазақтың ел болу, болмау нышандарын, себептерін тексерді. Бітіре алмай кеткен «Қала ақыны мен дала ақынының айтысы» осы пікірін білдіру мақсатымен басталған еді». Сұлтанмахмұтты Лермонтовпен салыстыруды да тұңғыш рет ұсынған Ж.Аймауытұлы екен.

Ж. Аймауытұлы Сұлтанмахмұтқа: «Ақын – елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бүлк-бүлк еткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой, айта алмай жүрген зары ғой» деген теориялық анықтама береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Еңсесі биік, қолтаңбасы бөлек кейбір шығармалар ұлттық көркем әдебиет әлпетін өзгеше таныттырады. Қиюы күрделі ондаған оқиғалар желісінің жүгін көтерген роман жанрында қазақ тарихының ұзақ, дәуірі, үлкен белесі терең ауқымда алынып, оның қоғамдық, әлеуметтік мән-жайы шыншыл, ашық жазылса, екіншіден, роман жанрының әрі қарай беки түскенін, дамып жетілгенін аңғарамыз. Роман жанрының қалыптасуы, оның қазақ әдебиетіндегі орны туралы мол зерттеулер жинақталды. Қазақ роман тегінің профессионалды ірге тасын қалаған хас шебер суреткер Жүсіпбек Аймауытұлы шығармашылығының әлемі арқылы қазақ роман жанрының сипатын ашуға мүмкіндік туғызды.

Жүсіпбек Аймауытұлы тұтас шығарма бойында негізінен қаһармандар характерін сомдауда, тіршілік-тұрмыс құбылыстарын суреттеуде психологизм принциптері мен заңдылықтарын еркін меңгеріп отырған. Автордың баяндаудағы «көп дауыстылық» үлкен қызмет жасаған. Суреткердің баяндау тәсілінің машық-мәнері, сана ағымы қасиеттерін орнымен пайдалануы арқылы мәнді де мағыналы.

Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларында кейіпкерлердің ішкі дүниесіне тереңдей еніп, қаһарман психологиясын тебірене ашатын тың құбылыстар әкелді.

Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылығындағы тағдыры сан алуан кейіпкерлері арқылы қазақ әдебиетіне жаңа образдармен толықтырылды. Оның кейіпкерлері әлеуметтік ортаның үстемдігі мен табиғи жаратылысының құдіретті ортасында — қоғамға да, өзінің кісілік деңгейіне бағынатын, көп жағдайда бір-біріне карама-қарсы қасиеттерді бойына сыйдыра алатын күрделі, шыншыл бейнелер болды.

Жазушының кейіпкер психологиясы мен табиғат құбылысын қатар қоя отырып, бейнелеу тәсіліне ерекше түр енгізді.

Еңбектің көркем туындыларын оқыған сайын оның бұл жанрда кең тынысты, серпіні мол қаламгер болғанын аңғартады. Оның композициялық, даму заңдылығы, тақырыбына дәлдігі, реалистік ерекшеліктері ірі көркем шығармаларға қойылатын талаптардың қайсысына болсын орынды жауап бере алады.

Ұлы ақын Абай «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» деген асыл ойы мәңгі есімізде. Ақын Абай бұл жерде ойы мен жігі жымдасқан өлең деген дүниені ғана айтып отырған жоқ, адамның жан дүниесін лирикалық сөзбен білдіретін қағида, тіл құдіретінің табиғатын ашып отыр. Сөз өнері бүкіл өнерден жоғары тұр деп есептелінсе, сол қағиданы дәлелдер жай бар. Адамды тереңдік пен шалқар кеңістікке,

сезім мен сұлулыққа сүңгітетін, іші алтын, сырты күміс поэзия болса, тиіп кетсе ақтара салар, алыстан мұнартып жеткізе қоймайтын талғамы мен талабы бір проза жанрының ішіндегі роман жанры өзінше ерекше.

Қазақ романы тек қана заман мәселесін көтеріп қоймай, әдебиетімізді әлеуметтік терең оймен, шұрайлы да құнарлы тілмен байытты. Халық тілін оның әдеби тілінің қалыптасуына елеулі роль атқарды.

Қазақ романының профессионалдық деңгейін сараласақ, адамның жан дүниесін өте терең түсініп, оны әдеби майданда көркем де күрделі бейне ретінде танытқан Ж.Аймауытұлының есімі ерекше. Ол кейіпкерлерінің бойында сырлы сезім, дүлей толқын, ашу-кек, әуезді ән, арпалыс шырмаулары жан айғайындай көрініп тұрады.

Түйіндей айтсақ, ол - жазушы шеберлігіндегі адам тану, оның жан дүниесін сезіну қасиеті немесе психология орбитасының кеңдігі.

Жүсіпбек Аймауытұлы кейіпкерлерінің тағдырын үнемі тұңғыыққа тіреп, оқиғаны шиеленістіре отырып, оның психологиясын жан-жақты ашуға өте шебер. Қаһарман психологиясын тебірене ашатын тың тәсілдерді пайдаланды. Мәселен, кейіпкер психологиясымен табиғат құбылысымен атастыра қатар қоя суреттеу, кейіпкердің диалог-монологы, оның жазған күнделігі арқылы ішкі жан дүниесі мен психологиясынан хабар береді.

Жүсіпбек Аймауытұлы — психолог жазушы. Ол адам сезіміне жете мән беріп, ішкі дүниесіне тікелей еніп, жан дүниесін тереңдей ашып, тебірене толғанып отырады.

Ж.Аймауытұлы шығармаларының тілі кестелі де жатық. Табиғат көрінісі, ауыл, адам бейнелері, мінез, іс-әрекет, портрет, күнделікті тұрмыс детальдары көбіне жанр табиғатына сай ықшамдылықпен сараланады.

Әдеби туындының адамға әсер етер күші оның сыртқы құрылысында, оқиғаның кездейсоқ тіркесуінде емес, жазушы идеалының ой түйуінде, өмір суреттерінің айқындығында, берген бейнелерінің даралығында. Өз халқының өмірін, тұрмысын, тоқшылығы мен жоқшылығын жақсы сезінген Ж.Аймауытұлы сахара тіршілігінің сол кездегі жол-жорасына қарсы тұруын прозалық туындыларындағы беделі биік, өрімі мықты қаһармандарымен бере білді.

Ж.Аймауытұлының «Қартқожа», «Ақбілек» романдарында да, «Күнікейдің, жазығы» повесінде де қазақ өмірінің мол этнографиялық, полотносы өрнектелді. Мәдени шаруашылық ерекшеліктері үнемі ашық көрініп отырды.

Классикалық этнографиялық көрініске айналып, Дала галлерейасының тынысын танытты. Оның детальды ерекшеліктерін зерттеуімізде барынша дәлелдеуге тырыстық.

Ж. Аймауытұлы шығармашылығында өзіндік өнер іздері, өз қолтаңбасы бар. Оның прозалық, шығармаларындағы басты ұтыс — баяндау тәсілінде.

Әуелеп ұшқан қырандай, сылдырап аққан бұлақтай адам сезімін аудармай жеткізу дүниенің азабы екені рас. Ал сол сезімді суреттеп берген өнер иесінің шеберлік құдіреті одан да жоғары. Бір сөзбен айтқанда, Жүсіпбек Аймауытұлы өзі алған объектісін жете білетін, тереңнен толғап, тебірене жазатын құдіретті жазушы.

Жазушының ең басты үлесі – өткен ғасырдың бас кезіндегі қазақ прозасының қалыптасуына, жаңа арналар табуына айтулы үлес қосты, тың жаңалықтар әкелді. Ол барлық көркем шығармасында ұлт пен елдің мәселесін арқау етті. Суреткер Ж. Аймауытұлы әдеби қаһармандары арқылы қазақ халқының толғағы жеткен зәруліктерін шешудің амал-тәсілін іздеді.

Түйіндей келсек, қаһарманның жан дүниесінің әлемін суреттеу шеберлігі, тіл өрнегі, характердің ашылу тәсілі, сюжет пен композиция құрылымының ерекшелігін саралай келе, Ж.Аймауытұлының қазақ прозасының профессионалды деңгейін көтеруге ат салысқан көркемдік сипатын тереңдеткен жазушы екендігі айқындалды.

Қорыта айтқанда, Ж.Аймауытұлы романдары арқылы роман жанрына тән кең мүмкіндіктерін, сыйымдылық, түрлі жанрлар сипатын бойына дарыта білушілік секілді жаңа да жақсы дәстүр әдебиетімізге осы «Ақбілек», Қартқожа» романдары мен «Күнікейдің жазығы» повесі арқылы келді.

Қазақтың алғаш романының, биік профессионалды мәдениетті деңгейде жасалуы суреткердің еуропалық, әдебиет тәжірибесімен кең таныстығын аңғартады. Ендеше, Ж. Аймауытұлының жазушылық шеберлігіне тән мынадай ой-тұжырымға келеміз:

1. Экспрессивті — эмоционалдық бояуларды қолданудағы өзіне тән табиғаты ерекшеленеді.

2. Сөздің әуендік-ырғақтық кестесіне, ұйқас табиғатына, әуезділігіне басты назар аударады.

3. Көркемдеу, мәнерлеу құралдарының жүйесі, яғни бейнелер жиынтығының танымдық және эстетикалық қызметіне қатты көңіл бөледі.

4. Табиғат тынысының (өзен, көлі, тауы, аң-құсы, мезгіл кезеңдері) т.б. құбылыстар адам дүниесімен қат-қабат суреттелінеді.

5. Сөз бен бейне бірлестігін қатаң ұстап, ұлт тілінің қазынасымен бедерленеді.

Сөйтіп, ойымыздың түйіні ретінде сараласақ, Жүсіпбек Аймауытұлы — қазақ әдебиетінің таң жұлдызы. Жүсіпбек Аймауытұлы - қазақ әдебиеті мен мәдениетінің алдаспаны!

Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылық мұрасын зерттеу көлемі өте кең, әрі тым күрделі болып келуіне себепті, оның бір зерттеу көлеміне сыймауы табиғи нәрсе. Сондықтан қазақ халқының рухани санасын жаңғыртып, жаңа бағыттағы қазақ әдебиетінің бұрын-соңды болмаған көркемдік биікке көтерілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

I КІТАПТАР, ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН МОНОГРАФИЯЛАР

1. Абай Құнанбаев. Өлеңдер мен поэмалары, А., Ғылым. 1977, 456 б.
2. Абай тағлымы. Құрастырған Н. Ғабдуллин. А., Жазушы. 1986, 432 б.
3. Абай және қазіргі заман. (Өмірі мен әдеби мұрасының жаңа қырлары). А., Ғылым. 1994, 336 б.
4. Абрамович Г. Л. Введение в литературоведение. М., Просвещение. 1979, 352 с.
5. Абрамович С. Д. Концепция личности у Чехова, повествователь в контексте идейно — эстетических исканий русского реализма. Киев. УМКД, 1990, 151 с.
6. Аймауытов Ж. Шығармалары. А., Жазушы. 1989, 559 б.
7. Андрамонова Н. Синтаксическая структура внутренних монологов произведений Л. Н. Толстого. Казань. 1965. 64 с.
8. Аристотель. Об искусстве поэзии. М., Гослитиздат. 1957, 183 с.
9. Атымов М. Идея және композиция. А., Ғылым. 1970, 232 б.
10. Атымов М. Қазіргі прозадағы типтік характерлер жайында. Жанр сипаты. А., Ғылым. 1971, 270 б.
11. Ахметов З. Современное развитие и традиции казахской литературы. А., Наука. 1978, 327 с.
12. Әбдіғазиев Б. Асыл арна. (Абай дәстүрі мен Шәкәрім). А., Казак, университеті. 1992, 126 б.
13. Әдібаев Х. Уақыт және суреткер. А., Жазушы. 1967, 315 б.
14. Әдібаев Х. Талант, талғам, тағдыр. Монография. А., Жазушы. 1971, 256 б.
15. Әуезов М. Қазақтағы қалам қайраткерлеріне ашық хат. (Шолпан. 1922, №2. 3 б).
16. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. А., Қазмемкөредбас. 1961, 543 б.
17. Әуезов М. Әдебиет тарихы. А., Ана тілі. 1991, 240 б.
18. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. А., Жазушы. 1985.
19. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. А., Қазмемкөредбас. 1962. 428 б.
20. Базарбаев М. Әдебиет және дәуір. Зерттеулер. А., Жазушы. 1966, 272 б.
21. Базарбаев М. Көрікті ойдан — көркем сөз. А., Рауан. 1994, 267 б.

22. Базарбаев М. Эстетическое богатство нашей литературы. Исследования и статьи. А., 1976. 178 с.
23. Байтұрсынов А. Ақ жол. А., Жалын, 1991, 464 б.
24. Бахтин М.М. Проблемы поэтики Достоевского. М., Сов. писатель. 1963, 315 с.
25. Бахтин М. М. Эстетика словесного творчества. М., Искусство. 1986. 445 с.
26. Бахтин М. М. Литературно — критические статьи. М., Художественная литература, 1986. 541 с.
27. Белинский В. Г. О русских классиках. М., Худ. лит. 1986. 509 с.
28. Белинский В. Г. Эстетика и литературная критика. В 2-х т. М., Гослитиздат. 1959. т-1. 702 с.
29. Бердібаев Р. Әдебиет және өмір. (Әдеби сын мақалалар). А., Қазмемкөрәдеббас. 1964. 186 б.
30. Бердібаев Р. Роман және заман. А., 1967. 74 б.
31. Бердібаев Р. Дәстүр тағлымы. (Зерттеу, мақалалар). А., Жазушы. 1973. 232б.
32. Бердібаев Р. Биік парыз. А., Жазушы, 1980. 237 б.
33. Бейсенғалиев З. XX ғасырдың, басындағы қазақ прозасы. А, Мектеп, 1989. 136 б.
34. Боров Ю. Б. Борьба вокруг концепции личности в искусстве XX века. М., 1976. 38 с.
35. Бочаров С. Г. Л. Толстой и новое понимание человека. Диалектика души, в кн.: Литература и новый человек. М, Издательство АН СССР, 1963. 431 с.
36. Бөкейханов Ә. Шығармалар. А., Қазақстан, 1994. 284 б.
37. Веселовский Х. Психологический параллелизм и его формы в отражениях поэтического стиля. В кн.: Историческая поэтика. М., Высшая школа, 1989. 406 с.
38. Виноградов В. И. О языке художественной литературы. М, Гослитиздат. 1959. 654 с.
39. Виноградов В. И. О теории художественной речи. М., Высшая школа, 1971, 240 с.
40. Выготский Л. Психология искусства. М., Педагогика, 1987. 318 с.
41. Гайнуллин М. Татарская литература и публицистика начала XX века. Казань, Татарское книжное издательство, 1966. 436 с.
42. Галаков Б. Живопись словом. Портрет. Пейзаж. Вещь. М., Сов. писатель, 1974. 343 с.
43. Гинзбург Л. О литературном герое. Ленинград, Сов. писатель, 1979. 222 с.

44. Гинзбург Л. О психологической прозе. Ленинград, Худлит, 1977. 443 с.
45. Горький М. О литературе. М., Сов. Россия, 1980. 479 с.
46. Горький М. Әдебиет туралы мақалалар мен естеліктер. А., Жазушы, 1981. 192 б.
47. Громов П. О стиле Льва Толстого. Становление «диалектики души» Ленинград. Худ. литература, 1976. 488 с.
48. Габдуллин Н. Замандас келбеті. А., Жазушы, 1972. 224 б.
49. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. А., Ғылым, 1991. 207 б.
50. Дербісалин Ә. Қазақтың октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. А., Ғылым, 1966. 312 б.
51. Днепров В. Искусство человековедения. Из художественного опыта Л. Толстого. Ленинград. Сов. пис. 1985. 288 с.
52. Досжанов Д. Абақты. А., Қазақстан, 1992. 288 б.
53. Дулатұлы М. Оян, қазақ! А., Алтын орда, 1991. 81 б.
54. Дулатұлы М. Шығармалары. А., Жазушы, 1991. 380 б.
55. Дүйсенбаев Ы. М. Әуезов (Мақалалар-естеліктер). А., Ғылым. 1974. 219 б.
56. Елеуқенов Ш. Р. От фольклора до романа-эпопеи. А., Жазушы, 1987. 220 с.
57. Елеуқенов Ш. Р. Жаңа жолдан. Әдеби портреттер, зерттеулер. А., Жазушы, 1989. 320 б.
58. Елеуқенов Ш. Р. Мағжан. А., ҰзССР. Білім қоғамы, 1990. 56 б.
59. Еремина Л. И. Рождение образа. М., Наука, 1983. 191 стр.
60. Есин А. Психологизм русской классической литературы. М., Просвещение, 1988. 176 б.
61. Еспембетов А. С. Торайғыров. А., Ғылым, 1992. 205 б.
62. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі А., Жазушы, 1966. 288 б.
63. Жұмабаев М. Шығармалары. А., Жазушы, 1989. 448 б.
64. Карамзин М. Н. Сочинения в двух томах. Л., Худ. лит. 1984. 672 б.
65. Карлова Г. С. Мастерство психологического анализа в ранних произведениях Л. Н. Толстого. Казань Издательство Казанского университета, 1964. 100 стр.
66. Кәкішев Т. Сын сапары А., Жазушы, 1971. 171 б.
67. Кәкішев Т. Оңаша отау А., Жазушы, 1982. 224 б.
68. Кәкішев Т. Қағидаға айналған қателер. Кт.: Нәубет. А., Жалын, 1990. 245б

69. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы А., Санат, 1994. 448 б.
70. Кенжебав Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер. А., Қазмембас. 1956. 44 б.
71. Кенжебав Б. Қирабаев С. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. А., Қаз ССР Оқу министрлігі, 1957. 112 б.
72. Кенжебав Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. А., Қазмембас. 1958. 308 б.
73. Кисилев Л.Ф. Об особенностях психологизма в прозе. В кн. Сов. лит. Духовной жизни общества развития социализма. М., 1977. 210 с.
74. Кожин В.Н. Происхождение романа. М., Сов. писатель 1963. 439 с.
75. Көбеев С. Орындалған арман. А., Жазушы, 1988. 270 б.
76. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. А., Ғылым, 1994. 315 б.
77. Қабдолов З. Жанр сыры. Ғылыми сын-пікірлер. А., Қазмемкөредбас. 1964. 172 б.
78. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. А., Мектеп, 1970. 380 б.
79. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалары. 2 томдық. А., Жазушы, 1983. 2-т. 455 б.
80. Қаратаев М. Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы. А., Ғылым, 1965. 410 б.
81. Қирабаев С. С. Әдеби-сын мақалалар. А., Қазмемкөредбас. 1960. 292 б.
82. Қирабаев С. С. С. Сейфуллиннің творчестволық жолы. А., Қазмемкөредбас. 1962. 442 б.
83. Қирабаев С. С. Шындық және шеберлік. А., Жазушы, 1983. 280 б.
84. Қирабаев С. С. Ж. Аймауытұлы. А., ҚазССР «Білім» қоғамы, 1990. 35 б.
85. Қирабаев С. С. Ж. Аймауытұлы. А., Ана тілі, 1993. 220 б.
86. Қирабаев С. С. Әдебиеттің ақтандық беттері. А., Жазушы, 1987. 232 б.
87. Қожекеев Т. Жыл құстары. А., Қазақ университеті, 1991. 237 б.
88. Қозыбаев М. Ақтандықтар ақиқаты. Оқу құралы. А., Қазақ университеті, 1992. 27 б.
89. Қызыл қырған. 37-де опат болғандар. А., Қазақстан, 1994. 80 б.
90. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. А., Жазушы, 1987. 232 б.

91. Маров А. Ф. Некоторые приципы психологического анализа в литературе XX века и вопросы метода и личности художника. В сб. Художественный метод и творческая индивидуальность писателя. М., Наука, 1964. 127-135, 241 с.
92. Маров А. Ф. Проблемы теории социалистического реализма. М., Худ. лит. 1978. 413 с.
93. Мейлах Г. Талант писателя и процессы творчества. Ленинград. Сов. писатель, 1969. 446 с.
94. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиет. I-бөлім. (ұлтшылдар, байшылдар дәуірі). Қазақстан, 1932. 458 б.
95. Мұстафин Ғ. Ой әуендері. А., жазушы, 1987. 296 б.
96. Мұқаметханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. А., Дәуір, 1993. 222 б.
97. Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. А., Жазушы, 1970. 544 б.
98. Мырзахметов М. М. Әуезов және Абайтану проблемалары. А., Ғылым, 1982. 385 б.
99. Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі. А., Жазуы, 1989. 184 б.
100. Нырымбетов Ә. Қазақ совет әдебиеті. Әдебиеттану мен сынның библиографиялық көрсеткіш. 1917-1940. I том. А., Ғылым, 1970. 357 б.
101. Наурызбаев Б. Шағын жанр – шеберлікке басқыш. Кт. Жанр сипаты. А., Ғылым, 1971. 270 б.
102. Наурызбаев Б. Қазақ прозасындағы Майлин дәстүрі. А., Ғылым, 1979. 180 б.
103. Николаев П. А. Руднева Е. Т. Введение в литературоведение. Хрестоматия. М., Высшая школа, 1988. 47 стр.
104. Нұрғалиев Р. Трагедия табиғаты. А., Өнер, 1985. 400 б.
105. Нұрғалиев Р. Ақтау. 1-2 том. А., Жазушы, 1992. 580 б.
106. Нұрғалиев Р. Күретамыр. А., Жазушы. 1973. 234 б.
107. Нұрғалиев Р. Айдын. А., Өнер, 1985. 400 б.
108. Нұрғалиев Р. Телағыс. А., Жазушы, 1986. 440 б.
109. Нұрқатов А., Абайдың ақындық дәстүрі. Монография. А., Жазушы, 1966. 346 б.
110. Оразаев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер. Өмірбаяндық библиографиялық анықтамалық. А., Рауан, 1991. 256 б.
111. Осмоловский С. Н. Достоевский и русский психологический роман. Кишинев. Штиница, 1981. 167 стр.
112. Пospelов Г. Н. Теория литературы. (Учебник для филол. спец. унив.-ов.). 1970. 330 б.

113. Проблема психологизма в современной литературе. Ленинград. Наук, 1970
114. Проблема психологизма в художественной литературе. Томск. Изд-во. унив-а. 1981.
115. Пірәліева Г. Ішкі монолог. А., Ер-Дәулет, Қазақстан, 1994 138 б.
116. Революция дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар. 1807-1917. Аннотацияланған библиографиялық көрсеткіш. А., ҚазССР ҒА орталық ғылыми кітапханасы. 1978. 171 б.
117. Рүстембекова Р. Қазіргі қазақ әңгімелері. А., Жазушы, 1988. 176 б.
118. Сәтпаева Ш. Қ. Әдебиет мерейі. А., Қазақстан, 1981. 83 б.
119. Сәтпаев Ш. Қ. Шәкәрім Құдайбердиев. А., Білім 1990. 52 б.
120. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Тарихи мемуарлық роман. А., Жазушы, 1977. 401 б.
121. Соловьев. Изобразительные средства в творчестве Ф. М. Достоевского. М., 1979. 110 с.
122. Соколов А. Н. Внутренняя речь и мышление. М., Просвещение, 1961. 248 с.
123. Страхов И. В. Методы психологического анализа и характера в художественном произведении. Саратов. ГосПед. институт. 1977. 84 с.
124. Субханбердина У. «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. I-бөлім. А., 1961. 240 б.
125. Субханбердина У. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөздегі материалдар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. II-бөлім. А., 1963. 290 б.
126. Субханбердина У. «Дала уалаяты» газеті. А., Ғылым, 1989. 670 б.
127. Субханбердина У. Қазақ-Алаш-Сарыарқа. А., Ғылым, 1993. 200 б.
128. Сыдықов Қ. Ақын-жыраулар. А., Ғылым, 1974. 240 б.
129. Таханов С. Қаһарманның жан дүние сыры. А., 1992. 96 б.
130. Тимофеев Л. И. Проблемы теории литературы. М., Учпедгиз. тип. Кр. пролетарний. – М. 1955, 302 стр.
131. Тимофеев М. И. Теория литературы. Основные принципы о литературе. М., учпедгиз. тип. М., 1978. 384 б.
132. Тоғжанов Ғ. Жүсіпбектің сыны. Мағжанның ақындығы туралы. М., Совет одағы елдерінің кіндік баспасы, 1926. 71 б.
133. Толстой Л. Н. Әдебиет туралы. М., 1955. 327 стр.

134. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. А., Ғылым, 1993.
135. Тұрысбеков Р. Жүсіпбек Аймауытұлы. Алматы. Рауан, 1997.
136. Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана в 30-50-е годы. XIX в. М., Изд. Академ.наук СССР. 1956. 383 стр.
137. Хасенов М. Ұнамды образ және типтендіру. А., Ғылым, 1966. 279 б.
138. Чернышевский Н. Г. Шығ. Толық жинағы. М., 1950. 7-т. 857 стр.
139. Чичерин Л. В. Возникновение романа-эпопеи. М., 1958. 85 стр.
140. Шалабаев Б. Казахская литература в советский период. А., Мектеп, 1965. 235 б.
141. Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы. А., Жазушы, 1990.
142. Шаталов С. Е. Прозрение как средство психологического анализа. В кн. Чехов и Толстой. М., Наука, 1980. 56-69 стр.
143. Шепилова Л. К. Введение в литературоведение. (Учеб. Филол. фак). М., Высшая школа. 1968. 376 стр.
144. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. А., Ғылым, 1993. 194 б.
145. Ысмаилов Е. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Оқу құралы. А., Қазмемкөредббас. 1941. 49 б.
146. Ысмаилов Е. Сын мен шығарма. Мақалалар жинағы. А., Қазмемкөредббас. 1960. 378 б.
147. Ысқақов Д. Сын шын болсын. А., Қазақ университеті, 1993. 126 б.
148. Ысқақов Д. Сынсонар. А., Рауан, 1994. 240 б.
149. Ісімақова А., «Алаш әдебиеттануы». – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017, — 480 бет.

II. БАСПАСӨЗ БЕТІНДЕГІ МАҚАЛАЛАР

1. Ақышев З. Жүсіпбек және оның «Қартқожасы». Жұлдыз, 1990. №8.
2. Ақышев З. Сөз бедері / Көкшетау правдасы, 1989. 20 мамыр.
3. Атымов М. Ж. Аймауытов творчествосының жиналуы мен зерттелуі жайлы. / Қызыл ту, 1989. қараша.
4. Атымов М. Қайта табысқан тағдырлар. / Жетісу, 1989. 1-қаңтар.
5. Атымов М. Елі үшін күйген. / Жалын, 1989, №2, 3-5-б.

6. Айнабеков М. Жүректен орын алғандар. / Орталық Қазақстан, 1988, 30-желтоқсан.
7. Әйелді мектепке алыңдар. / Ақ жол. 1924. 26-қаңтар.
8. Әсіпов С. Ащы шындық. 1990, 5-қазан.
9. Әбдіков Т. «Ақбілек» / Парасат, 1992, №7, 12-б.
10. Әбілев Д. «Көкорай», көкмайсасы көркемсөздің». / Лениншіл жас, 1989, 14- қазан.
11. Әлімбаев М. Бектұр Аймауытов, қайдасың сен? / Лениншіл жас, 1990, 12-сәуір.
12. Бектұров Ж. Ж.Аймауытов және «Қартқожа». / Коммунизм жолы, 1989, 13-мамыр.
13. Байғалиев Б. Қайта оралған қаламгер. / Өркен, 1989, 21-қаңтар.
14. Байғалиев Б. Жазушы, ғалым, қоғам қайраткері. / Қызыл ту, 1989, 14-қазан.
15. Байғалиев Б. Ж.Аймауытов. / Жұлдыз, 1989, №6, 176-180-б.
16. Бельгер Г. Аймауытов айшықтары. / Қазақ әдебиеті, 1990, 30-наурыз.
17. Бейсенбаев М. Ж.Аймауытов туралы архив деректері. / Семей таңы, 1990, 13-қазан.
18. Бес арыс А., Жалын, 1992, 254-294-б.
19. Дәуренбеков М. «Асыл мұра» / Қызыл ту, 1990, 6-қаңтар.
20. Дәуітов С. Ж.Аймауытов жазушы. / Алматы ақшамы, 1988, 30-желтоқсан.
21. Досжанов Д. Абақтыдан жеткен хаттар. / Қазақ әдебиеті, 1992, 7-ақпан.
22. Екеу. (М.Әуезов пен Ж.Аймауытұлы). Көркем әдебиет туралы. / Еңбекші қазақ, 1927, 8-9-маусым.
23. Еспенбетов А. Қос бәйтерек. / Семей таңы, 1989, 14-қазан.
24. Қартқожа туралы деректер. Омбы мемлекеттік мұрағаты. 777-15-0255 папка. 2020 жыл.

ҚОСЫМШАЛАР

Ресей Федерациясы. Омбы қаласы. Омбы мемлекеттік мұрағатынан табылған Қартқожа Жананұлы Тоғанбаев туралы табылған фотосуреттер мен деректер







ҚАРТҚОЖА ЗАЙЫБЫ ШӘЙЛА, ҚАРЫН-
ДАСЫ АҚЛИМА, БАЛАЛАРЫ МАЙҚЫ, ШОЛ-
ПАНМЕН БІРГЕ 1932 ж.



ШӘЙЛА АПАЙДЫҢ ӘКЕСІ ТУБАТАЙ БОЛЫС
(ЖЕЗҚАЗҒАН ОБЛ. ШЕТ АУД. БОЛЫС БОЛҒАН)
ІНІЛЕРІ НҰРАХМЕТ (ПЛЕХАНОВ УНИВ. БІТІРГЕН)
ШАЯХМЕТ (ТАШМУ-ДА ОҚЫҒАН); ЕКЕУІ
1937 ж. «Халық жауы» деп АТЫЛҒАН



ШӘЙЛА АПАЙ СІҢІЛІЛЕРІМЕН
1938 ж











ШӘЙЛА ТОҒАНБАЕВА-ҚАРТҚО
ЖАНЫҢ ӘЙЕЛІ. 1989.ж.







1984. 14. 11. 13

Казах ССР
Мемлекеттік Орталық
А Р Х И В

Казахская ССР
Центральный Государственный
А Р Х И В

г. Алма-Ата, проспект Абая № 59, телефон 2-60-36

№ Т-200
19 января 1967 0 г.

На В/№ _____ от _____ 1967 0 г.

Гр-ну ТОГАНБАЕВУ Тошешу
Карткожвечи
г. Алма-Ата, ул. Мира, 245.

АРХИВНАЯ СПРАВКА

В документальных материалах Казахского государственного издательства имеются следующие сведения о переводах учебной и другой литературы с русского на казахский язык Тоғанбаевым К.Ж.

- 1) 1933 г. - "Санитарная подготовка красноармейца в поле" и "Сборник задач по физике, 5 кл. (автор Рыбкин)".
- 2) 1934 г. - "Обществоведение, III кл. (авторы Овсянников и Левитян);
"Систематический курс геометрии VI-VIII кл.", изд. I и II; Сборник задач по геометрии, VI-IX кл."
- 3) 1935 г. - Физика, ч. III, 7 кл. (авторы Фалеев и Пермикин)", "Механизация сельского хозяйства, ч. I и II (автор Селезнев)", "Научно-техническая литература по электричеству и физике", "Общественная механизация, сельскохозяйственные машины (автор Кирилль)".
- 4) 1936 г. - "Программа по физкультуре для начальной школы".
- 5) 1937 г. - "Комбайны" (автор Партков), "Слесарное дело (автор Соколов)", "Паровоз" (автор Васильев), "Русско-казахский терминологический словарь" (оригинал).

(См. об.)

ОСНОВАНИЕ: ф. 929, оп. 3, д. 103, л. 60;
 -" -" -" д. 78, л. 73;
 -" -" -" д. 37, л. 57, 76;
 -" -" -" д. 95, л. 24, 30, 15;
 -" -" -" д. 112, л. 17;
 -" -" -" д. 36, л. 6;
 -" -" -" д. 78, л. 85;
 -" -" -" д. 84, л. 22;
 -" -" -" д. 82, л. 124;
 -" -" -" д. 98, л. 6;
 -" -" -" д. 92, л. 65-67, 69.

ДИРЕКТОР ЦЕНТРАЛЬНОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АРХИВА КАЗССР
МЛАДШИЙ НАЧ. ОТДЕЛА



М. Абилова
/М. АБИЛОВА/
О. Жиреншин
/О. ЖИРЕНШИН/

G. J. PALEP FEN A. B. PERLOKIN


PIJZIKA

II—BÖLİM

ORTA MEKTEPTİN 7 — CI KLASINIK

*Bat kitaptın oras qazaqca
RSPSR Oqur qalıs komissarijate,
qazaqcaın Qaz. SSR Oqur qalıs
komissarijate cıñıñan*

QAZAQSTAN MEMLEKET QAZAQ
1987




Напечатано 1 л. 55 л.


Г. И. ФАЛЕЕВ и А. В. ПЕРЫШКИН

ФИЗИКА

УЧЕБНИК ДЛЯ 7-го КЛАССА
СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ

ЧАСТЬ ВТОРАЯ





Мазмұны

КІРІСПЕ	4
БІРІНШІ ТАРАУ	8
Қазақ романының тууы және оның дамуы мен қалыптасу жолындағы Жүсіпбек Аймауытұлының тарихи ролі	
ЕКІНШІ ТАРАУ	15
Жүсіпбек Аймауытұлы романдарындағы психологизм	
ҮШІНШІ ТАРАУ	35
Романдағы характер жаса шеберлігі мен авторлық позиция	
ТӨРТІНШІ ТАРАУ	70
Шындық шарайнасы	
Деректер мен фактілер сөйлейді	
Жазушының өміріне қатысты кейбір деректер	70
Жүсіпбек Аймауытовтың ән мұрасынан	77
Алаш маршы	80
ҚОРЫТЫНДЫ	93
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	97
ҚОСЫМШАЛАР	105

А. Ф. Зейнулина

АЛАШ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛДАСПАНЫ

Монография

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева

Жауапты хатшы Ж. К. Сапенова

Басуға 10.06.2025 ж.

Әріп түрі Times.

Пішім 29,7 x 42 ¼. Офсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 7,2. Таралымы 500 дана

Тапсырыс № 4427

Toraighyrov University

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64